

РАШЕВА ГУЛЬНУР КОЙШЫНОВНА

**Фитосанитариялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету
мәселелері (Ұлттық және халықаралық тәжірибе)**

6D030100 - Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
з.ғ.к., профессор м.а.
Айгаринова Гулнар
Түлеухадировна

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор
Adem Sozuer

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 Фитосанитарлық қауіпсіздіктің түсінігі және құқықтық табиғаты.....	15
1.2 Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қалыптасу кезеңдері: тарихи-құқықтық аспекті.....	27
1.3 Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары.....	42
1.4 Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормаларының құқық жүйесінде алатын орны.....	50
2 ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....	58
2.1 Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі.....	58
2.2 Фитосанитарлық қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары мен негізгі бағыттары.....	65
2.3 Өсімдік қорғау құралдарының құқықтық режимі.....	74
3 ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ.....	82
3.1 Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастығы.....	82
3.2 Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы шет мемлекеттердің тәжірибесі: салыстырмалы талдау.....	92
3.3 Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру және Еуразиялық Экономикалық Одақ аясындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері.....	103
3.4 Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру жолдары.....	109
ҚОРЫТЫНДЫ.....	118
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	126
ҚОСЫМША	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтеме жасалады:

1. МемСТ 7.32-2001. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы мен рәсімдеу ережелері.
2. МемСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамалармен қолданылады:

биоагент – өсімдіктерді зиянды ағзалардан қорғауда пайдаланылатын, зиянды ағзалардың санын табиғи реттейтін ағзалар. Өсімдік зиянкестерімен күресте энтомофагтар, арамшөптермен күресте фитофагтар, өсімдік ауруларымен күресте әртүрлі микроағзалар, бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар қолданылады;

биоцид – өсімдік зиянкестері: жәндіктерді, кеміргіштерді; арамшөптерді; жануар мен өсімдік ауруларының қоздырғыштарымен күресуге арналған химиялық заттар немесе микроағзалар;

зиянды ағзалар – өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне зиян келтіретін өсімдік зиянкестері және аурулары, арамшөптер;

инвазивті ағза – жаңа аумақтарға еніп, көбеюі нәтижесінде бұрыннан келе жатқан ағзаларды ығыстырып шығаратын жануарлар мен өсімдіктер зиянкестері;

карантин – карантинге жатқызылған материалдарды жабық карантиндік жағдайда ұстау;

өсімдік карантині - карантинді зиянды ағзалардың енуі мен таралуын болдырмау мақсатындағы қызмет немесе олармен ресми күресті ұйымдастыру;

пестицид – зиянды ағзаларды (өсімдік зиянкестері: жәндіктерді, кеміргіштерді; арамшөптерді; жануар мен өсімдік ауруларын қоздырғыштарын) жоюға арналған химиялық заттар;

СФС (санитарлық және фитосанитарлық шаралар)- азық-түлік қауіпсіздігі, жануарлар мен өсімдіктер саулығын қамтамасыз ету саласында жұқпалы аурулар, зиянды ағзалар, ауру тудырушы микробтардың енуі мен таралуы тәуекелінен қорғау үшін мемлекеттік органдармен бекітілетін талаптар мен рәсімдер;

эпифитотия – өсімдіктердің жұқпалы ауруларының жаппай таралуы;

e-Phyto хабы - өсімдік өнімін экспорттаушы және импорттаушы мемлекеттер арасында электронды фитосанитарлық сертификаттармен алмасуды жеңілдететін орталықтандырылған жүйе.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ	Америка Құрама штаттары
АӨК	агроөнеркәсіптік кешен
б.	бет
бб.	беттер
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
га	Гектар
ДСҰ	Дүниежүзілік Сауда Ұйымы
ЕАЭО	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕЭК	Еуразиялық Экономикалық Комиссия
ЕО	Еуропалық Одақ
ж.	Жыл
жж.	Жылдар
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚазақССР	Қазақ Совет Социалистік Республикасы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
МСМФ	Фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық стандарттар
СФС	Санитарлық және фитосанитарлық шаралар
т.б.	тағы басқа
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ФАО	Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін зерттеуге арналады. Жұмыста Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық мәселелері және мемлекеттік-құқықтық тетігі зерттеледі, фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ мемлекеттерінің, сонымен бірге, Қазақстан Республикасының ДСҰ және ЕАЭО аясындағы тәжірибесі зерттеледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес... Негізгі міндеттеріміз: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз ету; миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру; еңбек өнімділігін екі жарым есе көбейту; агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын екі есе арттыру» [1] деген болатын. Жолдауда ауыл шаруашылығын дамыту мен халықты отандық азық-түлік өнімдерімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіп қана қоймай, оны экспортқа шығару мөлшерін арттыру мақсатын қойды. Отандық азық-түлік өнімдерін жеткілікті деңгейде өндіру үшін, ең алдымен, ел аумағының фитосанитарлық жағдайы қалыпты деңгейде болуы тиіс. Ауыл шаруашылық министрлігінің мәліметтеріне, 2019 жылы карантиндік объектілердің таралу аймағы 75,2 мың га., шегіртке зиянкестерінің таралу аймағы 567,691 мың га. Құрады [2].

2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мынадай мәселелер: өсімдік қорғау құралдарының техникалық нормативтерін сақтауға бақылаудың жоқтығы, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің фитосанитарлық сауаттылық деңгейінің нашарлығы, ЕЭАО, ДСҰ интеграциясы аясындағы карантиндік объектілердің таралу тәуекелінің артуы, материалдық жарақтандырудың жетіспеушілігі, халықаралық ынтымақтастық аясында халықаралық ұйымдар қызметіне қатысудың төмендігі аталып өткен [3]. Аталған жайттар, фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін білдіреді, сонымен қатар, әлеуметтік және денсаулық сақтау саласында өзекті және үлкен маңыздылыққа ие болып табылады. 2020 жылдың 11 наурызынан коронавирус инфекциясының таралуынан адам денсаулығына, жануар, өсімдік саулығына, барлық биоқауіпсіздік жүйесіне зиян келтіру қауіпі туындады, өсімдік эпифитотиясы таралған жағдайда бұл жайттарды реттеудің құқықтық тетігін қарастыру зерттеу тақырыбының өзектілігін одан ары арттыра түседі. Пандемияның таралу жағдайында көптеген елдердің фитосанитарлық заңнамаларына бұл қатынастардағы барлық үрдістерді автоматты интернет желілерімен басқару, әсіресе фитосанитарлық сертификатты әлемдік интернет хабтары арқылы тексеру мен қабылдау үрдістері тиісті заңнамаларға өзгерістер енгізумен толықтырылды.

БҰҰ деректері бойынша, жыл сайын өсімдік зиянкестері мен ауруларынан ауыл шаруашылық өсімдіктерінің қырық пайызы шығынға ұшырайды [4]. Қазақстанның соңғы онжылдықта ДСҰ мен ЕАЭО мүше болуы халықаралық сауданың көлемінің артуына себеп болды. Осыған байланысты теориялық зерттеу және құқықтық негіздемені талап ететін фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен әдістерін дамыту, халықаралық саудада өсімдік аурулары мен зиянкестерінің таралуы аймағының ұлғаюының алдын-алу, халықаралық стандарттарда бекітілген фитосанитарлық шараларды сақтауын қамтамасыз етіп, оларды ұлттық заңнамаға сәйкес үндестіру қажет.

Климаттың өзгеруі мен ғаламдық жылыну әсерінен өсімдік зиянкестерінің саны жылдан жылға өсіп отыр, себебі, температураның жоғарылығы зиянкестердің көбеюіне қолайлы орта қалыптастырып отыр. Бұл мәселе әлем жұртшылығының назарын аударып, 2018 жылдың желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясы 2020 жылды Халықаралық өсімдіктер саулығы жылы деп жариялады. Бұл - 2020 жыл өсімдіктер саулығын сақтау аштықты жоюға, кедейлікті азайтуға, қоршаған ортаны қорғауға және экономикалық дамуды жеделдетуге қалай көмектесетіні туралы хабардар болудың ерекше мүмкіндігі[5].

Әлемнің дамыған тоқсан мемлекеті мүше болып табылатын, халықаралық Өсімдік Қорғау Конвенциясының құрамындағы елдер арасындағы «e-Phyto» цифрландырылған фитосанитарлық сертификаттар алмасу хабына Қазақстан Республикасы әлі де мүше емес. Президентіміз Қ.К. Тоқаев соңғы жолдауында кеден саласын цифрландыру мәселесін көтерді, өз кезегінде ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортын екі есе ұлғайтуымыз үшін бұл хабқа қосылу мәселелері шешілуін талап етеді.

Таңдалып алынған зерттеудің өзектілігі өсімдіктерді зиянкестердің таралуы мен ауруларынан қорғау саласын реттеудің өзіндік құқықтық ерекшеліктерін ескере отырып, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық мәселелерін зерттеу қажеттілігімен негізделеді. Өз кезегінде, жоғарыда көрсетілген мәселелердің теориялық мәселелерін талдау қазақстандық экологиялық және аграрлық құқық саласында кездеспейді, негізінен, қоршаған ортаны агрохимикаттар мен пестицидтерден қорғауға көңіл бөлінген. Бұл жағдайлар ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің тақырыбын таңдап алуға әсерін тигізді. Құқықтық мемлекет дамуы жағдайында еліміз заманауи талаптарға жауап беретін аграрлық саланы құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін қажет етеді. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қатынастары құқықтық реттеуді және әрекет етуші заңнамаға сәйкес өзгерістерді енгізу арқылы құқықтық олқылықтың орнын толтыруды талап етеді. Жоғарыда айтылғандар зерттелетін мәселенің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын, осы саладағы кешенді ғылыми әзірлемелердің жеткіліксіздігін көрсете отырып, зерттелетін диссертация тақырыбының өзектілігін, оның жалпы ғылыми және жалпымемлекеттік бағдарламалармен байланысын негіздейді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері аграрлық құқық ғылымында жеке диссертациялық зерттеу объектісі болып қарастырылмаған. Кеңестік кезеңде И.А. Ротарьдың «Правовая охрана сельскохозяйственных культур от вредителей, болезней и сорняков» [6] диссертациялық зерттеуінде ауыл шаруашылық өсімдіктерін аурулардан, зиянкестерден және арамшөптерден құқықтық қорғау мәселелері көрініс табады. Еңбекте кеңестік кезеңде аграрлық заңнама мен ауыл шаруашылық өсімдіктерін аурулардан, зиянкестерден және арамшөптерден қорғау ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық мәселелері көтерілген, И.А.Ротарьдың еңбегі ауыл шаруашылық өсімдіктерін қорғау мәселесін құқықтық тұрғыдан зерттеген алғашқы зерттеу болып табылады. Диссертация мазмұнымен тығыз байланысты зерттеулер отандық заң ғылымында аграрлық құқықтың қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ғалымдардың зерттеулерінде аграрлық құқықтың тұжырымдамалық негіздері: аграрлық құқықтық қатынастар сипаттамасы - Л.К. Еркінбаеваның [7], аграрлық кәсіпкерлік мәселелері - Е.Ш. Дүсіповтың, И.В. Амирханованың, Б.А.Жумадиловтың, ауыл шаруашылық кооперациясы мәселелері - А.К. Джангабулованың диссертациясында, ауыл шаруашылық өндірісін сақтандыру мәселелері – Ж.Б.Ақшатаеваның, экологиялық және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері – М.Ж. Абдраимованың, С.Д. Бекишеваның, А.Е. Жатқанбаеваның ебектерінде зерттелген. Азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етумен байланысты мәселелер А.Т. Озенбаеваның диссертациялық жұмысында ашып зерттелді.

Сонымен қатар, санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері А.К.Курманованың, ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Б. Қалымбектің кандидаттық диссертацияларында зерттелді.

А.Т. Озенбаева «Азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету (ҚР мен шет мемлекеттердің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау)» [8] атты диссертациясында өсімдіктерді құқықтық қорғаудың кейбір мәселелерін зерттеген. Е.С. Аянбаевтың «Режим пестицидов в современном международном праве» [9] атты диссертациялық зерттеуінде халықаралық саудадағы азық-түліктің сапасын қадағалау саласындағы басты құжат ретінде ДСҰ-ның Санитарлық фитосанитарлық шараларды қолдану бойынша келісімі талданылған. Қазақстандық ғалымдардың ішінен Е.Б. Байтанаевтың диссертациясында агрохимикаттардан қоршаған ортаны құқықтық қорғау мәселелері талданылды.

Г.А. Стамкулованың «Правовые основы охраны, воспроизводства и использования нелесного растительного мира в Республике Казахстан» [10] атты кандидаттық диссертациясында өсімдіктердің қорғаудың жалпы құқықтық режиміне тоқталған.

Украиндық ғалым В.В. Курзованың «Өсімдік карантинін экологиялық-құқықтық реттеу» [11] атты кандидаттық диссертациясында өсімдік карантинінің теориялық-құқықтық негіздері мен экологиялық-құқықтық реттеу тетіктерімен қатар, өсімдіктерді интродукциялау және жерсіндіру, экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру, төтенше экологиялық жағдайлардың құқықтық режимдерінің бір түрі ретінде өсімдіктердің

карантиндік режимін енгізу және қамтамасыз ету тетігін жетілдіру мәселері қарастырылған.

Отандық ғалымдар Г.Т. Айгаринова, Ж.Б. Ақшатаева азық-түлік қауіпсіздігі мен фитосанитарлық қауіпсіздік қамтамасыз етудің жекелеген аспектілерін, оның ішінде өсімдік шаруашылығы саласында зерттеген.

Ресейлік ғалымдардан Ф.Карликтың, И.Я. Гричановтың еңбектерінде фитосанитарлық терминология мен қауіпсіздік мәселелері көрініс тапса, Б.А.Воронинмен өсімдік карантині мәселелері бойынша ғылыми мақалалар шығарылған. Түркиялық ғалым Мұстафа Өзен өзінің «Азық-түлік құқығы» атты еңбегінде «Өсімдіктер саулығы (фитосанитария)» арнайы бөлімді талдаған. Шетелдік зерттеушілер, атап айтсақ, J. Scott, B.A. Silverglade, S.J.Henson, R.J. Loader, A. Swinbank, M. Bredahl, N. Lux фитосанитарлық заңнамалардан ДСҰ Санитарлық және фитосанитарлық шаралар туралы келісімін зерттеуді зерттеу объектісі ретінде қарастырады.

Диссертациялық зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі болып Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастар танылады.

Зерттеу пәні қазіргі жағдайдағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетігі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде қамтамасыз ету мәселелерін қоса алғанда құқықтық мәселелерін кешенді зерттеу.

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін төмендегі **міндеттер** қойылды:

- Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің құқықтық табиғатын зерттеу, бұл ұғымға авторлық анықтама беру;
- Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қағидаларын анықтау;
- Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормаларының құқық жүйесінде алатын орнын анықтау;
- Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі түсінігі мен мазмұнын зерттеу;
- Өсімдік қорғау құралдарының құқықтық режимін зерттеу;
- Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастық элементтері мен бағыттарын анықтап, жетілдіру жолдарын ұсыну;
- Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар беру.

Диссертацияның әдістемелік базасы. Диссертацияда диалектикалық, анализ, синтез, салыстырмалы-құқықтық талдау, тарихи, танымдық, жалпығылыми зерттеу әдістері пайдаланылды. Тарихи-құқықтық әдіс - фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы қазақстандық заңнаманың қалыптасу және даму кезеңдерін зерттеуде, салыстырмалы әдіс - фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы халықаралық тәжірибені

зерделеуде, анализ бен синтез әдісі фитосанитарлық қауіпсіздік түсінігі мен жалпы сипаттамасын анықтауда қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі. Диссертациялық жұмыста фитосанитарлық қауіпсіздіктің теориялық негіздерін зерттеу барысында мемлекет пен құқық теориясы бойынша В.Н. Хропанюк, Н.И. Матузов, А.В.Малько, Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраева, Д.А. Булгакованың, экологиялық-құқықтық және аграрлық-құқықтық ғылым саласынан С.А. Боголюбов, М.М.Бринчук, Г.Е. Быстров, М.И. Козырь, И.А. Ротарь, В.В. Курзова, Д.Л. Байдельдинов, С.Д. Бекишева, Л.К. Еркинбаева, Б.А. Жетписбаев, Е.Ш. Рахметов, М.К. Жусупбекова, Г.А.Стамкулова, Культелеев С.Т., Г.Т. Айгаринова, А.Қ. Жангабулова, Ж.Б. Ақшатаева, Е. Байтанаев, Б. Қалымбек, А.Озенбаева, Е.Аянбаевтың еңбектері кұрады. Диссертациялық зерттеуде автор ауыл шаруашылығы және өсімдік қорғау бойынша арнайы әдебиеттерге сүйенді.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасын ҚР Конституциясы, ҚР Экологиялық Кодексі, ҚР Жер Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы Кедендік реттеу туралы» Кодексі, ҚР Орман Кодексі, ҚР «Өсімдіктер карантині туралы», ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы», ҚР «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», ҚР «Тұқым шаруашылығы туралы», ҚР «Астық туралы» заңдар, Президент Жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары және шет мемлекеттерінің фитосанитарлық заңнамалары мен өзге де құқықтық актілер кұрайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы: халықаралық ынтымақтастық аясындағы интеграциялық үрдістердің дамуы, жаһандану, климаттың өзгеруі және цифрландыру кезеңіндегі қоршаған ортаны қорғау және аграрлық құқықтық қатынастардың өзгеру ерекшеліктері мен Қазақстан Республикасының ДСҰ мен ЕАЭО мүше болу жағдайындағы Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің мәселелері кешенді түрде зерттелінуімен негізделеді. Өсімдіктер карантині және өсімдіктер зиянкестері мен ауруларынан адам денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортадағы экологиялық жүйені, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін құқықтық қорғау қазақстандық заң ғылымында арнайы зерттеу объектісі болған емес. Сонымен қатар, фитосанитарлық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде құқықтық тұрғыдан зерттелмеген. Жекелеген ғалымдардың еңбектерінде өсімдік шаруашылығындағы құқықтық мәселелер, халықаралық саудадағы ДСҰ-ның санитарлық фитосанитарлық шараларды қолдану бойынша келісімі, ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны агрохимикаттарды қолданудан қорғаудың құқықтық мәселелері қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасы мен шет елдердегі фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелеріне салыстырмалы талдау жасалған алғашқы жұмыстардың бірі болып табылатындығымен негізделеді. Онда фитосанитарлық қауіпсіздіктің құқықтық табиғатына талдау жүргізіліп, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымына авторлық түсінік берілді. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі заңнаманың қалыптасу

және дамуы кезеңдері қарастырылды. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормаларының құқық жүйесіндегі орны анықталды және осы саладағы қағидаларға талдау жасалды. Осылармен қатар, Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі зерттеліп, осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Өсімдік қорғау құралдары ұғымына авторлық анықтама беріліп, өсімдік қорғау құралдары айналымын реттеуге, оларды қолданудан адам өмірі мен денсаулығы, жануар мен өсімдік денсаулығына келетін әсерді азайтуға байланысты ұсыныстар берілді.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибесі зерттелініп, үздік тәжірибелерді трансформациялау туралы ұсыныстар жасалды.

Дүниежүзілік Сауда Ұйымы мен Еуразиялық Экономикалық Одақ аясындағы фитосанитарлық заңнаманы үйлестіру мәселелері зерттеліп, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мен жетілдіру туралы, төтенше жағдайлардың, оның ішінде өсімдік эпифитотиясының таралуы жағдайындағы фитосанитарлық қауіпсіздіктің құқықтық құралдарын құру бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілді.

Қорғауға ұсынылатын ережелер:

1. Фитосанитарлық қауіпсіздік дегеніміз - қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған, адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған ортаның, жануарлар мен өсімдік дүниесінің зиянды ағзалардан (өсімдіктер зиянкестері, өсімдік аурулары мен арамшөптерден) қорғалуының жай-күйі. Фитосанитарлық қауіпсіздік мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады және экологиялық, санитарлық, азық-түлік, ветеринарлық қауіпсіздік түрлерімен тығыз байланысты. Фитосанитарлық қауіпсіздік және өсімдіктерді зиянды ағзалардан қорғау ұғымы бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бірақ сонымен бірге, олар бірдей ұғым емес. Фитосанитарлық қауіпсіздік статикасын көрсете отырып, түпкілікті нәтиже болса, ал «өсімдіктерді зиянды ағзалардан қорғау» ұғымы осы саладағы құқықтық қатынастардың динамикасын көрсетеді, яғни нәтижеге жету үшін жүзеге асырылған әрекеттер легі болып табылады.

2. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қағидалары дегеніміз - республика аумағын зиянды ағзалардың (өсімдік зиянкестері, аурулары және т.б.) енуі мен таралуынан қорғау саласындағы құқықтық түрде бекітілген жетекші бастамалар жүйесі. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласында келесі қағидаларды басшылыққа алу ұйғарылады:

- фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысындағы адам өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы экономикалық және экологиялық мүдделердің үйлесімділігі;
- өсімдіктерді қорғауда қоршаған ортадағы экожүйенің тепе-теңдігі сақталуын қамтамасыз ету;

- фитосанитарлық тәуекелді талдау кезінде биоәралуандылықтың сақталуының басымдығы;

- мемлекеттік билік органдары мен заңды, жеке тұлғалардың қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптастыруға жауаптылығы.

3. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормалары аграрлық және экологиялық құқық жүйесіндегі өз орны бар, кешенді және салааралық құқықтық институтты құрайды. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде бір жағынан, қоршаған ортаның құрамдас бөлігі болып табылатын өсімдіктер дүниесін қорғау мәселесі мен зиян тигізуі ықтимал зиянкестерден экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың негізі қарастырылса, екінші жағынан, еліміздің азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін және қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған фитосанитарлық шаралардың заңдылығы қарастырылады. Сондай-ақ, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету институты экологиялық құқық және аграрлық құқық нормаларымен қатар, кеден құқығы нормаларын (мысалы, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы карантинге жатқызылған тауарлар мен өнімді алып өтуге, тасымалдауға және Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салу немесе оларды шектеу), әкімшілік құқық нормаларын (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау), қылмыстық құқық нормаларын (өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзу үшін қылмыстық жауаптылық), сонымен қатар, санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға саласындағы нормаларда (мысалға, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету), орман, жер және өзге құқық салаларындағы нормаларды қамтиды.

4. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі - мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін, қолайлы фитосанитариялық ахуалды, адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдік дүниесін зиян тигізуі ықтимал зиянды ағзалардан қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың кешенін білдіреді. Фитосанитарлық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ету мақсатында «Үш басты басымдық»: адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдік саулығын сақтауға негізделген санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша тұрақты үйлестіруші орган құру ұсынылады. Аталған үйлестіруші орган құзіретіне фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша фитосанитарлық мониторингті жүргізу, фитосанитарлық бақылау мен қадағалау, фитосанитарлық сараптаманы жүзеге асыру, фитосанитарлық нормалау, фитосанитарлық лицензиялау мен сертификаттау, өсімдік қорғау құралдарын мемлекеттік тіркеу саласындағы заңнамалық актілердің орындалуын қадағалау құзіреттері берілуі тиіс.

5. Өсімдік қорғау құралдары айналымы заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын, өсімдіктер дүниесін зиянды ағзалардың кері әсерінен қорғау, енуі мен таралуының алдын-алу, емдеу және залалсыздандыру мақсатында

пайдаланылатын құралдар жүйесін білдіреді. Адамның денсаулығы мен өмірін сақтау, ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану шектеулі сипатта болуы қажет. Өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдануды арнайы мамандандырылған, қауіпсіз қолдану ережелері мен технологияларды игерген, біліктілігі жеткілікті тұлғалар жүзеге асыруы тиіс, осы тұрғыда, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық айналымға «фитосанитарлық кәсіпкерлік» терминін енгізуді ұсынамыз. Ол негізгі қауіпті және зиянды карантиндік ағзамен зақымданған немесе зақымдалу тәуекелі бар өсімдіктерді залалсыздандыру үшін өсімдік қорғау құралдарының айналымы бойынша жұмыстарды атқару және қызметтер көрсету саласындағы лицензияланатын қызметті білдіреді.

6. Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық дегеніміз – фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдік дүниесінің саулығын, қоршаған ортаны зиян тигізуі ықтимал зиянды ағзалардан құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттер арасындағы ұйымдастырушылық және шарттық нысанда жүзеге асырылатын, бірлескен қызмет тетігі. Қазақстанға халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықты тиімді жүзеге асыру мақсатында өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі Конвенцияға мүше ұлттық ұйымдар елдер арасында электронды фитосанитарлық сертификаттармен алмасуды жеңілдететін, ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортының әлеуетін арттыруға, электронды құжат айналымын халықаралық деңгейде пайдалануға, өсімдік өнімдері сауда үрдістерін жеделдетуге, фитосанитарлық сертификат беру барысында зиянкестерден таза өнім ұсынуға деген сұранысқа ықпал ететін «e-Phyto» хабына қосылуын ұсынамыз. «E-Phyto» хабына қосылу кеден шекаралары арқылы тасымалданатын карантиндік өнімдерді фитосанитарлық бақылау саласына фитосанитарлық сертификаттардың жалғандығы, өзгертілуі фактілерінің жолын кесу, база арқылы сертификатты тексеру, біздің елге импортталатын өсімдік өнімдеріне берілген басқа елдің фитосанитарлық сертификаттарын тексеруге мүмкіндік береді.

7. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы қатынастардың әр түрлі заң актілерімен, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, өсімдік карантині мен оны қорғау, кедендік реттеу, тұқым шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, орман, жер қатынастары және т.б. реттеледі. Бұл жағдай осы саладағы қатынастарды құқықтық реттеуде теориялық және тәжірибелік тұрғыда қиындықтар тудырады. Қазақстанның халықаралық интеграция шеңберінде Өсімдіктер карантині мен оларды қорғау бойынша Конвенцияға қосылуы, ДСҰ және ЕАЭО-қа мүше болуы ұлттық заңнаманы халықаралық заңнама талаптарымен үйлестіруді талап етеді. Осыған байланысты фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында заңнаманы жүйелеу қажет. Автормен ҚР «Фитосанитарлық қауіпсіздік туралы» заң жобасы әзірленді (қосымша А).

Теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Диссертация нәтижелері заңшығармашылық қызметте; өсімдіктерді қорғау мен карантині бойынша

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ауыл шаруашылық министрлігі, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басқарушылық шешімдерінде, мемлекеттік инспекторлардың тәжірибелік қызметтерінде; мемлекеттік бақылау органдарының тәжірбиелік қызметтерінде, жоғары оқу орындары мен арнаулы заң оқу орындарында «Аграрлық құқық», «Экологиялық құқық», «Кәсіпкерлік құқық», «Кеден құқығы» пәндерін оқытуда қолданылуы мүмкін. Диссертациялық зерттеу әзірлемелері «Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету» арнайы оқу пәнінің негізін құрап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Экологиялық құқық» магистратура білім беру бағдарламасына енгізілді.

Апробациядан өтуі. Диссертацияның негізгі қорытындылары 12 ғылыми мақалада, оның ішінде 2 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарда және халықаралық конференция жинақтарында жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, он бір тарауды құрайтын үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Фитосанитарлық қауіпсіздіктің түсінігі және құқықтық табиғаты

Фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымына түсінік бермес бұрын «фитосанитария» терминінің мәнін ашып алуды жөн көрдік. Фитосанитария термині «фито» және «санитария» деген екі бөліктен тұрады, «фито-(грек тілінен аударғанда-phyton-өсімдік) - күрделі сөздің өсімдікке немесе өсімдіктер туралы ғылым - ботаникаға қатысты екендігін білдіретін бөлігі» [12, с. 473], ал «санитария (sanitas - денсаулық) санитарлық іс, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды іс жүзінде әзірлеумен және жүргізумен айналысатын денсаулық сақтау саласын белгілеу үшін пайдаланылатын термин» [13, с. 560].

Фитосанитария термині «өсімдіктерді карантині» және «өсімдіктерді қорғау» ұғымдарының баламасы ретінде қолданылып келді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық Ұйымымен (ФАО) қабылданған «Фитосанитария терминдеріне глоссарий», фитосанитарлық шаралар бойынша №5 халықаралық стандарттың 1996 жылы қабылданған мәтінінде: «Фитосанитария өсімдіктер карантинімен қатысты, өсімдіктер карантині карантинді зиянкестердің таралуын және/немесе интродукциясын болдырмауға немесе оларды ресми бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған барлық іс-шаралар» [14] деген анықтама берілді.

2014 жылы ТМД құрамындағы 12 мемлекет дауыс беру нәтижесінде (оның ішінде, дауыс беруге қатысқан мемлекеттер арасында Қазақстан да бар) қабылданған мемлекетаралық стандартта фитосанитария ұғымы кең мағынада өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдер үшін зиянды ағзалардың енуіне, бекітілуіне немесе таралуына байланысты туындайтын тәуекелдерден қорғауға және қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған ғылыми негізделген іс-шараларды тәжірибеде қолдану [15] деп қарастырылды. Бұдан басқа, И.Я.Гричанов 1995 жылғы Өсімдік қорғау бойынша жалпыресейлік съезде «фитосанитария» ұғымы «өсімдік карантині және қорғау» ұғымының синонимі ретінде қолданылған деп көрсетеді [16, с.18-20].

Келесі фитосанитария термині заңшығармашылық қызметте қашан қолданыла бастады деген мәселеге келер болсақ, И.Я. Гричановтың пікірі бойынша, фитосанитария ұғымы 1974 жылы Мәскеуде өткен Өсімдік қорғау бойынша VIII Халықаралық конгресте тұңғыш рет орыс тілінде қолданылуы мүмкін, 1980 жылдары кеңестік ғалымдардың еңбектерінде, ал 1990 жылдардан бастап ТМД заңнамалық құжаттарында қолданыла бастады. Бұл ТМД елдерінің Дүниежүзілік Сауда Ұйымына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық Ұйымына (ФАО), Өсімдік қорғау туралы Конвенцияға қосылуымен байланысты деп түсіндіреді. 1974 жылғы Мәскеуде өткен Өсімдік қорғау бойынша VIII халықаралық конгресс жұмысы нәтижесінде жарияланған глоссарийде, «фитосанитарлық қызмет», «фитосанитарлық жағдай» түсініктеріне анықтама берілген [16, с. 18-20]. Жоғарыдағы И.Я.Гричановтың фитосанитария термині КСРО-да 1975 жылғы Өсімдік қорғау

бойынша халықаралық конгрестен кейін қолданыла бастады деген пікірімен келісеміз, алайда нормативтік құжаттар мәтіндерінде 1990 жылдары емес, сол конгрестен соң 1975 жылдан қолданыла бастады. Оған дәлел, ең алғаш рет 1976 жылғы КСРО Министрлер Кеңесінің бекіткен «Өсімдік қорғау. Терминдер мен анықтамалар» стандартында: «Фитосанитария - зиянкестер қорын немесе бастапқы жұқпалы негіздерді азайту немесе жою жөніндегі іс-шаралар» деген анықтама берілді [17]. 1981 жылғы қабылданған жаңа стандартта фитосанитария ұғымына «зиянды ағзалардың санын азайту немесе жою жөніндегі іс-шаралар» ретінде түсініктеме берілді [18, с. 2].

1983 жылы 21 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығымен 1931 жылғы 23 тамыздағы КСРО Орталық Атқару комитеті, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «КСРО мемлекеттік шекарасын санитарлық қорғау туралы» № 671 қаулыға өзгерістер енгізіліп, сол Жарлықпен «фитосанитарлық шаралар» термині заңнамада қолданылған [19].

Алайда, 1973 жылы «Үлкен Кеңес энциклопедиясында» фитосанитария термині кездеспейді, бірақ фитосанитария терминінің сол кезеңдегі баламасы «өсімдік карантині мен өсімдік қорғау» түсінігіне сипаттайтын анықтама берілген. Жалпы «карантин – (итальян тілінен аударғанда *quarentena*, *quarantagioni* – қырық күн), жұқпалы аурулардың таралуының алдын-алу және эпидемиялық және түпкі ошағын жою үшін жүргізілетін іс-шаралар жүйесі. Карантин ең алғаш рет XIV ғасырда оба ауруы таралған аймақтардан келген кемелерді қырық күн бойы ұстап тұру мақсатында енгізілген, кейіннен басқа да жұқпалы аурулармен күресу үшін карантин термині қолданыла бастады. Кейіннен XIX ғасырда оба, холера, безгек және оспа ауруларының кеңінен таралуымен байланысты халықаралық келісімшарттар жасасудың алғышарттары жасала бастады» [20, с. 393].

Өсімдіктер карантині - ауыл шаруашылық дақылдары қауіпті зиянкестері, аурулары мен арамшөптердің таралуы мен енуінің алдын-алуға мүмкіндік беретін елдің өсімдік ресурстарын қорғауға бағытталған мемлекеттік іс-шаралар кешені. Карантиндік қызмет міндеттеріне басқа мемлекеттен келетін жүктерде, жөнелтілімдерде, жолаушылардың қол жүктерінде, көлік құралдарында, карантинге жатқызылатын өнімдерді сақтайтын қоймаларда өсімдіктерді, тұқымды, отырғызылатын көшеттерді, астық өнімдерін, жемісті, көкөністерде ауру тудыратын, қауіпті зиянкестер және карантиндік арамшөптердің болмауын тексеру кіреді. Ішкі бақылау ел ішіндегі өсімдік материалдарының тасымалдауын бақыласа, сыртқы қадағалау басқа елдерден келетін зиянкестер, аурулар және арамшөптерден қорғайды [20, с. 393-394].

Қазақ совет энциклопедиясында «Өсімдік карантині – басқа жерден өсімдіктің қауіпті зиянкестері, аурулары, арам шөбі әкелінбеуіне, таралмауына, ал бұлар тап болған жағдайда оларды жоюға арналған мемлекеттік шаралар. Мемлекет аралық сауда қатынастарының ұлғая түсуіне, жүк тасу мерзімінің қысқаруына байланысты өсімдіктің қауіпті зиянкестері, аурулары, арамшөптердің таралу мүмкіндігі күшейе түскендіктен өсімдіктер карантинінің маңызы арта түсуде, Америкадан Еуропаға филлоксера, қанды қызыл біте, сымырлардың көптеген түрі, картоптың колорадо қоңызы, картоп

фитофторасы, тат саңырауқұлақтардың бірқатар түрі, арам шырмауық, амброзия кең тараған. Еуропа және басқа елдерден Америкаға астық масасы, жапон қоңызы, Жерорта теңіз жеміс шыбыны, цитрус өсімдіктер обыры т.б. өткен» [21, с. 61].

Соңғы жылдардағы мемлекеттік стандарттар бойынша «фитосанитария (француз тілінде phyto + sanitaire = «santé des plantes») дегеніміз — өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне зиян келтіретін ағзалардың енуінен, тіркеуден немесе таралуынан туындайтын тәуекелдерден қорғауға бағытталған ғылыми негізделген шараларды іс жүзінде қолдану. Ал, фитосанитарлық қауіпсіздік дегеніміз - аумақты зиянды ағзалардың енуінен, таралуынан және зиянкестерді жаппай көбеюінен туындайтын тәуекелдерден қорғау жағдайы» [22, с. 11].

Қазақстан Республикасының «Өсімдік карантині туралы» заңында: «өсімдіктер карантині (фитосанитарлық қорғау) - Қазақстан Республикасының өсімдік ресурстары мен өсімдіктен алынатын өнімін карантинді объектілерден қорғауға бағытталған, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим» [23] деген түсініктеме берілген, Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңы бойынша «өсімдіктерді қорғау - өсімдік шаруашылығы өнімінің зиянды және ерекше қауіпті зиянды ағзалардан ысырабын болғызбау мақсатымен фитосанитариялық мониторинг әдістерін, фитосанитариялық іс-шараларды әзірлеуге және тәжірибеде қолдануға бағытталған қызмет саласы» [24].

Енді қауіпсіздік терминіне келер болсақ, бұл терминнің мәнін түсіну үшін теориялық аспектіде жалпы «қауіпсіздік» ұғымын бөліп қарастыру керек. Қауіпсіздік ұғымы – С.И. Ожеговтің түсіндірме сөздігінде «ешкімге, ешнәрсеге қауіп төнбеген жағдай» [25, с. 73] деп түсіндіріледі.

А.Е. Жатқанбаева қауіпсіздікті мақсаты құқықтық реттеу болып табылатын, құқықтық дефиниция ретінде қарастырып, оның құқықтық табиғатын біріншіден, құқық субъектілерінің жан-жақты қауіпсіздігі, орындалуы мемлекеттік тетіктің барлық күші жұмылдырылған заңмен қамтамасыз етілуімен, екіншіден, қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғалардың қауіпсіздігі мемлекеттік басқарудың барлық жүйесімен қамтамасыз етіліп, тиісінше кез-келген заңның негізіне жатқызылады деп тұжырымдайды [26, с.16-17].

А.Т. Озенбаеваның пікірінше, «адам, адамдар ұжымы, мемлекет пен қоғамның қалыпты жағдайда өмір сүруі мен қызмет етуі, бұл қалыпты жағдайы, оның қауіпсіздік жағдайы деп қарастыру керек»[8, 20 б.].

Фитосанитария мен қауіпсіздік терминдерінің мәнін қарастыра келе, «фитосанитарлық қауіпсіздік» ұғымына көшер болсақ, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымы 2013 жылғы Еуразиялық Экономикалық Кеңес қабылдаған Стандарттау, метрология және сертификация бойынша мемлекет аралық стандартта: «Фитосанитарлық қауіпсіздік - зиянды ағзалардың жаппай енуінен, таралуынан, көбеюінен туындайтын тәуекелдерден аумақтың қорғалу жағдайы» деген түсініктеме көрсетілген [27, с. 2].

2016 жылы Өсімдіктерді қорғау және карантині ұйымымен «Фитосанитарлық терминдер глоссарийі» фитосанитариялық шаралар бойынша халықаралық стандартына өзгеріс енгізілді, стандартқа сәйкес, «фитосанитариялық қауіпсіздік (жүк қауіпсіздігі) - фитосанитарлық шараларды орынды пайдалану арқылы жүк тұтастығын сақтау және оған зиян ағзалардың енуін және бүлінуін болдырмау» [28]. Бұл берілген анықтамалар фитосанитарлық қауіпсіздіктің құқықтық табиғатын ашуда тар мағынада көрсетіліп, фитосанитарлық қауіпсіздіктің мәнін толықтай ашып көрсетпейді, «Фитосанитарлық терминдер глоссарийінде» жүк қауіпсіздігіне ғана көңіл бөлінген, Еуразиялық Экономикалық кеңес тәуекелдерден қорғалу жағдайын ғана көрсетіп отыр. Бұл халықаралық құжаттарда фитосанитарлық қауіпсіздіктің толықтай мәні мен маңыздылығын сипаттайтын анықтама берілмеген.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы отандық заңнама КСРО ыдырап, Қазақстанның егемендік алуынан бастап қазіргі таңға дейін үздіксіз жетілдіріліп келеді. Нормативті құқықтық базаға талдау жасағанда, алдымен фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілерде 1990 жылдардан бастап ТМД елдерінің Дүниежүзілік Сауда ұйымына кіруге ұмтылыс жасау кезеңдерінен бастап, фитосанитария ұғымы қазақстандық заңнамада көрініс таба бастады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тұңғыш қабылданған, негізгі нормативтік актісі - 1999 жылы 11 ақпанда қабылданған «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заңда: ел аумағында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі өсімдіктер карантині болып табылатындығы көрсетілді. Сонымен қатар, «өсімдіктер карантині (фитосанитариялық қорғау) - Қазақстан Республикасының өсімдік ресурстары мен өсімдіктен алынатын өнімін карантинді объектілерден қорғауға бағытталған, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим» [23] ретінде көрсетілді.

2002 жылы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы қабылданды. Аталған заңда фитосанитария саласында төмендегі терминдерге түсінік берілді: фитосанитариялық ахуал, фитосанитариялық болжам, фитосанитариялық мониторинг, фитосанитариялық нормативтер, фитосанитариялық іс-шаралар [24]. Осы жерде бұл терминдердің анықтамасы берілгенімен, ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» [24] заңының мазмұнында жүзеге асырылу тәртібі мен шарттары, іске асырылуының құқықтық тетіктері көрсетілмеген.

2005 жылғы 8 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасыны «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу» туралы Заңының 1-бабының 28-тармағында: «фитосанитариялық қауіпсіздік - ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілер мен өсімдік шаруашылығы өнімінің өсімдік зиянкестерінен, ауруларынан және арамшөптерден қорғалуының жай-күйі» [29] деп көрсетілген. Заңдағы берілген анықтама тар мағынада көрсетілген, фитосанитарлық қауіпсіздік тек қана ауыл шаруашылығы өсімдіктері, ауыл шаруашылығы объектілері ғана емес, сонымен

қатар, адам өмірі, жануарлар мен өсімдік саулығының негізі болып табылатын жалпы өсімдіктер дүниесі зиянды ағзалардан қорғауды қажет етеді.

Фитосанитарлық қауіпсіздік Л.К. Еркінбаева, Б. Калымбек, А.Т. Өзенбаева «ҚР аграрлық құқығы» оқу құралында фитосанитарлық қауіпсіздікке арнайы түсініктеме берген, онда бұл қауіпсіздік түрін өсімдік зиянкестерінен, ауруларынан және арамшөптерден ауыл шаруашылығы объектілерінің, сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы өнімінің қорғалуының жай-күйі деп көрсеткен [30, 11 б.].

Біздің ойымызша, бұл жерде фитосанитарлық қауіпсіздік тар мағынада берілген, тек ауыл шаруашылығы объектілерінің, өсімдік шаруашылық өнімінің ғана қорғалуы көрсетіліп тұр, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымына зиянды ағзалардан (өсімдіктер зиянкестері, өсімдік аурулары мен арамшөптерден) барлық өсімдіктер дүниесінің қорғалуы кіруі тиіс. Бұл жерде өсімдіктер дегеніміз - тұқым мен гендік заттарды қоса алғанда, тірі өсімдіктер, олардың бөліктері [28], өсімдіктер зиянкестері дегеніміз - өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне зарарлы, патогенді агенттер мен жәндіктер [28].

ҚР экологиялық кодексінің 7-бабына сай, қоршаған ортаны қорғау объектілеріне «ормандар және өзге де өсімдіктер» [31] жатқызылған. Орман Кодексінде орман ұғымы, «орман – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі-бір аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен» [32] ретінде берілген, ал өзге де өсімдіктер түсінігіне заңгер-ғалым Г.А. Стамкулова «орманға жатпайтын өсімдік әлемі - ҚР аумағы, сонымен қатар, континентальды шельфында өсімдік дүниесінің құрамдас бөлігі мен табиғи ортада өсетін, өсірілген және көбеюі объектісі ретінде қалпына келтірілген өсімдіктер (жоғары сатыдағы және су өсімдіктері) жиынтығы» [10, с. 6] деп көрсете отырып, өзге де өсімдіктерді қорғау объектілеріне сүрек ағаштарын, бұталы ағаштарды, шөптұқымдастарды, папоротниктәрізділерді, мүктәрізділерді, балдырларды, қыналарды, саңырауқұлақтарды, сирек кездесетін және жойылу қаупі туындаған өсімдіктерді, дәрілік өсімдіктерді, жабайы ортада өсетін өсімдіктердің бөліктерін, олардың тұқымдары мен жемістерін және өнімдерін т.б. жатқыза келе, өзге өсімдіктер объектілерін қорғау оларды бүлдіруден, жойылудан, зиянкестерден, арамшөптерден, аурулардан, өрттен қорғауды құрайды [10, с. 6] деп көрсетеді.

Фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері, оның ішінде өсімдіктерді қорғау, өсімдік карантині, агроөнеркәсіптік кешен туралы заңнамамен ғана шектелмейді. ҚР Орман Кодексінде де орман зиянкестері мен ауруларының таларуының алдын-алу мен жүйелі түрде таралуына қадағалап отыру, орманның санитарлық жай-күйіне орман ағымдағы, экспедициялық, аэровизуалды зерттеулер жүргізу тәртібі мен шарттарын негіздейтін [32] нормалар бар, ҚР «Ерекше қорғалатын аумақтар туралы» заңда, «биоэралуандылықты сақтау мақсатында ерекше қорғалатын аумақтарды қорғау – бұл зиянкестер мен аурулардан қорғау мүмкін іс-шаралар кешені» [33] деп көрсетілген, ҚР «Кедендік реттеу туралы» Кодексінде кеден шекарасы

арқылы өткізілетін тауарларға фитосанитарлық бақылау өткізу ЕЭАО органдары актілерімен және ұлттық заңнама талаптарына сай жүргізілетіні нұсқалған [34], ҚР «Тұқым шаруашылығы туралы» заңда егістердің арамшөптерге, өсімдік аурулары мен зиянкестерімен бүліну дәрежесін анықтауда егістерді байқаудан өткізу үрдісі міндеттелген [35]. ҚР Жер Кодексінде «жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жерді карантинді объектілерді, бөтен текті түрлер мен аса қауіпті зиянды ағзаларды жұқтырудан, олардың таралуынан, арамшөптердің, бұталардың және шіліктердің басып кетуінен, сондай-ақ, жердің жай-күйінің нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға міндетті» [36] деп көрсетілген, ҚР «Астық туралы» заңында астық құрамындағы пестицидтердің қалдық мөлшері рұқсат берілетін шектен аспауы тиістігі көрсетілген [37].

Фитосанитария термині өсімдік карантині мен қорғаудың баламасы ретінде ғылыми айналым мен нормативті құқықтық құжаттарда қолданылатын болғандықтан заңшығармашылық қызметте өсімдік карантині мен қорғау терминіне қатысты бірізділікті сақтап фитосанитария терминін қолдануды ұсынамыз.

Фитосанитарлық қауіпсіздіктің ҚР ұлттық, экологиялық, ветеринарлық, азық-түлік, санитарлық қауіпсіздік түрлерімен арақатынасы мәселесіне келер болсақ, кез-келген мемлекеттің тұрақты дамуында қауіпсіздік мәселесі басты шешуші рөлге ие. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі» туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 1-бабында: «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» [38] деп көрсетілген. Әрекет етуші заңнамаға сәйкес, ұлттық қауіпсіздік түрлері төмендегіше жіктеледі:

- 1) қоғамдық қауіпсіздік;
- 2) әскери қауіпсіздік;
- 3) саяси қауіпсіздік;
- 4) экономикалық қауіпсіздік;
- 5) ақпараттық қауіпсіздік;
- 6) экологиялық қауіпсіздік түрлері көрсетілген [38].

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етпей ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес. Фитосанитарлық қауіпсіздік «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңда жеке бөліп қарастырылмайды, біздің ойымызша фитосанитарлық қауіпсіздікті жеке өз алдына қауіпсіздік түрі ретінде «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңға арнайы бап түрінде енгізуіміз керек. Бұған себеп, Ұлттық қауіпсіздік туралы заңда Ұлттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қауіп-қатерлер санатында экологиялық жағдайдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, эпидемиялар мен эпизоотиялар көрсетілген, осы тізімге эпифитотияны да қосуды ұсынамыз. Бұл жерде эпифитотияға түсінік берсек, эпифитотия - өсімдіктердің жұқпалы ауруының (соның ішінде ауыл шаруашылық) кең аумақта таралуы немесе өсімдік зиянкестерінің белсенділігінің артуы. Ол ауыл шаруашылық дақылдарында, астықта, көкөніс

пен жемістерде өсімдіктер жұқпалы ауруларының таралуы азық-түлік қауіпсіздігіне туатын қатер болып есептеледі. Термин эпидемияға, эпизоотияға ұқсас қалыптасқан [39].

«ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңға сай, «Экономикалық қауіпсіздік дегеніміз - экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі [38]». Заңға сәйкес, экономикалық қауіпсіздік азық-түлік, энергетикалық және көлік қауіпсіздігін қамтиды. Осының ішінде азық-түлік қауіпсіздігімен фитосанитарлық қауіпсіздік тікелей байланысты. Фитосанитарлық қауіпсіздік азық-түлік қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады. Өз диссертациясында А.Т.Озенбаева: «азық-түлік қауіпсіздігіне адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнбейтін, тамақ өнімдерімен қамтамасыз ете отырып, азық тапшылығының алдын-алу, халықтың тамақ өнімдеріне қолжетімділігі [8, 24-25 бб.]» деген авторлық анықтама береді. А.Т. Озенбаеваның пікірімен толықтай келісе отырып, біздің ойымызша, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекеттің экономикасының дамуының және халықтың әл-ауқаты мен әлеуметтік қамсыздандырылу деңгейі көрсеткіші, ол елдің азық-түлік саласында басқа мемлекетке тәуелділік жағдайында болмауы, мемлекеттің тұрғын халықты өзі өндірген отандық азық-түлікпен жеткілікті деңгейде қамтамасыз ете алуы, белсенді және салауатты өмір үшін бүкіл халыққа қажетті сапалы, экологиялық таза азық-түліктің жеткілікті болуы және экономикалық тұрғыдан сапасы мен бағасының қолжетімділігі, тұтынып отырған азық-түлік өнімдерінің химиялық құрамы туралы, азық-түлік өнімін дайындаушы мен сатушының санитарлық ережелерді сақтауы туралы ақпаратқа қол жетімділік.

Отандық ғалымдар Г.Т. Айгаринова, Ж.Б. Ақшатаеваның тұжырымдауынша, «экономиканың нарыққа деген жаңа бағдары, республиканың саяси және экономикалық дербестігі, халықаралық қатынастардың дамуы, ДСҰ-ға кіру, ЕАЭО-ның құрылуы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің рөлі мен сипатын жаңаша түсінуге алып келді [40, 53 б.]» авторлар фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді азық-түлік қауіпсіздігінің алғы шарты ретінде қарастырып, тағам өнімінің қауіпсіздігін бақылауды экономикалық және саяси аспектілермен байланыстырады.

Фитосанитарлық қауіпсіздік экономикалық және экологиялық қауіпсіздікпен тығыз байланысты болып саналады. Кез-келген өнімнің қауіпсіздігі егістік алаңынан басталады, бұл жерде тек өсімдік тектес өнімге ғана емес, жануар өнімі үшін де айтылып отыр, егер жануарлар құрамында пестицид, агрохимикаттар және ауыр металл тұздары бар жем-шөп азығын тұтынатын болса, біздің үстеліміздегі сүт, ет өнімдері құрамында бұл қауіпті заттар кездесетіні сөзсіз [41, с. 19]. Сонымен, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі бола отырып, соның ішінде, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айтарлықтай маңызға ие. Азық-түлік қауіпсіздігі фитосанитарлық қауіпсіздік толықтай қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады, себебі, азық-түлік қауіпсіздігі

өсімдік және жануар өнімдерінің тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуымен байланысты, өмір мен денсаулыққа қауіпсіз, экологиялық таза, бағасы, сапасы мен ол өнім туралы ақпарат қолжетімді болған жағдайда ғана азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі, экологиялық таза өнім болуы үшін өсімдік өнімдерінде зиянды ағзалар болмауы тиіс, өсімдік өнімінде ол ағзалармен күресте пайданылған агрохимикаттар мөлшерінің қалдығы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтірмейтін деңгейде болған кезде ғана толығымен азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Карантинді, аса қауіпті және зиянды ағзалардың таралу көрсеткіштері елдің фитосанитарлық ахуалын сипаттайды. Бидай өндіру бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында үшінші орынға ие, сол себептен де фитосанитарлық ахуал еліміз үшін маңызды орынға ие. Бидай экспорты республика экономикасына валюталық қаржы ресурстарының түсуінің қайнар көзі болып табылады, елімізде бидайдан өзге де, жеміс өсіру, бақша шаруашылығы, мақта шаруашылығы, күріш өндірісі мен қызылша шаруашылығы жақсы дамыған, карантиндік, аса қауіпті және зиянды ағзалардың таралуы өсімдіктер биоэрауантүрлілігіне, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қауіп республикада өсімдік қорғау мен өсімдіктер карантині қызметі үшін басты мәселе болып тұр [42, 108 б.]. Тұрғын халыққа азық-түлік өнімдерінің жеткілікті деңгейде болуы және экспортқа ауыл шаруашылығы өнімдерін шығара алуы фитосанитарлық қауіпсіздік қамтамасыз етілуімен тығыз байланысты, яғни карантиндік объектілердің таралуы егіннің шықпай қалуына, өнімділігінің саны мен сапасының төмендеуіне, өсімдік зиянкестерінің таралуынан қорғау дүниежүзін аштықтан қорғауға әсер етеді. Бұл фактінің дәлелі ФАО мәліметтерінше, шөлді шегіртке тобырының бір күн ішінде зиян келтіретін өсімдіктерінің көлемі 35 мың адам бір күн тұтынатын азықпен сәйкес [43]. Шөлді шегіртке аридтік аймақтарды таралады, Қазақстан аридтік аймақта орын тепкендіктен шөлді шегірткеден қорғау шаралары маңызды болып отыр. Сонымен бірге, азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуіне фитосанитарлық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі тікелей әсер етеді. Тамақ өнімдері жеткілікті болуы үшін өсімдік аурулары, зиянкестері таралмауы тиіс. Азық-түлік қауіпсіздігі сапалы, денсаулық пен өмірге қауіпсіз өсімдік өнімдері болған кезде ғана қамтамасыз етілетіндігі баршаға аян.

Фитосанитарлық қауіпсіздіктің экологиялық қауіпсіздікпен де тікелей байланысы бар, экологиялық қауіпсіздік дегеніміз - С.Д. Бекишеваның тұжырымдауынша, «қоршаған табиғи ортаға антропогендік және табиғи әсер нәтижесінде туындайтын жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен мүдделерінің, қоршаған табиғи ортаның (экологиялық тұрақтылық) қорғалу жағдайы» [44, с. 11].

М.Ж. Абдраимова: «Экологиялық қауіпсіздік қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлерден пайда болатын қауіптерден тұлғалардың, қоғамның, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен мүдделерінің қорғалуы статика, ал экологиялық мүдделердің қорғалу кепілдігіне бағытталған саяси, құқықтық, экономикалық, технологиялық және т.б. шараларды айтқанда экологиялық қауіпсіздік түсінігі динамикада қарастырылады» [45, с. 12].

Экологиялық қауіпсіздікпен байланысты алғанда, зиянды карантиндік объектілердің таралуы қоршаған табиғи ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етуде биоэрауантүрліліктің сақталмауы, көптеген сирек кездесетін өсімдік түрлерінің өсімдік аурулары мен зиянкестерінен шығынға ұшырауы, солып қалуы, сирек кездесетін өсімдік түрлерінің жойылып кету зардаптарын туғызуы мүмкін. Онан бөлек, ауыл шаруашылық кәсіпкерлік қызметінің кез-келген түрінің шаруашылық қызметіне қойылатын экологиялық талаптар өсімдік қорғау саласында қолданылатын өсімдік қорғау құралдарының қоршаған ортаға зиян келтірмеуі де маңызды.

Фитосанитарлық қауіпсіздіктің ветеринарлық қауіпсіздікпен арақатынасын ашып көрсетер болсақ, Б.Қалымбек ветеринарлық қауіпсіздік ұғымына төмендегіше анықтама береді: «ветеринарлық қауіпсіздік – жеке және заңды тұлғалармен ветеринарлық-санитарлық ереже талаптарын орындауды қамтамасыз ететін ветеринарлық мақсаттағы техникалық, дәрілік құралдардың, мал шаруашылығы өнімдері, азығы мен азық қоспаларының айналысындағы қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуге арналған ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ветеринарлық-санитарлық іс-шаралардың кешені [46, с. 8]». Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуында мал шаруашылығында жайылымдық және шабындық жерлердің фитосанитарлық ахуалы, ол жерлерде өсімдік зиянкестерінің таралмауы мал азығы пен азық қоспаларының жеткілікті мөлшерде болуы мен сапалық құрамына өз әсерін тигізеді.

Санитарлық қауіпсіздік пен фитосанитарлық қауіпсіздік тығыз байланысты, А.К. Курманова: «халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы қолайлы және тиімді тіршілік ету үшін адамды қоршаған ортаның сапалы жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекетпен бекітілген және қорғалатын іс-шаралар жүйесі» [47, с. 6] деп тұжырымдай келе, ауыл шаруашылығындағы қолданылатын химиялық заттардың адам өмірі мен денсаулығына зиянына тоқталған, оларды қолдану әйелдер жүктілігі мен ұрықтың дамуына әсерін тигізуі мүмкіндігін айтып, Экологиялық кодекске санитарлық экологиялық салауаттылық туралы тарау енгізуді ұсынған.

Республика азаматтарының өмірі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіз қоршаған ортаға құқықты қамтамасыз етуде фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің алар орны ерекше. Қазақстан Республикасының Ата Заңы Конституциясының 1-бабында еліміздің ең қымбат қазынасы ретінде адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының басты құндылық болып саналуы [48], одан басқа Конституцияның 31-бабына сай, «мемлекет айналадағы ортаны қорғауда адамның өмірсүруі мен денсаулығына қолайлы ортаны сақтауды басты мақсат етіп қояды» [48].

А.Е. Жатқанбаева пікірі бойынша, қауіпсіздік ұғымы конституциялық санат болып табылады, ҚР Конституциясы конституциялық құқықтық қатынастар субъектілерінің қауіпсіздігінің сипаттамасын білдіреді, ҚР Конституциясында жеке тұлғалардың қауіпсіздігінің құқықтық негіздері, мысалы: физикалық қауіпсіздік (15-17-баптар), ақпараттық қауіпсіздік (18-20 - баптар), экономикалық қауіпсіздік (6, 24, 26-баптар), әлеуметтік қауіпсіздік (28-

30-баптар), экологиялық қауіпсіздік (31, 38-баптар) және т.б. Мемлекеттің қауіпсіздігі негіздері Конституцияның 5-бабының 3-тармағында, 8-бабында, қоғамдық қауіпсіздік 32, 39-баптарында көрініс тапқан [49, с. 110], яғни, фитосанитарлық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздігіміздің құрамдас бөлшегі болғандықтан, Ата заңымызда фитосанитарлық қауіпсіздіктің құқықтық қамтамасыз етілуіне құқықтық негіздер көрініс тапқан. Одан бөлек, 1995 жылғы қабылданған еліміздің Негізгі заңында өсімдіктер құқықтық қорғау объектісі ретінде көрініс тапты.

Фитосанитарлық қауіпсіздіктің мәнін әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, биологиялық аспектілерде ашып қарастыруымызға болады. Әлеуметтік аспекті тұрғысынан, Маслоу пирамидасы [50] бойынша қауіпсіздікке қажеттілік физиологиялық қажеттіліктерден кейінгі екінші орында тұр. Себебі, таза қауіпсіз өнімге құқық, тамақ өнімдерінің улы химикаттармен ластануы, химикат қалдықтары өнімнен табылуы, оның салдарынан адам өмірі мен денсаулығына зиянның келуі, әртүрлі аурулардың пайда болуы, пестицид қалдықтарының ауаға, топыраққа, тіпті жер асты суларына таралып, қоршаған ортаға зиян келтіруі. Онымен қоса, Қазақстан аграрлы мемлекет болғандықтан тұрғындардың 45%-ы ауылдық аймақтарда тұрады, 30%-ы экономикалық белсенді топтың табысы ауыл шаруашылық саласында жұмыс атқарудан түседі, 8,5 млн еңбекке жарамды халықтың екі миллионы ауыл шаруашылық секторында жұмыс атқарады [51].

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен оны тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы фитосанитарлық қауіпсіздікпен де байланысты. Улы химикаттармен жұмыс істеу денсаулыққа зиян болып табылады. Пестицидтермен улану пестицидтер саласында кәсіби қызметпен айналысатын қызметкерлер үшін үнемі тығыз физикалық контактіде болуына байланысты және тұрмыстық деңгейде қарапайым тұрғындардың да улануы мүмкін. Кәсіби уланулар пестицидтердің ерітіндісін даярлайтын немесе егін алқаптарып, бау-бақша, бақтарды, тұқымдарды өңдейтін адамдар арасында таралады. Пестицидтердің зиянды әсері пестицидтермен тікелей жұмыс істейтін адамдарға таралуы мүмкін, яғни егістіктерді пестицидтермен өңдейтін ауыл шаруашылық мамандары және бұл аумақта сол ауамен тыныс алатын айналадағы тұрғындар кіреді. Жұмысшыларға пестицид ерітіндісін даярлау және осы ерітіндіні өсімдіктерге шашу барысында пестицидтардың зиянды әсері тиюі мүмкін. Зерттеулер нәтижесінде жұмысшыларда сүйек бұлшықет жүйесі аурулары (бел-сегізкөз остеохондроздары), тыныс алу органдары (бронхиттер, пневмония), асқазан-ішек (он екі ұлтабардың ойық жарасы), тері және тері асты клетчаткасы (аллергиялық дерматит, абсцесстер), қан ауруы (темір тапшылығы анемиясы) аурулары байқалған [52].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтерінен, табыс деңгейі төмен және орта табыс деңгейіндегі елдер үшін пестицидтер әртүрлі уланулар мен өлім себептерінің бірі болып отыр. Улы пестицидтер қоршаған ортаға таралады, олардың өндірісі, сатылымы және қолданылуы қатаң реттелуі және қадағалануы керек. Пестицидтерге қатысты Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы адамдар үшін ең улы болып табылатын пестицидтерге, сондай-ақ,

қоршаған ортада ұзақ уақыт сақталуы мүмкін пестицидтерге тыйым салу және тамақ пен суда пестицидтердің шекті рұқсат етілген концентрациясын белгілеу арқылы халықтың денсаулығын сақтауды көздеп отыр. Сонымен бірге, Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтерінше, халық саны бойынша, 2050 жылға қарай әлем халқының саны 9,7 млрд. адамға жетеді, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 30% -ға көп. Халық санының өсуінің барлығы дерлік дамушы елдерде болады деген болжамдарын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының (ФАО) бағалауы бойынша, дамушы елдерде халықтың өсуіне қажетті азық-түлік өндірісінің 80% -ға ұлғаюы бір егістік алқапқа дақылдарды қайта егу, егіннің шығымдылығы мен санын көбейту арқылы қол жеткізіледі. Тамақ өндірісінің осы өсімінің тек 20%-ы егіс алқаптарын кеңейту есебінен қамтамасыз етіледі [53]. Пестицидтерді қолдану ауыл шаруашылық дақылдарының шығынын болдырмауға көмектеседі, демек пестицидтер ауыл шаруашылығында өз ролін атқарып, одан әрі қолданыла береді. Алайда, пестицидтердің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсері алаңдаушылық тудырады. Жергілікті тұтыну үшін де, экспорттау үшін де арналған азық-түлік өндірісінде пестицидтерді қолдану елдің экономикалық жағдайына қарамастан, ауыл шаруашылық дақылдарын қорғау үшін пайдаланылатын пестицидтердің мөлшерін қажетті минимуммен шектеу керек.

Экономикалық аспектіде, азық-түлік қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіндегі шешуші фактор болып фитосанитарлық қауіпсіздіктің танылуы шарт. Себебі, ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі мәліметінше, Қазақстан бидай экспортының потенциалы 6 млн тонна, арпа 2 млн тоннаны құрайды. 2019 жылғы егістіктен 8,3-8,5 млн тонна бидай өнімдері экспортқа шығарылады [54]. Бидай өнімдері экспорты іске асуы фитосанитарлық ахуалдың қолайлы деңгейімен тікелей байланысты. Экономикалық тұрғыдан, зиянды ағзалардың таралуы, соның ішінде, ауыл шаруашылығының қауіпті зиянкесі шегірткенің қаптауы, оның көбеюі апаттық салдарға алып келеді. Қазіргі жағдайда бұл жәндіктердің жаппай көбеюінің басталуы агроөнеркәсіп кешен мен тұтастай елдің экономикасы үшін үлкен апаттық салдарға соқтырады, фитосанитарлық және азық-түлік қауіпсіздігіне қатты әсер етеді. Мысалы, 1997-2003 жылдары Қазақстанда соңғы елу жылда болмаған құбылыс шегірткенің басып кіруі ауыл шаруашылық жерлеріне едәуір шығын әкеліп, 220 мың гектар астықтың өнімі жойылды. Әсіресе, Павлодар облысының ауыл шаруашылығы қатты зардап шекті. Кейбір аудандарда, шабындықтарға келген зиян табиғи апаттың әсеріне ұқсайды. Сонымен қатар, дәнді дақылдар мен көкөністер, күнбағыс, қарақұмық, картоп, дәнді дақылдар зақымданды [55].

Аграрлық құқық саласындағы ғалымдар Г.Е. Быстров пен М.И. Козырь экологиялық таза өнім экологиялық таза ауыл шаруашылық алқаптарынан алынады. Минералды тыңайтқыштарды, зиянкестер мен өсімдіктер ауруларына қарсы құралдарды шамадан тыс пайдаланбаған ауыл шаруашылық жерлерінің иелері мен пайдаланушыларына қолдау көрсетілуі керек, мұнымен топырақтың тиісті сапасын сақтау арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің жоғары экологиялық стандарттарын қамтамасыз етуге шақырады [56, с. 254].

Экологиялық тұрғыдан, өсімдік зиянкестерімен күресте пайдаланылатын пестицидтердің қоршаған ортаға экологиялық әсерін анықтау маңызды. Химиялық заттарды ауыл шаруашылығында ұзақ уақыт бойы тұрақты негізде қолдану, олардың қалдықтарының қоршаған ортада, оның ішінде топырақта, жерасты суларында және өсімдікте қорлануына әкеледі. Пестицидтерді үлкен көлемде қолданған кезде олардың қалдықтары қоршаған орта объектілерінде жиналып, халық күнделікті тұтынатын азық-түлік пен тамақ құрамында кездесуі салдарынан денсаулыққа жағымсыз әсерлер тудыруы мүмкін, сонымен қатар, халық тұтынып отырған ауыз судың сапасына теріс әсер етеді. Пестицидтерді ауыл шаруашылығында қолдану ерекшеліктеріне олардың биосферадағы айналысы, жоғары биологиялық, химиялық белсенділігі, жергілікті жерде шоғырлануы мен қорлануы, халықтың пестицидтік препараттармен мәжбүрлі түрде физикалық байланысын жатқызамыз. Пестицидтердің топырақта, өсімдіктерде, жануарларда жинақталуы заттардың биологиялық айналымының бұзылуларына және топырақ өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Топырақ химиялық тұрғыдан күрделі және биологиялық белсенді жүйе ретінде пестицидтердің таралуына кедергі келтіреді, себебі пестицидтердің зиянды заттарын бойына сіңіріп алады, бұл олардың табиғатта айналымын төмендетеді. Алайда, тұрақты түрде пестицидтерді бірнеше рет қолдану арқылы топырақ өсімдік шаруашылығының, содан кейін мал шаруашылығының ластану көзі бола алады.

Биологиялық аспектіде, биоәртүрліліктің сақталуы ауыл шаруашылығының негізі болып табылады. Ауыл шаруашылығы биоәртүрлілігіне жануарлардың, өсімдіктердің мен ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты микроағзалардың сан алуан түрлерінің сақталуы жатады. Әрбір жануардың, өсімдіктің және микроағзалардың өз табиғи мекенінде сақталуы, ауыл шаруашылық зиянкестерімен және аурулармен күрес мәселелері экожүйені реттеуде маңызды рөлге ие. Өсімдік ауруларының таралуынан кейбір өсімдік түрлерінің жойылуы, шығымдылығының азаюы, тіпті гендік түрленуге ұшырауы мүмкін.

Ауыл шаруашылығын жүргізудің соңғы технологиялық әдістері азық-түлік өндірісінің өнімділігін арттырып, азық-түлік қауіпсіздігінің артуына септігі тигенімен, жер пайдалану құрылымының өзгеруіне, химикаттардың пайдаланылуы қоршаған ортаның ластануына алып келеді. Сондықтан да биоәртүрлілік сақталуы үшін фермерлер мен үкімет жеке мемлекеттік серіктестік жағдайында өзара бірлескен іс қимылды бірігіп атқаруы тиіс.

Фитосанитарлық қауіпсіздік туралы айтқанда, мемлекеттік фитосанитарлық бақылау жүргізетін объектілердің жағдайына назар аударамыз. Әрекет етуші заңнама бойынша фитосанитарлық бақылау объектілеріне карантинді объектілер, яғни 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» Заңы 1-бабына сәйкес, «карантинді объект – өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған, Еуразиялық экономикалық одақтың карантинді объектілердің

бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктер зиянкесі, ауруын қоздырғыш немесе арамшөп» жатқызылады [23]. Осы карантинді объектінің өсімдікте, өсімдіктен алынатын өнімде, өсімдік сақталатын ыдыста, өсімдіктерді буып түйетін, қапталатын орамада, жүктерде, топырақта болмауы қадағаланады. Фитосанитарлық қауіпсіздік жайлы сөз болғанда тек карантинді объектілермен шектелмейді, одан әрі фитосанитарлық іс-шаралар, фитосанитарлық бақылау (қадағалау), фитосанитарлық есептілік, фитосанитарлық сертификаттау, фитосанитарлық сараптама, өсімдіктерді қорғау мақсатында пайдаланылатын құралдар және т.б. агрохимикаттар айналысы, оларды өндіру, тасымалдау, олармен жұмыс жасау, фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы халықаралық қызмет пен халықаралық ынтымақтастық, сыртқы сауда қызметтерін және т.б. қамтитын болғандықтан бұл саладағы құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік базаның заман талабына, халықаралық стандарттарға сай болуымен, өсімдік қорғаудың химиялық, биологиялық әдістерінің қолданылуы үшін техникалық-материалдық жабдықталуымен тығыз байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымы мен құқықтық табиғатын, ҚР Ұлттық қауіпсіздік, экологиялық, экономикалық, азық-түлік, санитарлық, ветеринарлық қауіпсіздік түрлерімен арақатынасын анықтай келе, фитосанитарлық қауіпсіздік дегеніміз - қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған, адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған ортаның, жануарлар мен өсімдік дүниесінің зиянды ағзалардан (өсімдіктер зиянкестері, өсімдік аурулары мен арамшөптерден) қорғалуының жай-күйі. Фитосанитарлық қауіпсіздік мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады, және экологиялық, санитарлық, азық-түлік, ветеринарлық қауіпсіздік түрлерімен тығыз байланысты. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында экономикалық тұрақтылық, адамның өмірі мен денсаулығы, өсімдік пен жануарлардың саулығы, экожүйенің тұтастығы мен тепе-теңдігінің сақталуы, өсімдік биоәртүрлілігінің қорғалуы, ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің мүдделері қамтамасыз етілуі қажет. Фитосанитарлық қауіпсіздік және өсімдіктерді зиянды ағзалардан қорғау ұғымы бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бірақ сонымен бірге, олар бірдей ұғым емес. Фитосанитарлық қауіпсіздік статикасын көрсете отырып, түпкілікті нәтиже болса, ал «өсімдіктерді зиянды ағзалардан қорғау» ұғымы осы саладағы құқықтық қатынастардың динамикасын көрсетеді, яғни нәтижеге жету үшін жүзеге асырылған әрекеттер легі болып табылады.

1.2 Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қалыптасу кезеңдері: тарихи-құқықтық аспекті

Әлемдік ықпалдастықтардың артуы трансшекаралық байланыстар мен халықаралық сауданың дамуы зиянды ағзалардың өсімдікпен бір мемлекеттен өзге мемлекет аумағына енуі өсімдіктер дүниесі үшін ғана емес, қоршаған ортадағы биоәртүрліліктің сақталуына, егістің түсіміне, ел

экономикасының дамуына кері әсерін тигізді. Сондықтан да әрбір мемлекет үшін фитосанитарлық қауіпсіздік саласы құқықтық реттеуді қажет етті.

Өсімдік ауруларынан қорғау шаралары ежелгі заманнан пайдаланылды. Б.з.д. IV ғасырда Демокрит өсімдік зиянкестері мен ауруларынан қорғау үшін дәнді дақылдардың тұқымын себу алдында оларды жасаң орамжапырақтың сөліне салуды ұсынған [57, с. 249].

Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету тарихы өз бастауын орта ғасырлардан алады. Еуропада орта ғасырдан бастап Еуразия контингенті елдері арасындағы мемлекетаралық сауданың гүлденуі өз кезегінде эпидемиялық аурулардың таралуына алып келді. Инфекциялық аурулардың алдын-алу үшін Венеция өз айлақтарында карантин енгізе бастады. 1374 жылы Италияда карантин ұғымы заңнамаға енгізілді, кемелердің белгілі-бір уақытта порттарда шеттетілуін білдірді. Орта ғасырларда оба ауруының таралуына байланысты, бұл аурудың белгілері болса басқа ел аумағына кіргізуге тыйым салынды, эпидемия таралған жағдайда қала мен облыстарды толығымен оқшаулаған. Өсімдіктер карантиніне байланысты ең алғашқы заң 1660 жылы Францияда қабылданды. Ол бидай үшін ең маңызды бөлігі бидай сабағының татыауруымен байланысты болды. Фермерлер бұл аурудың таралуына қатар өсіп тұрған барбарис өсімдігі себепші болуы мүмкін деп тұжырымдады, тиісінше заң бойынша барбаристі жою бекітіліп, 1700 жылдары АҚШ-тың Род-Айланд және Массачутес штаттары осыған ұқсас заң қабылдады. 1800 жылдары Германияда барбариска қатысты қадағалау заңнамалары пайда болды. 1874-1875 жылдары Германияда картопта зиянкес колорадо қоңызының енуінен, 1875 жылы арнайы жарлық қабылданып, басқа елдерден картоп және оған қатысты материалдарды әкелуге тыйым салынды. Ал, 1859 жылы АҚШ-тан Францияға жүзім филлоксерасының әкелінуінен шарап өнеркәсібіне зиян келді. Филлоксера көп ұзамай Австралиядағы жүзім алқаптарында да таралып, Франциядағы 1 миллион га. жүзім алқабын жойып, еуропалық жүзім өсіру индустриясы шығынға ұшырады. 1877 жылы зиянкестермен күресу үшін Австралияда арнайы заң қабылданды [58, р. 19].

Францияда елдің Ауыл шаруашылығы және Сауда Министрлігінің ұсынысымен елге филлоксера және өзге де зиянкестердің әкелінуінің алдын-алу мақсатында бақылау жүргізетін филлоксераға қарсы мамандандырылған комитеттер құрылды [59, с. 19].

1877 жылы АҚШ-та батыстағы төрт штат: Канзаста, Миссурида, Миннесотада, Небраскада өсімдіктерді қорғау туралы нормативті заң актілерін қабылдай бастады. Бұл заңнамалық актілерде шегірткеден зардап шеккен аудандарда зиянды ағзалардың таралуын шектеу мақсатында шегіртке миграциясына бақылау жасауды құқықтық реттеу мәселелері реттелді. АҚШ-тағы мемлекеттер арасында ауру жұқтырған өсімдіктер тасымалын шектеуге арналған акті 1892 жылы 15 қаңтарда Ұлттық Конгресте қаралды, онда ағаштардың, өсімдіктердің және жүзім сабағының, ұсақ жәндіктермен және көбелектермен, олардың жұмыртқаларымен, кез-келген өсімдік ауруларымен зақымдалған ағаштарды, өсімдіктерді және жүзім сабағын мемлекетаралық тасымалдау – осындай аурулар таралған елдерден АҚШ-қа әкелгені үшін

жазалау шараларын қолдану ұсынылды. Одан әрі 1909-1912 жылдары АҚШ Конгресінде карантиндік заңнамаға қатысты қызу пікірталастар болып, қорытындысында 1912 жылы 20 тамызда «Өсімдік карантині туралы» арнайы Заң қабылданды. Бұл заң бойынша Ауыл шаруашылық министрлігі АҚШ-қа өсімдіктердің әкелінуіне рұқсат беру және тыйым салу мәселелерін реттейді [60, p. 12].

1859 жылы филлоксераның АҚШ-тан Францияға индиялық жүзім сортымен әкелініп, келесі жиырма жыл бойы Орталық Еуропа елдері мен шығыста Ресейдің Қара теңіз аймағына дейін таралуы әлем елдерінің алаңдаушылығын тудырды, филлоксера зиянкесінің таралу аймағын шектеу үшін тиімді бақылау жүйесін заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселелері көптеген пікірталастар тудырып, бұл мәселелерді талқылау барысында өсімдік карантині саласында бірнеше халықаралық шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, өсімдік карантині жүйесін ұйымдастыру халықаралық масштабта 1877 жылы, Швейцарияның Лозанна қаласында оңтүстік Еуропада филлоксераның таралуынан жүзім алқаптарының жойылуын болдырмау үшін шаралар қабылдау жөнінде бірнеше ел өкілдерінің жиналған отырысы болды, 1878 жылы 1 қыркүйекте Берн қаласында халықаралық конвенция қабылданып, оған Германия, Австро-Венгрия, Швейцария, Франция, Бельгия, Голландия қол қойды. Кейінірек бұл конвенцияға Италия, Испания, Бельгия, ал Бірінші Дүниежүзілік соғыстан соң – Венгрия, Чехославакия және Югославия қосылған болатын. Конвенцияда филлоксера ошағы орналасқан елдерге жүзім тұқымы мен көшеттері саудасына тыйым салынды. Одан соң 1881 жылы Берн қаласында екінші халықаралық конвенция қабылданды, оған сәйкес, егер отырғызылатын материалдың партиялары инфекция ошақтарынан оқшауланған питомниктерден жіберілген жағдайда, жүзім және де жеміс-жидек отырғызатын материалдардың басқа елдерге жіберілуіне қойылған шектеу алынып тасталды. Бұл құжатпен мүше елдер аумағында өсімдік қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдардың қызмет атқаруы, ғылыми зерттеулер жүргізу, филлоксерамен күрес бойынша қол жеткізілген зерттеу жетістіктері туралы хабардар ету, әкелуге рұқсат етілген отырғызу материалдары мен өнімдерінің тізімдерін жариялау міндеттелді. Осы келісім бойынша жүк тексеру барысында тек өсімдіктерді ғана емес, көшеттерді де тексеру қағидасы бекітілді [61, с. 19].

1881 жылы Бернде Екінші Халықаралық конвенция қабылданып, оған сәйкес отырғызу материалдарының партиялары инфекция ошақтарынан оқшауланған питомниктерден жіберілсе, жүзім отырғызу материалдары мен жеміс-жидек өсіру материалдарын экспорттауға рұқсат етілді [62, с. 5]. Филлоксерамен қатар мақтаның күйе көбелегі, картоп обыры және т.б. өсімдіктің зиянкестері мен ауруларының таралуынан ауыл шаруашылық зиянкестерімен күресте өсімдік карантині мәселесін халықаралық құқықтық реттеу мәселелерін одан ары жалғастыруды талап етті. 1870-1915 жылдар аралығында Германия, Франция, Австралия, Австрия, АҚШ, Мексика және т.б. өсімдік өнімдері айналымына қатысатын және ауыл шаруашылығы дамыған елдерде өсімдік карантині саласында заңдар қабылдана бастады. XX ғасырдың

70-жылдары дүние жүзі бойынша жүзден астам елдерде өсімдік карантині саласында ережелер бекітіліп, олардың атқарылу барысын бақылап отыратын ұйымдар құрылған болатын [62, с. 6].

1905 жылы 29 мамыр - 6 маусым аралығында Римде Халықаралық ауыл шаруашылық институтын құру туралы конференция өтіп, 7 маусымда арнайы Конвенция қабылданды. Халықаралық ауыл шаруашылық институты Римде тұрақты түрде орналасатын болды. Конвенцияда аталмыш Институт өзінің халықаралық саладағы қызметінде:

- ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің саудасының әртүрлі нарықтардағы басымдықтарға қатысты мүмкіндігінше жылдам статистикалық, техникалық және экономикалық ақпарат беруге;

- жоғарыда аталған барлық ақпаратты мүдделі тараптарға мүмкіндігінше жылдамырақ байланыстыруға;

- әлемнің кез-келген жерінде пайда болуы мүмкін жаңа көкөніс аурулары туралы ақпарат беру, олардың таралу аумақтарын, аурудың барысын және мүмкіндігінше оларды бақылауда тиімді емдеу әдістерін көрсетуге;

- ауыл шаруашылық кооперациясына, сақтандыру мен несиеге байланысты мәселелерді зерттеуге; ауыл шаруашылық кооперациясына, сақтандыру және несиеге байланысты жұмыстарды ұйымдастыру кезінде басқа елдерге пайдалы болуы мүмкін ақпаратты жинау және жариялауға;

- халықаралық немесе басқа ауыл шаруашылық немесе ғылыми конгрестерінде ауыл шаруашылыққа, ауыл шаруашылық қоғамына, академияларға, ғылыми мекемелерге және т.с.с. фермерлердің ортақ мүдделерін қорғауға және олардың жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар білдіруге міндеттелді [63].

Жоғарыда аталған Халықаралық Ауыл шаруашылық институтының ұйымдастыруымен 1910 жылы Римде ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларымен күрес бойынша конференция өтті. Конференция қызметі нәтижесінде барлық өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау бойынша жаңа конвенция жобасы әзірленіп, 1914 жылы француз үкіметінің бастамасымен оған әлемнің отыз елі қатыса отырып, өсімдік зиянкестері және ауруларымен бірлескен күресу жұмыстарын жүргізу үшін өсімдік денсаулығы туралы сертификат алмасу мәселелері талқыланды. 1923 жылы Нидерландының Гаага қаласында өсімдік зиянкестері мен ауруларымен күресу бойынша отырыс болса, 1929 жылы Римде 24 елдің қатысуымен халықаралық конференция өткізуге дайындық жұмыстарын әзірлеу бойынша комитет құрылды. Атқарылған жұмыстары нәтижесінде 1929 жылғы Рим конвенциясы қабылданып, оның негізгі ережелері төмендегіше болды:

- Конвенцияға қатысушы елдерде арнайы өсімдіктерді қорғау ұйымдарын ұйымдастыру;

- келісуші елдерде арасында өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын таралуына қарсы құқықтық және әкімшілік шаралар енгізу;

- карантиндік шаралар енгізілген зиянкестер мен өсімдіктер ауруларының тізімін ресми түрде жариялау.

- өсімдіктердің импорты мен экспортын бақылау;

- фитосанитариялық іс-шаралардың негізі ретінде сертификаттармен алмасу [64, с. 27-28].

Екінші Дүниежүзілік соғыстан соң, 1951 жылы 6 желтоқсанда Римде БҰҰ Азық-түлік және Ауыл шаруашылық ұйымында Өсімдіктерді қорғау бойынша Халықаралық Конвенция қабылданды. Өсімдік қорғау бойынша дүниежүзілік ұйым 1881, 1929 жылдардағы келісімдердің күшін жойды. КСРО 1956 жылы бұл Конвенцияға мүше болды. Конвенция бойынша, нормативтік, техникалық, әкімшілік шаралар өсімдіктер мен өсімдік өнімдерінің аурулары мен зиянкестерінің пайда болуын және таралуынан сақтық шаралары ретінде аталды. Аталмыш Конвенцияда фитосанитарлық сертификат туралы арнайы ережелер көрініс тапты. Фитосанитарлық сертификатты өсімдіктерді қорғау ережелеріне сәйкес сараптама жүргізіліп, уәкілетті, техникалық білікті мамандармен ғана фитосанитариялық сертификаттар беру құзіреті бекітілді [64].

1951 ж. 18 сәуірде Батыс Еуропа мемлекеттері Еуропалық және Жерорта теңізіндегі өсімдіктерді қорғау ұйымын құру туралы келісім жасады. Осыдан кейін, 1956 ж жылы Оңтүстік-Шығыс Азия мен Тынық мұхиты аймағындағы өсімдіктерді қорғау жөніндегі ұйым құрылды. Зиянды ағзалардың өсімдіктермен тасымалданбауы, өсімдік зиянкестерімен күрес бойынша халықаралық қызметті үйлестіру, өсімдік зиянкестері бойынша ақпаратпен мүше елдерді қамтамасыз ету, біріздендірілген фитосанитарлық сертификаттар беру мәселелері, осы саладағы ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүзеге асыру қызметтері бойынша Еуропалық және Жерорта теңізіндегі өсімдіктерді қорғау ұйымы өсімдік қорғау бойынша аймақтық ұйым болып танылды [64].

Өсімдік қорғау бойынша Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Азық-түлік және Ауыл шаруашылық ұйымының ұйымдастырған 1997 жылғы Жиырма тоғызыншы сессиясында қайта қаралып, атауы Өсімдік карантині мен оларды қорғау бойынша Конвенция болып өзгертілді, жаңадан қабылданған өзгерістерге сай әрбір мүше елдің осы саладағы ұлттық ұйымының болуы талап етілді, ең маңыздысы зиянды ағзалар және олармен күрес туралы ақпараттың қолжетімділігі, бірлескен ғылыми жұмыстар жүргізуі, фитосанитарлық карантиндік регламенттерін шығаруға және де конвенциямен міндеттелетін өзге де қызметтерді жүзеге асыру жүктеледі. Бұл Конвенцияға 2020 жылғы ахуал бойынша 184 мемлекет мүше, мүше елдер халықаралық стандарттар дайындауда ынтымақтастыққа келіседі және де аймақтық стандарттар халықаралық стандарттарға сәйкес келуі тиіс, халықаралық стандарттар мен конвенция аясында іс-шаралар жүргізуі міндетті. Халықаралық конвенцияға сай Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Азық-түлік және Ауыл шаруашылық ұйымында Фитосанитарлық шараларға байланысты арнайы Комиссия құрады, аталған ұйым фитосанитарлық шаралар жүргізу бойынша басшылыққа алынатын халықаралық стандарттар әзірлейді, бүгінгі таңда фитосанитарлық терминдер, фитосанитарлық сертификат, фитосанитарлық тәуекел талдауы және т.б. өзгерістер енгізілді [66].

1994 жылғы БҰҰ құру туралы Марракеш Келісінде БҰҰ-ның құрылу мақсаттары төмендегіше көрсетілген: экономикалық, сауда қатынастарын

реттеу, қоршаған ортаны қорғау мен сақтауға көмек көрсету. Бұл мақсаттарға саудадағы кедергілерді азайту бойынша өзара келісімдерге қол жеткізу арқылы жету көзделген [67].

1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық сауда саласындағы реттеуші орган Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуымен Уругвай раундында фитосанитарлық қауіпсіздік саласында Санитарлық және Фитосанитарлық шаралар бойынша келісім [68] қабылданды. Халықаралық саудада импортталатын тауардың қауіпсіздігі адам мен жануарлар үшін тамақта, жем- шөп құрамында зиянды заттардың кездеспеуімен, ал жануарлар мен өсімдіктерде зиянкестердің, аурутудырғыш ағзалардың кездеспеуімен сипатталады. Тауар қауіпсіздігі үшін онда зиянды ағзалардың болмауын нарыққа тауар түспес бұрын тексеру мен бақылау - санитарлық және фитосанитарлық шаралар деп аталады.

Фитосанитарлық қауіпсіздіктің құқықтық қамтамасыз ету кезеңдері халықаралық деңгейде мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Бірінші кезеңді тұңғыш рет халықаралық деңгейде 1878 жылы 1 қыркүйекте Берн қаласында Филлоксераға қарсы қажетті шаралар мәселелері бойынша халықаралық конвенция қабылдануымен, 1905 жылы 7 маусымда Халықаралық ауыл шаруашылық институты құрылуымен, өсімдік карантині мәселелерінің халықаралық деңгейде алаңдатушылық туғызып, ортақ келісілген конвенциялардың (1881 жылы Бернде, 1910, 1929 жылдары Римде, 1914 жылы Францияда, 1923 жылы Нидерланды) қалыптасуымен байланыстыруға болады.

2. Екінші кезеңде, 1951 жылы 6 желтоқсанда Римде БҰҰ Азық-түлік және Ауыл шаруашылық ұйымында Өсімдіктерді қорғау бойынша Халықаралық Конвенция қабылданып, өсімдік қорғау бойынша мамандандырылған, арнайы аймақтық ұйымдар және ұлттық ұйымдар жұмысын бастады.

3. Үшінші кезеңге Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуымен Санитарлық және Фитосанитарлық шаралар бойынша келісімінің 1995 жылдың 1 қаңтарында қабылдануын жатқызуымызға болады. 1997 жылы Өсімдіктерді қорғау бойынша Конвенцияның мәтіні қайта қаралып, Өсімдік карантині мен оларды қорғау бойынша Халықаралық Конвенция деп өзгертілуімен байланысты конвенцияға мүше мемлекеттер ұлттық заңнамаларын халықаралық стандарттардың талаптарына сай үйлестіру жұмыстарын жүргізді.

Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңдардың Қазақстанда қалыптасуы ол Қазақстан Ресей құрамында болғандықтан Қазақстан аумағында патшалық Ресейдің заңдары әрекет етті.

Жүзім алқаптарына филлоксераның таралуы Ресейдегі 1873 жылы өсімдік карантині бойынша алғашқы жарлық қабылдануына себепкер болды. Жарлық Ресейге шекарадан жүзім сабақтары мен бөліктерінің әкелінуін шектеді. 1881 жылы Қара және Азов теңіздері айлақтарына өсімдіктер, топырақ, жүзім тұқымдарын тасымалдауға тыйым салды [69, с. 9].

1875 жылы картоптың колорада қоңызының таралуына байланысты шектеу белгіленген жарлық қабылданды, Ресейге жүзім сабақтарын әкелуге тыйым салу туралы Жарлықтың мақсаты Ресей аумағына жүзім сабағын және

отырғызу материалымен бірге жүзім зиянкесі – филлоксераның әкелінуінің алдын-алу болды. Бірақ патшалық үкімет кешігіп қалған болатын, 1872 жылға дейін филлоксера Германиядан Ресей аумағына Қырымға, Кавказға, Бессарабияға таралған болатын. Филлоксералық жұмыстары үкіметтік ұйымдарға жүктеліп, филлоксералық комитеттер құрылды. 1894 жылы патшалық Ресей сауданың дамуына кедергі келтіруіне байланысты карантиндік шектеулерді алып тастады, американдық жүзімді сатуға рұқсат берілді, Ресейдегі алғашқы карантиндік заңнама жұмысын тоқтатты.

Ресейде мақта карантиніне деген қажеттілік 1913-1914 жылдары пайда болды. Мақта өсіруде ел экономикасына орасан зиян келтіретін зиянкестер, мақта көбелектерін (қызғылт құрт) әкелуден қорғау мақсатында Мысырдан мақта тұқымын әкелуге тыйым салынды.

Кеңестік кезеңге дейінгі заңнамада өсімдік зиянкестері мен ауруларын алдын-алуға бағытталған талпыныстар жасалды, бұл саладағы заңнаманың пайда болуына филлоксераның таралуы себеп болғаны айқын, өкінішке орай, 1894 жылы карантиндік шектеулердің алынып тасталуымен заңнама әрекет етуін тоқтатып, өз мақсатына жете алмады.

Қазақстан аумағында өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестерінің бірі шегірткенің қаптауынан 1921-1927, 1931-1937, 1944-1947, 1953-1956 жылдары және т.б. егіннің түсімі азайған, ауыл шаруашылығына шығын әкелген [70, с. 3]. Біздің ойымызша, бұл жылдар 1921-22, 1932-1933 жылдары Қазақстандағы аштық жылдарымен қатар келеді, аштықтың болуының тарихи-саяси себептері болғанымен шегірткенің қаптауы жанама себеп болуы мүмкін.

1931 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық зиянкестерімен және ауруларымен күресу қауымдастығының жүйесінде Бірыңғай карантиндік қызмет Кеңес Одағында құрылуына алғышарттар жасала бастады. Осы сәттен бастап жеке зиянкестер мен аурулардың енуіне және қоныс аударуына қарсы кездейсоқ шаралардан жеке дақылдарды ғана емес, оларды кешенді қамтитын жүйелі карантиндік шараларға көшу басталады [71].

1931 жылы 5 маусымда КСРО Ауыл шаруашылығы Министрлігінде Мемлекеттік карантиндік инспекциясы құрылған болатын. 1931 жылы Бірыңғай карантиндік аурулар мен зиянкестер тізімі бекітілді. КСРО үшін сыртқы карантин белгіленген зиянкестер мен өсімдік аурулары тізіміне:

- бірінші топқа - КСРО аумағына еніп зақымдау көзі болатын аса қауіпті зиянкестер мен аурулар: калорадо картобы қоңызы, картоп күйе көбелегі, мақта күйе көбелегі, австралиялық қызғылт құрты, бактериялық және саңырауқұлақ аурулары,

- екінші топқа – толық шектеуге эмбарго тудыратын, әкелінген елге қайта қайтарылатын зиянкестер мен аурулар: құлпынай нематоды, картоп және цитрус нематодасы және т.б. жатқызылса,

- үшінші топқа өткізу нүктелерінде зарарсыздандыру қолданылатын зиянкестер мен аурулар: құлпынай кенелері, гладиолус трипсі және т.б. жатқызылды [72, с. 10-31].

КСРО Мемлекеттік шекарасын санитарлық қорғау - адамдар мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының, сондай-ақ, шетелден, КСРО

шекарасынан тыс және КСРО шекарасындағы өсімдіктер мен арамшөптер зиянкестерінің және ауруларының енуіне жол бермеуге бағытталған 1931 жылғы 23 тамыздағы КСРО Орталық Атқару комитеті, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «КСРО мемлекеттік шекарасын санитарлық қорғау туралы» № 671 қаулысымен: «КСРО Мемлекеттік шекарасын санитарлық қорғау үшін медициналық-санитарлық және әкімшілік-санитарлық шаралар қолданылады. Медициналық-санитарлық және әкімшілік-санитарлық шаралар КСРО Министрлер Кеңесі белгілеген тәртіппен анықталады. Әкімшілік-санитарлық шараларға: КСРО мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін адамдарға, жануарларға, тауарларға, өсімдіктерге, тұқымдарға, отырғызу материалдары арналған карантин жатқызылды» [72]. 1983 жылғы өзгерістерге сай, санитарлық қорғау медициналық-санитарлық, ветеринарлық-санитарлық, фитосанитарлық, әкімшілік-санитарлық деп төрт түрге жіктелді [73].

1934 жылы 20 қарашада КСРО Халық комиссарлар Кеңесінің қаулысымен «Сыртқы карантин туралы Ереже» бекітілді. КСРО аумағын ауыл шаруашылық және орман зиянкестерінің, өсімдік ауруларының және арамшөптердің енуі мен таралуынан қорғау мақсатында сыртқы карантин КСРО аумағынан тыс шекарадан әкелінетін келесідей материалдарға таралды:

1. мәдени және жабайы өсімдіктердің тұқымдары (жинау, өсіру, егу, техникалық және тамақтану мақсаттары үшін);

2. барлық тамырлар, тамыршалар, түйнектер, баданалар, жемістер;

3. тірі өсімдіктер мен олардың бөліктері: көшеттер, кесінділер, жүзім сабақтары, сондай-ақ, кесілген гүлдер,

4. жәндіктер, өсімдіктер топтамалары, топырақ, ауыл шаруашылық шикізаттары және т.б. [69, с. 28-30]. Карантинге жататын материалдарды шет елдерден рәсімдеген кезде импорттайтын органдар экспорттаушыдан экспорттаушы елдің карантиндік қызметі немесе өсімдік қорғау ұйымы берген ресми сертификатты ұсынуын талап етуі тиіс. Бұл сертификатта жүктің карандиндік зиянкестер және өсімдік ауруларымен зақымданбағанын куәландыруы керек. Ережеге сәйкес, карантиндік қарау немесе сараптама кезінде (айлақта, кеденде және зертханаларда, КСРО-ға жіберілген пошталық жіберілімдерде, қол жүгінде) бекітілген сыртқы карантин тізімінде кездесетін немесе КСРО аумағында таралмаған және тізімге енгізілмеген карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары табылған жағдайда карантиндік инспекция келесідей шаралар қолданылады:

1. толық шектеу (эмбарго) – шет елге қайтару немесе тасымалдау пунктінде барлық материалды жою;

2. карантиндік инспекция белгілеген әдістермен міндетті зарарсыздандырудан кейін қалған зарарсыздандырылған бөлігін КСРО-ға өткізумен материалдардың зақымдалған бөлігін алып қою және жою;

3. зарарсыздандыру камералары арқылы міндетті түрде өткізу;

4. КСРО аумағында алып жүрудің арнайы маршрутын белгілеу және т.б. [69, с. 28-30].

1940 жылы Жер Халық Комиссариаты ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері, аурулары және арамшөптердің тізімін бекітті. Бұл тізімге 101

зиянкес, 45 түрлі саңырауқұлақ және бактериялық аурулар, 5 нематодтар және 27 арамшөптер түрлері енгізілді. 1942, 1962, 1967, 1980 жылдары бұл тізім өзгертіліп және толықтырылып отырды [61, с. 30].

КСРО 1956 жылы Өсімдіктер карантині мен оларды қорғау бойынша халықаралық Рим Конвенциясына қосылды. Өсімдіктерді қорғау бойынша Еуропалық және Жерорта теңізі елдерінің Ұйымына қосылды. 1960 жылы СЭВ Экономикалық өзара көмек Одағы елдері арасында жасалынған өсімдіктерді карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді ратификациялады.

1962 жылғы 13 сәуірдегі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Арам шөптермен күресуді күшейту туралы Жарлығы бойынша, «егін даласындағы, шабындықтар мен жайылымдардағы, егінді қорғайтын алқаптарындағы, бақтардағы, жүзімдіктердегі, питомниктердегі, парктердегі, егін арасындағы жолдар мен сүрлеу жолдардың бойындағы, ирригация-мелиорация жүйесі учасоктарындағы, темір жолдар мен тас жолдарға бөлінген алаптардағы, егін даласына жапсарлас шоқ тоғайдағы, межелердегі, усадьбалардағы, егінші қостарындағы, қырмандағы, бос жерлердегі, колхозшылардың, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілерінің және басқа азаматтардың үй іргесіндегі учасоктарындағы, қалалардың, поселкелердің, селолардың, ауылдардың ортақтасып пайдаланатын жерлеріндегі және басқа жерлеріндегі арам шөптермен батыл күресу жер пайдаланушылардың барлығына міндеттелді. Сонымен қатар, карантин салынған, ауыл шаруашылық өндірісіне үлкен зиян келтіретін, ауыл шаруашылық өндірісіне дақылдарының шығымдылығын қауырт төмендететін, анағұрлым көп тараған, залалды арам шөптерді (қара сұлыны, қалуенді, бидайықты, арам шырмауықты, арам күнбағысты және басқаларын) құртуға ерекше назар аударылды. Жер пайдаланушы арам шөптермен күресу шараларын қолданбаған ретте еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советінің атқару Комитеті тиісті жер пайдаланушыға ескертпе жасайды, соынмен бірге оған арам шөптермен күресу жөніндегі шараларды атқару комитеті тағайындаған мерзімнің ішінде жүзеге асыру міндетін жүктейді. Арам шөптермен күресу жөніндегі шараларды ескерткеннен кейінгі жерде қолданбау кінәлі болған қызмет адамдары мен азаматтарға айыппұл салуға әкелді. Айыппұл колхоздардың председателдеріне, совхоздардың, орман шаруашылықтарының, қосалқы шаруашылықтардың, тәжірибе станцияларының директорларына, теміржол көлігі кәсіпорындарының басшыларына, тас жолдардағы жол учасоктарының бастықтарына, басқа да шаруашылықтардың басшыларына 20 сомнан 30 сомға дейін мөлшерде, колхозшыларға, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілеріне, жер учасогы бар өзге де азаматтарға 5 сомнан 10 сомға дейінгі мөлшерде салынды» [74, с. 45-48].

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1968 жылғы 12 сәуірдегі «Республикада бақ шаруашылығы мен жүзім шаруашылығының жайы және одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» Қаулысымен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы

жөніндегі мемлекеттік комитетіне, облыстық советтердің атқару комитеттеріне, совхоздардың, жеміс орман шаруашылықтарының басшылықтарына жеміс жидек және жүзім егістерін зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі шаралардың дер кезінде өткізілуін, неғұрлым перспективалы және улы химикаттарды пайдаланып, алма жемісін құртушыларға, жеміс кенелеріне, ұнтақты шықтарға қарсы күреске басты назар аударылсын [75, с. 17-18] деп көрсетілді.

Табиғатты қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы Қазақстан КП комитетімен Қазақ ССР кеңесінің 1973 жылғы 3 мамырдағы № 240 қаулысында Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігіне колхоздармен совхоздардың және министірлік жүйесіне енетін басқада ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен ұйымдарының пайдалануындағы жерлердің қорғалуымен тиімді пайдалануының ұйымдастырылуы үшін ауыл шаруашылығы улы химикаттардың дұрыс қолданылуы үшін, ауыл шаруашылық дақылдармен екпе ағаштардың ауруларымен зиянкестеріне қарсы күрестің биологиялық әдістерінің дамытылып, кеңінен қолданылуы үшін жауапты болады және жерді пайдалану мәдениетіне бақылау жасайды. Министірліктердің ведомстволарымен азаматтардың өсімдік зиянкестерімен ауруларына қарсы күрес жөніндегі шараларды жүргізуге, зиянды заттардың ауыл шаруашылық өнімдеріне түспеуіне, олардың топырақта, суаттар мен жерасты суларына жиналуын болдырмау үшін улы химикаттарды пайдаланудың белгілеген тәртібін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады [76, 17 б.].

1969 жылғы 10 ақпандағы КСРО Министрлер Кеңесі № 113 Шешімімен Ауыл шаруашылық Өсімдіктері ауруларынан қорғауды ұйымдастыруды жетілдіру туралы шаралар КСРО Ауыл шаруашылық министрлігіне және Кеңестерге міндеттелді. Одақтас республикалардың министрлері шараның әзірленуін және орындалуын қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылық зиянкестер мен аурулардан өсімдіктерді қорғаудың кешенді шаралары, жергілікті жағдайларға, ғылыми мекемелердің ұсыныстарына негізделген күресудің агротехникалық, биологиялық және химиялық әдістері ұтымды үйлесімділік табуы қажетті. КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Министрлер Кеңесіне Одақ республикалары: құрылымды жергілікті жағдайларға сәйкес қарастыру және бекіту, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік қызмет органдары республикалық және облыстық (облыстық) қорғаныс станцияларымен бірге, өсімдіктерді қорғау жөніндегі зоналық және аудандық (ауданаралық) станцияларды ұйымдастыру; кадрлық және техникалық жарақтандыруды күшейту жөнінде шаралар қолданады, республикалық, провинциялық, аймақтық, аумақтық, аудандық (ауданаралық) өсімдіктерді қорғау станциялары, дабыл пункттері және зиянкестер мен өсімдіктердің пайда болуы мен дамуы туралы болжамдармен өсімдіктерді қорғау бойынша басқа ұйымдармен қамтамасыз етеді, осы ұйымдар үшін қажетті өндірістік объектілерді, әкімшілік және тұрғын үйлерді салуы міндеттелді [77].

Ормандарды өрттен қорғау және оларды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындықтан 1968

жылғы 31 мамырдағы «Орманды өрттен және зиянды инсекциялар мен аурулардан қорғауды жақсарту туралы» КСРО министрлер кеңесішешімімен: КСРО Министрлер Кеңесінің Орман шаруашылығы бойынша мемлекеттік комитеті өртке қарсы іс-шараларды жүргізу, орман өрттерімен күресу және ормандарды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау туралы шығарған бұйрықтар, нұсқаулар мен ережелер барлық министрліктер мен ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға жетекші болып табылатындығы белгіленіп, КСРО Ғылым академиясына зиянды жәндіктермен және орман ауруларымен күресудің химиялық әдістерін жетілдіру саласында теориялық зерттеулерді күшейтуге, бұл мақсатта жүйелік препараттарды кеңінен қолдануға, сонымен қатар, тиімді биологиялық, соның ішінде микробиологиялық, бақылау әдістерін табуға; КСРО Денсаулық сақтау министрлігі КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігімен және КСРО Мемлекеттік орман шаруашылығы комитетімен бірлесіп 1968-1970 жылдары адамдарға, үй жануарларына және зиянды жәндіктер мен орман ауруларын бақылау үшін орман шаруашылығында қолданылатын пестицидтердің пайдалы орман фаунасына әсерін зерттеуге; дәлелді қорғаныс шаралары жүйесін әзірлеуге жауапты болып белгіленді [78].

1978 жылғы 11 тамыздағы Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР-нің Орман кодексі 148-бабында Орманды қорғау және сақтау жөніндегі негізгі міндеттерге орманның зиянды насекомдары мен ауруларының ошағын анықтау және оларға қарсы күрес жүргізу жатқызылды [79, 355 б.]

1971 жылғы 21 шілдедегі Қазақ ССР Жер Кодексі 67-бабында, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдаланушылардың міндеттері, соның ішінде, ауыл шаруашылық мақсатындағы жер пайланушы колхоздар, совхоздар, өзге кәсіпорындар, ұйымдар, ғылым мен озық тәжірибе негізінде, жергілікті жердің жағдайын ескере отырып, ауыл шаруашылық алқаптарды тастардан, бұталардан, шіліктерден тазарту, арамшөптермен, зиянкестермен және ауыл шаруашылық өсімдіктердің ауруларымен күрес жүргізу міндеттелді [80].

1979 жылғы 6 шілдедегі КСРО Министрлер Кеңесі «КСРО-да Өсімдік карантинін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» N 656 Қаулысымен КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне КСРО-да өсімдіктердің сыртқы және ішкі карантині бойынша мемлекеттік шаралар жүйесін ұйымдастыруды және жүргізуді едәуір жақсарту жүктелді.

Өсімдіктер карантині мемлекеттік қызметінің қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттері шегінде өзіне жүктелген функциялардың орындалуы үшін жауап береді. Карантиндік іс-шаралар:

- ауыл шаруашылық, орман және сәндік дақылдардың тұқымдары мен отырғызу материалы, өсімдіктер мен олардың бөліктері (шламдар, баданалар, түйнектер, жемістер және т.б.), сондай-ақ, өсімдіктер мен арамшөптер мен зиянкестер мен зиянкестердің тасымалдаушысы бола алатын басқа да өсімдіктер өніміне;

- контейнерлер, жеке өнеркәсіптік тауарлар, өсімдіктер мен арамшөптер мен зиянкестердің тасымалдаушысы бола алатын өсімдік материалдарынан

жасалған бұйымдар, монолиттер мен топырақ үлгілері, шет елдерден келетін көлік құралдарына таралды [81]. КПСС Орталық комитеті мен СССР Министрлер кеңесінің «Елімізде біртұтас мамандандырылған агрохимиялық қызмет құру туралы» 1979 жылғы 9 тамыздағы қаулысын жүзеге асыру туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1979 жылғы 11 қазандағы Қаулысымен «Қазсельхозхимия» құрылып, оған барлық колхоздарда, совхоздарда және басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарда минералдық және органикалық тыңайтқыштарды, химиялық және биологиялық өсімдік қорғау құралдарын, топырақ милиоранттарын, азықтық қоспаларды, жетілдіргіш заттарды және ауыл шаруашылығын химияландыру жөніндегі басқада құралдарды ғылыми негізде пайдалану жолындағы жауапкершілік түгелдей «Қазсельхозхимия» бірлестігіне жүктелді. Оған ауылшарушылық егістерінің зиянкестерімен ауруларына қарсы күресу жөніндегі шараларды жүргізілді және арамшөпке қарсы күресу үшін химиялық құралдар қолдануды ұйымдастыру, өсімдік зиянкестері мен ауруларына қарсы күрестің прогресті технологиясымен тиімді әдістерін жасап енгізу, ауыл шаруашылық жерлерінің фитосанитарлық жайын бақылау, ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларын табу және олардың пайда болуымен дамуы туралы дер кезінде хабарлау, барлық жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестерімен арам шөпке қарсы күрес жөнінде ұсынылған шараларды жүргізудің кәсіпорындармен ұйымдардың бұл жұмыстардың орындалу сапасын мемлекеттік бақылауды, ауыл шаруашылық өнімінде, топырақта, су көздерінде және сыртқы ортаның басқадаобъектілерінде улы химикаттардың белгіленген қауіпсіздік нормаларына көп жинақталуын болғызбауды қамтамасыз етіп пестицидтерді қолдану жөніндегі белгіленген регламенттерді колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қатаң сақтауын бақылауды жүзеге асыру, ауыл шаруашылығын химияландыру және өсімдік қорғау жөніндегі мамандармен жаппай мамдықтағы кадрларды даярлау және қайта даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету жүктелді.

КСРО Министрлер Кеңесінің «КСРО-да өсімдіктер карантинін ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы 1979 жылғы 6 шілдедегі № 656 қаулысын жүзеге асыру туралы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1979 жылғы 28 тамыздағы № 329 қаулысында Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министірлігі мен облыстық атқару комитеттері қажетті реттерде өсімдіктер мен арамшөптердің карантиндік зиянкестеріне, ауруларына қарсы күрес жүргізуде колхоздарға, совхоздарға және басқада шаруашылықтарға көмек көрсету үшін мамандандырылған отрядтар құру және бұл мақсаттар үшін қажетті ауыл шаруашылығы техникасы, аппаратурасын және өсімдіктерді қорғайтын химиялық құралдарды бөлу, Қазақ ССР дайындау министірлігі КСРО ауыл шаруашылығы министірлігінің өсімдіктерге карантин жасау жөніндегі Қазақ ССР бойынша мемлекеттік инспекциясымен келіскенен кейін карантиндік арам шөптері бар астық пен тұқым қабылдау, орналастыру және сақтау үшін арнаулы қойма ыдыс бөлу мәселелері көрініс тапты. Алматы, Батыс Қазақстан темір жол басқармалары, Қазақ ССР автомобиль транспорты министірлігі, Қазақ

азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР байланыс министрлігі, Қазақ ССР министрлер Кеңесі жанындағы өзен флоты бас басқармасы және басқада министрліктер карантин жасалған территориялардан карантиндік сертификатсыз тұқымды өсімдіктермен өсімдік тектес өнімдерді қабылдауға шектеу белгіледі. Сонымен қатар, бұл қаулымен өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларға карантиндік шараларды жүргізу кезінде қызметтік міндеттерін орындауында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен Ішкі істер министрлігі жәрдем көрсетуі бұйырылды [82].

1981 жылғы 12 наурыздағы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен «1981-1985 жылдарға арналған агрохимиялық қызметтің материалды техникалық базасын нығайту мен ауыл шаруашылығын химияландыру тиімділігін арттыру шаралары туралы» Ауыл шаруашылығындағы агрохимиялық қызметтің орнын арттыру мен минералды, органикалық тыңайтқыштарды, өсімдік қорғау құралдарының тиімділігін арттыру көзделді [83].

Кеңестік кезеңдегі фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың қалыптасуында КСРО шекарасындағы өсімдіктер мен арамшөптер зиянкестерінің және ауруларының енуіне жол бермеуге мән берілді. Жалпы кеңестік заңнамада басты назар экономиканың дамуына ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға көңіл бөлінді, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздік алуымен Тәуелсіз мемлекеттің өзіндік фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы нормативті құқықтық базасын қалыптастыруға бетбұрыстар жасалды. Қазақстанның егемендік алуы мен экономикасының жаңа нарықтық бағдарға көшуіне орай тәуелсіз Қазақстан құқық саласында ұлттық құқықтық заңнама жүйесін қалыптастыру маңызды болып табылды. Еліміздің Ата Заңы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабында: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады» [48], деп өсімдіктердің мемлекет меншігі, яғни өсімдіктер құқықтық реттеу объектісі болып айқындалды.

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» [48] деп көрсетілді.

1997 жылғы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңда қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға басты мән беріліп, 41-бапта: «өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, стимуляторларды және басқа агрохимикаттарды қолдануға рұқсат етілетін ең жоғары нормалар судағы, топырақтағы тамақ өнімдеріндегі химиялық заттардың рұқсат етілген қалдық мөлшерінің нормативтерін сақтауды қамтамасыз ететін мөлшерде белгіленеді» [84] деп көрсетілді. Сонан соң, тәуелсіз Қазақстан тарихында фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы алғашқы нормативті актілердің бірі болып, 1999 жылы 11 ақпанда қабылданған «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [23] қабылданды. Бұған дейін өсімдіктер карантині жеке арнайы заңмен реттелмеген

болатын, осы заңда өсімдіктер карантині еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің сақталуының бір бөлігі екендігіне назар аударылды.

2002 жылы 3 шілдеде «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [24] қабылданды, негізінен алғанда бұл нормативтік құқықтық актімен адам денсаулығы мен қоршаған ортаны фитосанитарлық шаралар барысындағы туындайтын зиянды әсерден және өсімдіктерді өсімдік зиянкестері, өсімдік аурулары, арамшөптерден қорғаудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық шаралар кешені анықталды.

2002 жылы 3 шілдеде «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабына сай, «өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

1) мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету;

3) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде пестицидтердің (улы химикаттардың) адамдардың денсаулығына зиянды әсерінің, ауыл шаруашылық өнімі, қоршаған орта ластануының алдын-алу және оларды болдырмау»[24] болып табылатындығы белгіленді.

2002 жылғы 5 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында «Фитосанитария» республикалық мекемесінің диагностикалық әдістемелік орталығын құру, мемлекеттік фитосанитарлық бақылау жүргізу, өсімдіктерді қорғау саласындағы зиянкестерді жою үшін қолданылатын агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу, пестицидтерді қолдану бойынша лицензиялау, пестицидтарды қолдану, сақтау және тасымалдау қауіпсіздігі мәселелері құқықтық реттелді [85]. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңында алғаш рет «фитосанитариялық қауіпсіздік ұғымына түсініктеме беріліп, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуде фитосанитариялық қауіпсіздік басым бағыттардың бірі болып анықталды [29].

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңында 13-бабында «еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігінің сақталуы мен халықаралық талаптарға сәйкес болуы мақсатындағы міндеттері: зиянды және аса қауіпті зиянды ағзалардың таралуына жол бермеу, республика аумағын карантиндік объектілерден қорғау, олардың таралу ошақтарын анықтауға, шектеуге және жоюға бағытталған фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру» [29] деп фитосанитарлық қауіпсіздіктің сақталуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігінің сақталуына негіз болатыны көрсетілген.

Қазіргі таңда фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қатынастар конституциялық, экологиялық, аграрлық, жер, орман, кеден, әкімшілік, қылмыстық құқық салаларындағы заңнаманың құқықтық нормаларымен реттеледі.

Экологиялық Кодекс нормаларына сай, жер пайдаланушылар мен жер иеленушілер ауыл шаруашылық жерлерін қорғау шараларын жүргізуге міндеттелді (ҚР Экологиялық Кодексі, 217-бабы) [31]. 2003 жылы қабылданған Жер Кодексінде карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларымен зақымдалған жерлерді консервациялау көзделген [36].

2010 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы 1951 жылғы 6 желтоқсанда Римде қабылданған Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылды [86]. Өсімдіктер карантині және оларды қорғау бойынша ресми, ұлттық, жауапты ұйым ретінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті белгіленді [87].

Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамытудың 2006–2010 жылдарға арналған тұжырымдамасымен зиянды ағзаларды табу, зерттеу, таралу ошақтарын жою, өсімдік карантині мемлекеттік инспекторлары санын ұлғайту, зертханалық жарақтандыру жұмыстарын жақсарту көзделді [88].

Бұдан соң, Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасында [89] Қазақстан Кеден одағына мүше болуымен байланысты кеден зертханаларының санын ұлғайту, сапалы тұқыммен қамтамасыз ету мәселелері қозғалса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді өсімдік зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес препараттары құны субсидияланатыны, халықаралық заңнама талаптарына сай сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, фитосанитарлық бақылау саласында мемлекеттік инспекторларды бейнекамералармен жарақтандыру және т.б. қолайлы фитосанитарлық жағдай қалыптастыру мәселелері бағдарланды [3].

Қорытындылай келе, Қазақстандағы фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың қалыптасу кезеңдерін төмендегіше жіктеуімізге болады:

1. Кеңестік кезеңге дейінгі фитосанитарлық заңнаманың пайда болуы және қалыптасуы кезеңі; патшалық Ресейде заңнамада өсімдіктерде зиянды ағзалардың таралуын шектеуге бағытталған құқықтық актілер филлоксераның таралуымен байланысты болды.

2. Кеңестік кезеңдегі фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың дамуы кезеңі; 1931 жылы ауыл шаруашылық зиянкестері, аурулары мен арамшөптермен күресу үшін Бірыңғай карантиндік қызмет құрылды, арамшөптермен, зиянкестермен және ауыл шаруашылық өсімдіктердің ауруларымен күрес саласында бірқатар құқықтық актілер қабылданды.

3. Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретінде фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының қалыптасуы мен дамуы кезеңі. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясымен өсімдіктер құқықтық реттеу объектісі болып танылды, арнайы актілер 1999 жылы 11 ақпанда қабылданған «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан

Республикасының Заңы қабылданды, 2002 жылы 3 шілдеде «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңында фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымы анықталды, бірнеше агроөнеркәсіпті дамыту саласында бағдарламалар қабылданды, фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы қоғамдық қатынастар экологиялық, жер, орман, аграрлық, кеден, әкімшілік, қылмыстық заңнама нормаларымен реттеледі.

Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың қалыптасуы мен дамуының әлемдік және кенестік тәжірбиесі тәуелсіз Қазақстан өзіндік ұлттық заңнамасының қалыптасуына әсер етті, бірақ саяси экономикалық тұрғыдан социалистік жүйеден нарықтық экономикаға көшуі, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде өзіндік жеке құқықтық жүйесінің, ұлттық заңнамасының қалыптасуы әлемдік аренада интеграция мәселелеріне байланысты ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру, унификациялау мен гармонизациялау үрдістері әлі де жалғастырылып және жетілдірілу үстінде.

1.3 Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қағидалары

Қағида сөзі (латын тілінен аударғанда *principium*) бастапқы, жетекші ой деген мағынаны білдіреді. Сөздіктерде «принцип» терминінің этимологиялық түсіндірмесі төмендегіше беріледі:

1. негізгі құрылымдық бастама (ғылыми жүйе, теория, құрылым);
2. кез-келген нәрсенің негізгі ережелері мен заңдары;
3. жүріс-тұрыс ережесі, көзқарас [90, с. 532]. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мен ұлттық құқықтық жүйенің қалыптасуы құқықтық қағидаларға сүйене отырып іске асады.

С.Е. Фролов: «Құқық қағидалары дегеніміз - құқықтық реттеудің жалпыға бағытталғандығын және құқықтық тәжірбиеде тиімділігін анықтайтын әмбебап, шынайы, іргелі, нормативті құқықтық ұйғарым» [91, с. 6] деп көрсетеді.

В.Н. Хропанюк: «Құқық қағидалары қоғамдық өмірдің объективті заңдылықтарын заңды түрде бекітетін негізгі бастаулар болып табылады. Олар өздеріне құқықтың белгілерін жинақтайды, оның құқықтық табиғатын анықтайды. Құқық қағидаларына мемлекеттің, барлық мемлекеттік билік органдарының қызметі негізделеді. Оларды басшылыққа ала отырып, мемлекет өз азаматтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді, олардың заңды міндеттерін орындауына кепілдік береді. Құқық қағидалары барлық құқықтық нормаларға сәйкес келеді, мемлекеттік құқықтың бүкіл жүйесінің өзегі болып табылады. Осылайша, олар құқықтық тәжірбие үшін қоғамдық қатынастарды реттеуде шешуші маңызға ие. Заң талаптарын нақты және дәл орындау онда жазылған қағидаттардың дәйекті түрде орындалуын білдіреді. Сондықтан, нақты сот істерін шешу кезінде, ең алдымен, Заңның қағидаларын басшылыққа алу керек. Бұл құқықтық

нормаларды дұрыс қолдануға, негізді және заңды шешім қабылдауға негіз болады деген түсініктеме береді [92, с. 215].

Құқық қағидалары - бұл белгілі бір әлеуметтік реттеуші ретінде құқықтың мәнін білдіретін негізгі, бастауыш, ережелер, ойлар. Таралу ауқымына байланысты жалпықұқықтық, салааралық және салалық қағидалар ажыратылады. Жалпықұқықтық қағидаларға мыналар жатады:

1) әділеттілік, бұл тұлғаның қоғамдағы рөлі мен оның әлеуметтік-құқықтық мәртебесі арасындағы сәйкестікті білдіреді;

2) азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, барлық субъектілердің тең құқықтық мәртебесін жариялау мен және оның Конституцияда көрініс табуы;

3) гуманизм, бұл Конституция мен заңдарда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бекітілуі, адамның қадір-қасиетіне қол сұғатын түрлі әрекеттерге тыйым салынуы. Ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылық басқа да қатыгездікке немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекетке немесе жазалауға шектеу қойылады. Ешкімді медициналық, ғылыми және өзге де тәжірбиелерге ерікті келісімінсіз тартуға болмайды.

4) Демократиялық, өкілді және тікелей халықтың басқару тетіктері мен институттары, азаматтардың мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуы мен олардың құқықтары мен бостандықтарының құқықтық нормаларда заңи бекітілуі;

5) Құқықтар мен міндеттер бірлігі, құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің өзарабайланыста және өзара тәуелділікте көрініс табуы, құқықсыз міндеттің, міндетсіз құқықтың мүмкін еместігін білдіреді; белгілі бір құқық нақты заңды міндет белгіленген кезде ғана айқын бола алады;

6) федерализм, тек федералды мемлекеттерде бар құқықтық жүйелерге ғана тән;

7) заңдылық – барлық субъектілердің және қай жерде болмасын құқық нормаларының нақты жүзеге асырылуынан тұратын қоғам мен мемлекеттің талаптарының жүйесі.

8) сендіру мен мәжбүрлеудің үйлесімділігі - әртүрлі реттеушілерге, әсіресе құқыққа тән әлеуметтік басқарудың әмбебап әдістері. Жоғарыда аталған қағидалар жалпықұқықтық болып табылады, өйткені олар құқықтың барлық салаларында өзіндік ерекшелікке ие болып табылады. Егер қағидалар бірнеше құқық салаларының маңызды белгілерін сипаттайтын болса, онда олар салааралық болып жіктеледі. Олардың ішінде мыналар бөліп көрсетіледі: жауапкершіліктің қолданылмай қалмайтындығы қағидасы, сот ісін жүргізудің жарыспалалығы және жариялылығы қағидасы және т.б. Құқықтың бір ғана саласы аясында әрекет ететін салалық деп аталады [93, с. 82-83].

Аграрлық құқық қағидалары құқық нормаларында көрініс тапқан, аграрлық қатынастарды реттейтін, нормативті жетекші идеялар, осы құқық саласының мазмұнын ашатын, оған толықтық пен тұтастық беретін, аграрлық құқықтағы құқықтық реттеу пәні мен әдістері бойынша біріктірілген құқықтық нормалардың жиынтығы [56, с. 16].

Б.А. Воронин өз еңбектерінде қазіргі аграрлық құқық қағидаларына:

- толыққанды, сапалы, экологиялық қауіпсіз, медициналық нормамен белгіленген тамаққа сәйкес азаматтардың құқығын аграрлық құқықтық нормалармен қамтамасыз ету;

- аграрлық құқықтық қатынастар қатысушылардың теңдігі, шаруалардың еңбек және шаруашылық қызмет бағыттары мен нысандарын еркін таңдауы;

- меншік нысандарының көптүрлілігінің барынша қорғалуы мен нығайтылуы және ауыл шаруашылық тауарөндірушілердің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына негізделуі,

- аграрлық кәсіпкерлікті нысандарын таңдау үшін құқықтық кепілдік жүйесінің кеңейтілуі;

- аграрлық кәсіпкерлік саласында мемлекетпен реттеушілік функциясының бекітілуі;

- аграрлық кәсіпкерліктегі еңбек қызметінің табиғи климаттық жағдаймен байланысы;

- ауыл шаруашылығын экологияландыру, аграрлық саладағы кәсіпкерліктің экологиялық бағыттылығы;

- аграрлық қатынастарды құқықтық реттеудің толықтығы, аграрлық заңнаманы жаңартудың үздіксіздігі, барлық нарықтық аграрлық қатынас қатысушыларының қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету;

- агроөнеркәсіп кешенінде мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін күшейту, басқару жүйесін демократияландыру, агроөнеркәсіптік кешен мен ауыл шаруашылық жер пайдаланудағы тұрақтылық, ауыл шаруашылық қызметін ұйымдастыруда ғылыми негізделген әдістер қолдану;

- елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б. қағидаларды жатқызады [94, с. 13-14].

Н.Н. Веденин аграрлық құқық қағидаларын төмендегіше жіктейді:

- аграрлық кәсіпкерліктің бостандығы және ауылдағы шаруашылық түрлерін ерікті түрде таңдау;

- агроөнеркәсіптік кешен дамуының басымдығы;

- ауылдағы меншік нысандары мен басқару формаларының сан алуандығы;

- агроөнеркәсіптік кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі, агроөнеркәсіп кешеніндегі меншіктің әртүрлі нысандарын тең құқықтық қорғау;

- агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау;

- азаматтардың толыққанды тамақтануға құқығы;

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өндірістік-шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың араласпауы [95, с. 9].

Аграрлық құқық қағидалары - аграрлық қатынастарды реттейтін құқық нормаларында көрініс тапқан, , осы құқық саласының мазмұнын анықтайтын, құқықтық нормалардың жиынтығының тұтастығын білдіретін, аграрлық құқықтағы құқықтық реттеудің пәні мен әдістерімен біріктірілген нормативті-жетекші идеялар, ережелер. Аграрлық қатынастарды дамытудың объективті заңдылықтарын көрсететін аграрлық құқықтың негізгі қағидалары аграрлық коммерциялық ұйымдардың, шаруа (фермер), жеке шаруа қожалықтарының нарықтық қатынастар жүйесіне аграрлық заңнамаға әкелетін жағдайында мыналарды қамтиды:

- азаматтардың құнарлы тамақтануға құқығы;
- ауыл шаруашылық қатынастарына қатысушылардың теңдігі;
- шаруалардың еңбек және шаруашылық қызметтің нысандары мен бағыттарын өз еркімен таңдау құқығы;
- меншік нысандарының көптүрлілігі мен олардың негізінде ауыл шаруашылық тауарөндірушілерінің шаруашылық жүргізуінің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының жан-жақты қорғалуы және нығайтылуы;
- аграрлық кәсіпкерлік бостандығына құқықтық кепілдіктер жүйесін кеңейту;
- аграрлық кәсіпкерлік саласындағы реттеу функцияларын мемлекетте бекітілуі;
- аграрлық кәсіпкерліктегі еңбек қызметінің табиғи-климаттық жағдайларымен байланысы, осы қызметтің экологиялық бағыты;
- экономикалық және құқықтық дербестік, ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдарының кәсіпкерлік қызмет нәтижелері үшін жауапкершілігі;
- аграрлық қатынастарды құқықтық реттеудің толықтығы, аграрлық заңнаманы үнемі жаңартып отыру, нарықтық аграрлық қатынастарының барлық қатысушыларының қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету;
- агроөнеркәсіптік кешен басқару жүйесін демократияландыру;
- аграрлық құқықтық қатынастарға қатысушылардың субъективті құқықтарының шынайылығы мен кепілдігі [96, с. 18].

Отандық ғалымдардың ішінен Б.А. Жетписбаев, аграрлық құқық қағидаларын аграрлық заңның мазмұнын, оның мәні мен қоғамдағы мақсатын сипаттайтын, соның негізінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарының күнделікті өмірінде болатын қоғамдық ауыл шаруашылық қатынастарын құратын негізгі және жетекші идеялар ретінде түсіндіреді. Ауыл шаруашылық құқығының қағидалары заң шығарушы үшін идея ретінде әрекет ете отырып, құқықтық нормаларды жетілдіру жолдарын анықтайды. Олар ауыл шаруашылығының дамуы мен қызмет етуінің негізгі заңдылығы мен құқықтық жүйенің байланыстыратын буыны [97, с. 25].

Л.К. Еркинбаева өз ғылыми зерттеулерінде, аграрлық құқық қатынастар қағидалары - аграрлық қатынастардың нормативті бекітілген идеялары, оған толықтық пен жүйелілік береді, аграрлық нормашығармашылық және құқыққолдануды жетілдірудің негізіне жатады, аграрлық құқыққатынастар субъектілерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделері аграрлық саясатқа сәйкес құқық индикаторы болып қызмет етеді. Аграрлық құқық қатынастар қағидаларына аграрлық өндірістегі ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік қағидасын да жатқызады, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы бойынша ветеринарлық және фитосанитарлық нормаларды халықаралық келісімдер талаптарына сәйкестендіру қағидасы үлкен маңызға иелігіне тоқталады [7, с. 12].

М.К. Жусупбекова аграрлық саланы мемлекеттік реттеудің қағидаларына: аграрлық протекционизм, аграрлық салада сыртқыэкономикалық әне ішкі

экономикалық қызмет қатынастарында жеңілдіктің қарастырылуы, бұған азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, сыртқы сауда байланыстарында импортты шектеу, отандық өндірісті сақтап қалу, экспортты субсидиялау, аграрлық саланы дамытудың және түрлі деңгейдегі қабылданған мақсатты бағдарламалардың орындалуы мен қадағалауын реттеу қағидасы, ауыл шаруашылық өндірістік кешенін дамыту басымдығы, мемлекеттік реттеуді экономикалық әдістерге сүйене отырып жүзеге асыру, ауыл шаруашылық кәсіпорындары қызметтерін мемлекеттің және басқа да шаруашылық жүргізуші ұйымдардың қызметіне тікелей араласуын болдырмау, өндірістік шаруашылық қызметте ауыл шаруашылық кәсіпорындардың дербестігін сақтап қалу және оған кепілдік беру және т.б. жатқызады [98, с. 34-36].

Енді фитосанитарлық қауіпсіздік қағидаларына келер болсақ, фитосанитарлық қауіпсіздік қағидалары дегеніміз республика аумағын зиянды ағзалардың (өсімдік зиянкестері, аурулары және т.б.) кіруінен қорғау саласындағы аграрлық саясат пен аграрлық заңнаманың жетекші бастамалары.

2006 жылы Өсімдіктерді карантині және оларды қорғау бойынша халықаралық конвенциясы Хатшылығымен әзірленген фитосанитарлық қағидалар стандарты (МСФМ 1) [99] бойынша:

- Егемендік. Өсімдіктер саулығын қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттер өз аумағы шегінде фитосанитарлық шаралардың қажетті деңгейін белгілей алады.

- Минималды әсер. Фитосанитарлық шараларды белгілеуде ең аз әсер ету қағидасын негізге алу.

- Қажеттілік. Уағдаласушы тараптар фитосанитариялық шараларды карантиндік зиянкестердің енуіне және/немесе таралуына жол бермеу мақсатында немесе карантинге жатқызылмаған зиянкестердің экономикалық әсерін шектеу үшін қажет болған жағдайда ғана қолдана алады.

- Жариялылық. Тараптар арасында өсімдіктерді қорғау саласындағы кез-келген ақпараттың қолжетімділігі.

- Тәуекелдерді басқару. Уағдаласушы тараптар өсімдіктерді, өсімдік өнімдерін және басқа да карантиндік объектілерді басқа елден әкелу кезінде зиянкестердің таралу және ену қаупі әрқашан болатынын мойындай отырып, тәуекелдерді басқару саясатына негізделген фитосанитариялық шараларды қолдануы керек.

- Кемсітушілікке жол бермеу. Тараптардың ешқандай артықшылық құқықтарын иеленбей тең дәрежеде фитосанитариялық шараларды қолдануға міндеттілігі.

- Техникалық негіздеу. Уағдаласушы тараптар фитосанитариялық шараларды «фитосанитариялық қатердің тиісті талдауы немесе қолда бар ғылыми ақпараттарды салыстырмалы зерттеу және бағалау нәтижелері негізінде» негіздейді.

- Фитосанитарлық шаралардың баламалығы. Импорттаушы және Экспорттаушы Уағдаласушы Тараптар фитосанитариялық шараларының баламалығы бұл шаралар импорттаушы Уағдаласушы тарап талап ететін қорғаудың қажетті деңгейіне жететіні дәлелденсе, танылуы керек.

- Жұмыс қағидалары. Өсімдік карантині мен қорғау бойынша халықаралық конвенциясы хатшылығының жұмысының қағидалары фитосанитариялық шараларды құруға, қолдануға және мониторингке, сондай-ақ, ресми фитосанитарлық жүйелерді басқаруға қатысты. Өсімдіктер карантині және оларды қорғаудың халықаралық Конвенциясы шеңберіндегі жұмыс қағидалары төмендегіше:

- Фитосанитарлық тәуекелді талдау. Фитосанитарлық тәуекелді талдау кезінде биологиялық немесе басқа да ғылыми және экономикалық мәліметтерге сүйене отырып, Өсімдік карантині мен оларды қорғау бойынша ұлттық ұйымдар фитосанитарлық тәуекелді талдауды жүргізуі керек. Фитосанитарлық тәуекелге талдау жүргізу кезінде өсімдіктерге әсер ету нәтижесінде туындайтын биоәртүрлілікке төнетін қатерлер де ескерілуі керек.

- Зиянды ағзалардың тізімін жасау. Уағдаласушы тараптар өздерінің мүмкіндіктеріне қарай зиянкестердің тізімдерін жасайды және жаңартып отырады.

- Зиянды ағзалар таралмаған және сирек кездесетін аймақтарды тану. Уағдаласушы тараптар олардың аумағына импортталатын тауарларға қатысты фитосанитариялық шаралары экспорттаушы елдердің ұлттық ұйымымен көрсетілген аймақтардың мәртебесін ескеруді қамтамасыз етуі керек. Бұл зиянкестер табылмайтын немесе аз мөлшерде кездесетін немесе еркін өндіріс орындары немесе еркін өндірістік алаңдар болуы мүмкін.

- Зиянды ағзалармен ресми күрес. Егер елде кездесетін зиянды ағза карантиндік зиянды ағзаларға жатқызылса немесе карантинге жатпайтын зиянды ағзалар кездесетін болса, уағдаласушы тарап зиянды ағзаларды ресми бақылауға алынуын қамтамасыз етуі керек [99].

- Жүйелілік тәсілі. Фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық стандартқа сай, жүйелілік тәсілі бір-бірінен тәуелсіз екі немесе одан да көп шараларды талап етеді, сонымен қатар, бір-біріне тәуелді болатын кез-келген шараларды қамтуы мүмкін. Жүйелілік тәсілдің артықшылығы - фитосанитарлық талаптардың импортқа сәйкестігін қамтамасыз ету үшін шаралардың саны мен қарқындылығын өзгерту арқылы әртүрлілік пен белгісіздікті ескеру мүмкіндігі. Жүйелілік тәсілде қолданылатын шаралар егін жиналғанға дейін немесе кейін де қолданылуы мүмкін. Осылайша, жүйелілік тәсіл өндіріс орнында, егін жиналғаннан кейін, орау зауытында немесе тауарларды тасымалдау және тарату кезінде қолданылатын шараларды қамтуы мүмкін [100].

- Қадағалау. Уағдаласушы тараптар фитосанитариялық сертификаттауға және олардың фитосанитарлық шараларының техникалық негізделуіне көмектесу үшін зиянкестердің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді жинап, тіркеуі керек. Осыған байланысты, халықаралық конвенция сондай-ақ, тиісті фитосанитарлық шараларды әзірлеу үшін «Уағдаласушы тараптар өздерінің мүмкіншіліктеріне қарай зиянкестерге бақылау жасайды» деп бекітеді.

- Зиянды ағза туралы хабарлау. Уағдаласушы тараптар басқа Уағдаласушы тараптарға дереу немесе ықтимал қауіп төндіруі мүмкін зиянкестердің болуы, ошақтары немесе таралуы туралы ескертуде мүмкіндігінше барынша

ынтымақтасады. Фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық стандартта (МСМФ 17) зиянды ағза туралы хабарлама жасауға зиянды ағзаның табылуы, олардың ошағының болуы, таралуы және оларды жою негіз болады, хабарлама ФАО бекіткен бес тілдің бірінде жасалуы, кідіріссіз дәл мерзімде, ресми байланыс мекен жайларына, ұлттық веб сайтта және халықаралық фитосанитарлық порталда жариялануы тиіс [101].

- Фитосанитариялық сертификаттау. Уағдаласушы тараптар өсімдіктердің, өсімдік өнімдерінің және басқа да карантиндік материалдың импорттаушы Уағдаласушы тараптардың фитосанитариялық импорт талаптарына сәйкестігін растау үшін фитосанитариялық сертификаттау жүйесінің құрылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етуі керек [102].

- Жүктердің фитосанитарлық қауіпсіздігі және тұтастығы. Сертификаттаудан кейін тауарлардың тұтастығын сақтау үшін, Ұлттық ұйым арқылы «сертификатталғаннан кейін және экспортталғанға дейін сәйкес рәсімдер арқылы жүктің құрамының өзгеруі, ауыстырылуын және қайта зақымдалуына қатысты фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» [102].

- Шұғыл әрекеттер. Уағдаласушы Тараптар импорттауға сәйкес қарап тексеру және т.б. фитосанитариялық рәсімдердің жүктің зақымдану мүмкіндігін ескере отырып, мүмкіндігінше жылдам орындалуын қамтамасыз етуі керек.

- Төтенше шаралар. Фитосанитарлық тәуекел анықталғанда уағдаласушы тараптар төтенше шараларды қоса алғанда, төтенше әрекеттерді қолдана алады.

- Өсімдіктер карантині және оларды қорғау бойынша ұлттық ұйым құру. Өсімдік карантині және оларды қорғау туралы халықаралық Конвенцияға сай, «Әрбір Уағдаласушы тарап өзінің мүмкіндіктеріне қарай өсімдіктердің карантині мен оларды қорғауы жөніндегі ресми ұлттық ұйымның құрылуын қамтамасыз етеді» [102].

- Дауларды шешу. Халықаралық стандарттарды түсіндіру кезінде дау туындаса, уағдаласушы тараптар бір біріне түсіндірмелер беруі тиіс.

- Сәйкессіздік туралы хабарлау. фитосанитариялық сертификаттау жүйесінде сәйкессіздік бойынша тараптар бірі біріне жағдайлар туралы хабарлауы тиіс.

- Ақпарат алмасу. Уағдаласушы тараптар келісімде көрсетілгендей өсімдіктегі таралған зиянды ағзалар, өсімдік қорғау бойынша ұлттық ұйым қызметі, ресми байланыс мәліметтері туралы ақпараттарды беруге міндетті [101].

Ұлттық заңнама бойынша АӨК-ді мемлекеттік реттеу халықаралық келісімдер мен фитосанитарлық нормаларға сәйкестік қағидасы белгіленсе [29], фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы қағидалар, Өсімдіктер карантині туралы заңда белгіленген. Заңның 4-бабында Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қағидалары Қазақстан Республикасының аумағында өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудың қағидалары мыналар болып табылады:

«1) Қазақстан Республикасының азық-түлік және шикізат қауіпсіздігін сақтап тұру және мүлікті сақтау мақсатында өсімдік ресурстары мен

өсімдіктекті өнімдерді карантинді объектілердің бүлдіруінен және жоюынан қорғауды қамтамасыз ету;

2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеу, мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау, Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық;

3) өсімдік ресурстары мен өсімдік текті өнімге карантинді объектілердің ықтимал әсерін объективті, ғылыми негіздеп бағалау және олардың ықтимал зиянын болғызбау;

4) халықтың, жеке және заңды тұлғалардың, ұйымдардың, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі шараларды орындауға белсене қатысуы;

5) өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық ынтымақтастық [23]».

Өсімдіктерді қорғау туралы заңда өсімдік қорғау қағидалары көрсетілмеген. Біздің ойымызша, фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қағидалары дегеніміз - республика территориясын зиянды ағзалардың (өсімдік зиянкестері, аурулары және т.б.) енуі мен таралуынан қорғау саласындағы құқықтық түрде бекітілген жетекші бастамалар жүйесі. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласында келесі қағидаларды басшылыққа алу ұйғарылады:

- фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысындағы адам өмірі мен денсаулығының басымдығы. Фитосанитарлық саясатты жүзеге асыру барысында адам өмірі мен денсаулығының сақталуын бірінші орынға қою. Фитосанитарлық іс-шаралар жүргізу барысында адам өмірі мен денсаулығына келетін зиян туралы ауыл шаруашылық тауар өндірушілер, орман шаруашылығы, жалпы өсімдіктердегі зиянды ағзалармен күресу жұмыстарын атқаратын тұлғалар мен сол аумақ халқының, өсімдік өнімін тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына келтірілуі ықтимал зиян әсерлерін минималды деңгейге дейін азайту шараларын атқару;

- фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы экономикалық және экологиялық мүдделердің үйлесімділігі. Фитосанитарлық шараларды жүзеге асыруда, экспортқа өнім өндіру көлемінің артуы мен экологиялық қауіпсіздікті сақтау шаралары ғылыми негізделген, ақылға қонымды әдістерді үйлестіре отырып жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа технологиялардың жетістіктерін, өсімдік қорғау құралдарының барынша қауіпсіз түрлерін қолдану, биоагенттер өндірісін дамыту, зиянды ағзаларды анықтауда электронды карталар, зертханалық құрал-жабдықтардың барынша дәлдікпен анықтайтын түрлерін пайдалану және т.б.;

- өсімдіктерді қорғауда қоршаған ортадағы экожүйенің тепе-теңдігі сақталуын қамтамасыз ету. Экономиканы экологияландыруды фитосанитарлық бақылау, фитосанитарлық мониторинг, фитосанитарлық сараптама және т.б. құқықтық тетіктер қолдану арқылы жүзеге асырылады, экономиканың табиғи зат алмасу үрдістеріне әсерін азайту, ластаушы заттарды пайдалану көлемін азайтып қана қоймай, экономиканы дамытудың мемлекеттік, салалық,

бағдарламаларын қабылдаған кезде қоршаған ортаға экологиялық талаптардың сақталуын қамтамаыз ететін нормалар енгізіп отыру;

- фитосанитарлық тәуекелді талдау кезінде биоэралуандылықтың сақталуының басымдығы. Фитосанитарлық тәуекелді талдау кезінде биоэралуандылықтың сақталуына басты назар аудару керек. Шаруашылық қызмет нәтижесінде өсімдіктер түрлерінің жойылуына алып келетін шаралар қолданбау. 1994 жылдан бері Қазақстан Биоэралуандылықты сақтау туралы Картахен протоколына мүше, биоэралуандылықты сақталмауы экожүйеге өзгеріс алып келеді, топырақтың құрамының өзгеруі, ормандардың жойылуы, инвазивті зиянкестердің таралуы экологиялық жүйенің тепе теңдігін бұзады. Конвенция талаптарына сай биоэралуандылық сақталуы үшін ел аумағының 10 пайыздан астам аумағы ерекше қорғалатын аумақтарға жатқызылуы тиіс, ал бұл көрсеткіш 9,6 пайызға жетті [103]. Халықаралық заңнама талаптары, ҚР халықаралық шарттарға қосылу нәтижесінде иеленген міндеттемелері ерекше қорғалатын аймақтар аумағын ұлғайтуды қажет етеді;

- мемлекеттік билік органдары заңды, жеке тұлғалардың қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптастыруға жауаптылығы. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы экономикалық және экологиялық мүдделердің үйлесімділігі мемлекеттік билік органдары мен заңды, жеке тұлғалардың қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптастыруға жауаптылығы негізінен алғанда, фитосанитарлық іс-шараларды уақытылы, тиісті деңгейде, сапалы, қауіпсіз іске асырылуы тиіс, аталған міндеттер жүктелген тұлғалардың қызметі тұрақты түрде бақылауда болуы керек, фитосанитарлық заңнама талаптары орындалуда мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар бірлесіп үйлестірілген қызмет атқаруы тиіс.

1.4 Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормаларының құқық жүйесінде алатын орны

Құқық жүйесіндегі фитосанитарлық қауіпсіздік нормаларының алатын орнын анықтау заң ғылымындағы күрделі мәселелердің бірі болып отыр, себебін фитосанитарлық қауіпсіздік нормалары экологиялық және аграрлық құқығы саласындағы құқықтық нормаларда кездесуімен байланыстырамыз.

Мемлекет және құқықтың теориясы бойынша, жүйе түсінігі өзара байланыстағы бірнеше элементтердің бірлігін білдіреді. Құқықтың мазмұны нормалардан тұратындықтан, құқық жүйесі анықталған өзара және құрылымдық байланыстағы құқық нормаларынан тұрады. Осылайша нормалар нормативті құқықтық құрылым - құқық институттарына, құқық салашалары мен салаларына бірігеді. Сонымен, құқық жүйесі дегеніміз – құқықтың ішкі құрылымы, олардың салаларға, салашаларға, институттар мен нормаларға бөлінуі [104, с. 209].

Құқық нормасы – жүріс-тұрыстың эталоны, масштабы, үлгісі ретінде құқықтық қатынастарға қатысушылардың әрекеттерін нақты ереже реттеуі танылған, олардың құқықтары мен міндеттері шығатын мемлекетпен танылатын және қамтамасыз етілетін жалпыға міндетті ережелер [105, с. 200].

Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраеваның пікірінше, құқық заңдық және құқықтық нормалардан тұрады. Құқық нормасы дегеніміз – мемлекетпен бекітілген немесе онымен санкцияланатын, негізгі құқық қағидаларына негізделген және мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілетін жалпыға бірдей жүріс-тұрыс ережесі [106].

Құқық нормасы әлеуметтік және техникалық норма болып бөлінеді. Техникалық нормалар - бұл адамдардың құралдармен және табиғат объектілерімен неғұрлым ұтымды пайдалану ережелері. Техникалық нормаларға мысалы ретінде, белгілі-бір құрылыс жұмыстарын орындау ережелерін, шикізатты тұтыну нормаларын, мемлекеттік стандарттарды, техникалық шарттарды айтуға болады. Техникалық нормалардың келесідей ерекшеліктері бар: біріншіден, бұл жерде реттеу пәні тек әлеуметтік емес; екіншіден, «субъективті» құрамы адамдармен ғана емес, сонымен бірге сыртқы әлеммен, табиғатпен, технологиямен де байланысты [107, с. 53].

М.Н. Марченко қоршаған ортаны қорғаудың ұйымдастырушылық-шаруашылықтық, ғылыми-техникалық, агрономиялық, орман мелиоративтік, гидротехникалық, биологиялық, зоотехникалық, санитарлы-гигиеналық және т.б. құралдарын экологиялық нормалардың агрономиялық нормалармен байланыстылығын өзара байланыстылығын атап өтеді. Санитарлық ережелер мен нормативтер - адамға оның тіршілік ету қауіпсіздігінің қолайлы жағдайын қамтамасыз ету үшін зиянсыздықты және қауіпсіздікті бекітетін заңи актілер деп тұжырымдайды [108, с. 116].

Енді фитосанитарлық қауіпсіздік нормаларына келер болсақ, фитосанитарлық қауіпсіздік нормалары тек аграрлық құқық саласында ғана кездеспейді, экологиялық құқығы саласындағы құқықтық нормаларда да көрініс табады, себебі фитосанитарлық қауіпсіздік объектілерінің, яғни ауыл шаруашылық өсімдіктерінің және жабайы өсімдіктерде өсімдік ауруларының таралмауы, жалпы ел аумағына қауіпті ағзалардың енбеуін қамтамасыз ету фитосанитарлық қауіпсіздіктің пәнін құрайтындығымен түсіндіреміз.

Аграрлық және экологиялық құқықта фитосанитарлық қауіпсіздік нормалары өсімдік карантині және өсімдіктерді қорғау саласында анықталған. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өсімдік ауруларының, зиянкестерінен құқықтық қорғалуы мен өсімдік қорғау шаралары, агрохимияландыру саласындағы агрохимикаттарды пайдалану мәселелері қазақстандық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және шетелдік ғалымдардың зерттеу объектісі ретінде төмендегі еңбектерде кездеседі:

Қазақстандық ғалымдардан С.Т. Күлтелеев, А.М. Жарасбаева, Е.Ш.Рахметов, А.А. Өрісбаева «ҚР аграрлық құқығы» оқулығында аграрлық құқық жалпы бөлімі мәселелерінде аграрлық құқықтың жалпы институттары оқылатынына тоқтала келіп, олардың ішінен өсімдік қорғау бойынша және өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауды бөліп көрсетеді. [109, с. 86-93].

Л.К. Еркінбаева, Б. Калымбек, А.Т. Өзенбаева аграрлық құқықты жалпы, ерекше және арнайы бөлімге бөліп қарастырады. Жалпы бөлімде аграрлық құқық құқық саласы ретінде, аграрлық құқықтың қайнар көздері, аграрлық

құқық саласындағы мемлекеттік-құқықтық және экономикалық реттеу тетігі, ауыл шаруашылық ұйымдардың ұйымдастырушылық-құқықтық мәртебесі, ҚР ауыл шаруашылық жеке кәсіпкерлігінің түсінігі және құқықтық жағдайы, шаруа (фермер) қожалығының құқықтық мәртебесі, өзіндік қосалқы үй шаруашылығының жалпы сипаттамасы, Ерекше бөлімінде ауыл шаруашылық өндірісінде жерлерді және де басқа табиғи ресурстарды пайдалануды құқықтық реттеу, ауыл шаруашылық шарттық қатынастар, ауыл шаруашылық кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлерін құқықтық реттеу, соның ішінде ауыл шаруашылық өсімдіктерін қорғау, өсімдік қорғау қызметі, өсімдік қорғау органдарының қызметіне сипаттама береді. Арнайы бөлім халықаралық аграрлық ынтымақтастықтың құқықтық негіздеріне арналады [30, 20 б.].

Б.А. Жетпісбаев аграрлық құқықтық қатынастардың объектілері арасында жануарлар мен өсімдіктер маңызды рөл атқарады, өйткені мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды саласы болып табылады, сондықтан жануарлар мен өсімдіктерге қатысты қатынастар аграрлық құқықтық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деп тұжырымдай келе, ҚР аграрлық құқығын құқық саласы ретінде, Жалпы, Ерекше және арнайы бөліктерге бөліп көрсетеді. Аграрлық құқығының Жалпы бөлімінде барлық салаға қатысты құқықтық нормалар және ережелерден тұрады, атап айтқанда:

- аграрлық құқықтың пәні, әдісі және қағидалары;
- аграрлық құқықтың қайнар көздері;
- аграрлық құқықтық қатынастар;
- нарықтық қатынастар жағдайындағы шаруалардың құқықтық мәртебесі;
- ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу;
- ауылдың, селоның және агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуметтік дамуын құқықтық реттеу,
- шаруа (фермер) қожалықтарының құқықтық мәртебесі;
- жеке қосалқы шаруашылықтардың құқықтық мәртебесі;
- ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдардың құқықтық жағдайы.

Аграрлық құқықтың Ерекше бөлігі аграрлық қатынастардың жеке түрін реттейтін ережелерді қамтиды:

- коммерциялық ауыл шаруашылық ұйымдарды басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары;
 - коммерциялық ауыл шаруашылық ұйымдар(кәсіпорындар) меншігінің құқықтық режимі;
 - ауыл шаруашылығы кәсіпорындары пайдаланатын жердің құқықтық режимі мен ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғау;
 - ауыл шаруашылығындағы еңбек қатынастарын құқықтық реттеу;
 - еңбекті құқықтық реттеу мен ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдардың (кәсіпорындардың) кірісін бөлу;
 - ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдардың(кәсіпорындардың) шарттық қатынастары;
 - аграрлық заңнаманы бұзғаны үшін заңды жауапкершілік
- [97, с. 39].

Аграрлық құқықтың арнайы бөлімі шет мемлекеттердің аграрлық құқығындағы негізгі ерекшеліктеріне, шет елдердегі ауыл шаруашылық қатынастардан туындайтын мәселелерді құқықтық реттеуге арналған. Фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері «ҚР-дағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу» бөлімінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің фитосанитария саласындағы қызметтерін атап өткен.

2011 жылы шыққан Боголюбов С.А., Бринчук М.М., Ведышева Н.О. «Аграрлық құқық» еңбегінде Ерекше бөлімінде өсімдіктер мен жануарлардың зиянкестері мен ауруларының таралуын болдырмау және жоюды құқықтық реттеуге арнайы тарау арнаған. Онда өсімдік карантині туралы заңнамадағы негізгі элементтерге түсініктеме, фитосанитарлық бақылау өткізу тәртібі мен уәкілетті органдар қызметіне тоқталған. Сонымен қатар, карантиндік заңды бұзғаны үшін жауаптылық қарастырылған [110, 358 б.].

ТМД ғалымдарынан, Г.Е. Быстров, М.И. Козырь аграрлық құқықтың жалпы бөлімінде Ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдар үшін өндірістік ғылыми-техникалық және ақпараттық қызметтерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы келісімшарттарды атап көрсетеді. Ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдардың өндірістік-техникалық қызметтері туралы заңнамаға және оны жүзеге асыру практикасына сәйкес келісімдердің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдарды жөндеу-техникалық кәсіпорындармен өндірістік-техникалық қамтамасыз етуге; агрохимиялық қызметтерге; шаруашылық ішіндегі мелиоративтік желілерді жөндеу және қызмет көрсетуге; дақылдарды суару; мелиоративті жерлерді ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдарда жоғары тиімді пайдалануға арналған қызмет көрсету туралы шарттар. Агрохимиялық қызметтер туралы шартты агрохимиялық қызмет көрсету кәсіпорындары ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдармен жасасады. Келісімшарт негізінде агрохимиялық қызмет көрсету кәсіпорыны топырақты әктеу және гипстеу, сортаңды мелиоративтік жер жырту, компост дайындау, органикалық және минералды тыңайтқыштарды топыраққа енгізу, зиянкестер мен өсімдіктердің ауруларына қарсы күрес, ауыл шаруашылық ұшақтарына қызмет көрсету, тұқымдар мен жемдерді химиялық заттармен өңдеу сияқты жұмыстарды жүзеге асырады [56, с. 380].

Сонымен бірге, Г.Е. Быстров, М.И. Козырь аграрлық құқық еңбегінде Ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдары пайдаланатын жерлердің құқықтық режимі және ауыл шаруашылығында қоршаған ортаны қорғау, зиянкестермен, өсімдіктер аурулары, арамшөптермен, өсімдіктер өсіру реттегіштерімен, химиялық және биологиялық құралдармен, ауыл шаруашылығында пайдалануға рұқсат етілген өсімдіктермен күресудің химиялық және биологиялық құралдарымен, оларды қолданудың тиісті нормалары мен ережелерімен: тасымалдау, сақтау, мөлшерлеу процедуралары агрохимикаттарды пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі керек деп қоршаған ортаны қорғауға назар аудартады [56, с. 251].

Н. Веденин өз еңбектерінде аграрлық құқық ерекше бөлімі институты шарттық қатынастар, соның ішінде агрохимиялық сервистік кәсіпорындармен

агрохимиялық коммерциялық ұйымдармен жасалатын агрохимиялық қызмет көрсету шартына сипаттама береді [95, с. 200].

Г. А. Мисник ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны құқықтық қорғау агрохимикаттарды қолданудың үш тобын атап көрсетеді, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде енгізілетін химиялық препараттар нормасы белгіленген шаруашылық нормативтер, екінші химиялық заттарды қолдануда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен денсаулық сақтау жағдайларын бекітетін санитарлық нормативтер, үшінші тамақ өнімдерінде қалдық заттардың рұқсат берілетін санымен анықталатын экологиялық нормативтер [111, с. 7].

Украиндық ғалым В.В. Курзова құқық саласындағы өсімдік карантині институты туралы: Өсімдіктер карантині - өсімдіктердің өнімінің түсімін азайтуға және ауыл шаруашылық және басқа да өсімдіктердің, көпжылдық және орман екпелерінің, ағаштар, бұталар, жылыжай өсімдіктерінде зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің әсерінен өсімдік өнімдерінің сапасының жай-күйінің нашарлауына жол бермеуге бағытталған шаралардың бірі, яғни, ауыл шаруашылық өсімдіктерін карантиндік зиянкестерден қорғау тұрғысынан өсімдіктер карантині институты өсімдіктерді қорғау институтының құрамдас бөлігі болуы керек, ол өз кезегінде аграрлық құқық саласының институты болып табылады. Осылайша, ауыл шаруашылық өсімдіктерін карантиндік ағзалардан қорғау жөніндегі қатынастар аграрлық құқығының нормаларымен реттеледі; басқа өсімдіктерді (жабайы) қорғау жөніндегі қатынастар экологиялық құқықпен реттеледі» [11, с. 94] деп тұжырымдайды.

Көптеген елдерде фитосанитарлық, ветеринарлық қауіпсіздік мәселелері азық-түлік құқығы арнайы оқу пәні барысында арнайы бір тарау ретінде оқытылады. Шет елдік ғалымдардан түркиялық ғалым Мұстафа Өзен Азық-түлік құқығы еңбегінде арнайы бөлімді «Өсімдіктер саулығына (фитосанитария)» арнаған. Онда алты түрлі тарауға бөліп қарастырады

1. Зиянды ағзаларды бақылау және сол саладағы тиісті жауаптылық: қылмыстық және құқықтық жауаптылық.
2. Өсімдік аурулары мен зиянкестері үшін өтемақы;
3. Өсімдік паспорты және оларды тіркеу: терісқылық үшін жауаптылық
4. Өсімдікті қорғау құралдары өндірісі және оларды бекіту: қылмыстық жауаптылық, құқықтық жауаптылық, әкімшілік жауаптылық, терісқылық үшін жауаптылық.
5. Өсімдік қорғау құралдарының көтерме және бөлшек саудада сату және ұсыну: қылмыстық жауаптылық және теріс қылық үшін жауаптылық;
6. Өсімдік қорғау құралдарын қолдану: қылмыстық жауаптылық, құқықтық жауаптылық, әкімшілік жауаптылық сипаттамалары берілген [112].

Фитосанитарлық қауіпсіздік аграрлық құқық аясында қарастырылғанымен, ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері экологиялық құқық аясында қарастырылады.

Отандық зерттеушілерден Д.Л. Байдельдинов, С.Д. Бекишева экологиялық құқықтың Ерекше бөлімінде экологиялық құқық институттарынан тұратын құқық салалары жер құқығы, су құқығы, тау-кен құқығы, орман құқығы,

фаунистикалық құқығы, атмосфера-ауа құқығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық апат аумақтары, өндірістік және өзге де шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптарды, арнайы бөлімде табиғат қорғаудың халықаралық мәселелерін қарастырады [113, с. 40]. Біздің ойымызша, өндірістік және өзге де шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар аясына фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы нормалар жатқызылуы мүмкін.

М.М. Бринчук «Экологиялық құқық» еңбегінде аса қауіпті заттар айналысын құқықтық реттеуде агрохимикаттарды тіркеу, сертификаттау және мемлекеттік бақылау пестицидтердің фитосанитарлық, санитарлық-экологиялық жағдайларды ескеріле отырып қолданылуына тоқталған. Табиғат объектілерінің құқықтық режимі: жердің, жер қойнауының, судың, атмосфералық ауаның, жануарлар әлемінің, Өсімдік ресурстарынан орман және орманнан тыс өсімдік әлемін құқықтық режим ерекшеліктеріне тоқталған. Орман өсімдіктері Орман кодексімен, ал орманнан тыс өсімдіктер жер, су, тау кен, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саласындағы заңнамамен реттеледі [114].

Н.Д. Эриашвилли, Ю.В. Труневский, Е.Р. Россинская экологиялық құқық жүйесінде жалпы ерекше және арнайы бөлімдерді бөліп көрсетіп, ауыл шаруашылығындағы экологиялық талаптарға өсімдіктерді қорғау саласында пайдаланылатын агрохимикаттармен және пестицидтерді экологиялық тұрғыдан дұрыс пайдаланудың құқықтық шаралары, өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау мәселелеріне жатқызады [115, с. 327].

Б.В. Ерофеев экологиялық құқық жүйесіндегі ерекше бөлімде арнайы тараумен өндірістік қызмет саласы мен антропогендік әсер саласындағы экологиялық жүйені қорғау және экологиялық құқықтық режимінде ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығынан тыс саладағы табиғи объектілердің экологиялық құқықтық режимін, ауыл шаруашылығын химияландыру өсімдік зиянкестері мен ауруларымен күреске арналған агрохимикаттарды пайдалануға бағытталған ұйымдастырушылық техникалық шаралардың жиынтығы [116, с. 380] деп түсіндіреді.

В.В. Петров экологиялық құқықтың оқулығында экологиялық құқық бес тарауға бөліп қарастырады экологиялық құқықтың пәні, қайнар көздері, объектілері, құқықтық тетіктері, экологиялық жауаптылық, халық шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғау тетіктері, қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғау тетіктері. Табиғи ортаның биологиялық ластануының алдын-алу шараларын ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғау бөлімінде қарастырған. Адамның қоршаған ортаға әсері төрт бағытта бірінші өсімдіктер мен жануарларды будандастыру, жерсіндіру саласындағы қызмет. Табиғи жағдайдан тыс өсімдіктер жануарлар түрінің көбеюінен қоршаған ортаға тән емес, жаңа тірі ағзалардың енуінен биологиялық ластау жүріп жатыр. Екіншіден, азаматтар, ұйымдар кәсіпорындардың экологиялық және санитарлық ережелерді бұзуы арам шөптердің, жәндіктердің масалардың, жануарлардың кеміргіштер санының көбеюінен инфекциялық аурулар тарап адам денсаулығына қауіп төнеді.

Үшіншіден, гендік инженерия мен биотехнология дамуынан белгісіз аурулардың зертханадан қоршаған ортаға түсуі, Төртінші, карантиндік объектілердің жұмысы барысында шет елден өсімдіктер мен жануарлардың әкелінуіне рұқсат беру [117, с.433].

О.С. Колбасов ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаның қорғалуына арнайы еңбек арнаған, онда қоршаған ортаның агрохимикаттармен ластануынан қорғауда құқықтық талаптар мен техника қауіпсіздігі ережелерін белгілеу мен сақтау шараларынан ғана тұрмайды, заманауи технологияларды, преператтарды пайдалану факторлары да әсер етеді. Барлық табиғатқорғау қатынастары кешенін реттейтін құқықтық нормалар жетекші орынды алуы тиістігін көрсетеді [118, с. 78].

Әрекет етуші Экологиялық Кодекстің 23-бабында, «қоршаған орта жай-күйінің биологиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде қоршаған орта сапасының индикаторлары ретінде пайдаланылатын өсімдіктердің, жануарлардың және басқа да ағзалардың түрлері мен топтарының нормативтері, сондай-ақ, санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен және нормалармен, гигиеналық нормативтермен регламенттелетін, микроағзалардың жол беруге болатын шекті шоғырлану нормативтері» [31] белгіленген, ал Экологиялық Кодекстің 217-бабында жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар қатарына, «жерді карантинді объектілерді, бөтенекті түрлер мен аса қауіпті зиянды ағзаларды жұқтырудан, олардың таралуынан, арамшөптердің, бұталардың және шіліктердің басып кетуінен, сондай-ақ, жердің жай-күйінің нашарлауының өзге де түрлерінен қорғау» [31] жатқызылады. Көріп отырғанымыздай, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аграрлық құқық нормаларымен ғана емес, экологиялық құқықтың да нормаларымен реттелетін кешенді институты болып табылады.

Құқық институты дегеніміз - біртекті топтағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіретін құқық жүйесінің негізгі элементі, құқық институтына біріншіден, мазмұнының біртектілігі, яғни әрбір институт жеке, оқшауланған қатынастарды реттеуге арналған, екіншіден, құқық нормаларының құқықтық бірлігі, құқық институтына жататын нормалар бірыңғай кешен ретінде жалпы ережелерде, құқық қағидаларында көрініс тауып құқықтық реттеу режимін құрайды, үшіншіден, нормативті оқшаулық құқықтық институт құрайтын нормалар заңның немесе басқа да нормативті құқықтық актінің бөлімінде, тарауында және өзге де құрылымдық бөліктерінде оқшауланауы, төртіншіден, реттейтін қатынастардың толықтығы, құқық институтына анықтайтын, рұқсат ететін, құқық беретін нормалардың жинақталуы. Құқық институттары мазмұнына қарай жай және күрделі болып бөлінеді. Жай құқық институты бір құқық саласының нормаларын біріктірсе, күрделі құқық институты әртүрлі құқық саласының құрамына кіретін нормалардың жиынтығын білдіреді. Күрделі институттардан субинституттар бөлініп шығады [119, с. 211].

Құқық институттарын пәндік-салалық белгілерге сәйкес салалық және аралас құқықтық институттарға жіктеуге болады. Мұндай бөлу олардың

салалық байланысының негізі болып табылады. Құқықтық институттардың салалық институт - бұл институттар әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түрімен біріктірілген құқықтың бір саласының нормаларынан тұратындығында. Аралас институттар бірнеше сипаттамаларға ие, мұндай құқықтық институттар біртектес, туыстас құқық салаларының әрекет ету саласында пайда болады [119, с. 17]. Біздің тұжырымдауымызша, фитосанитарлық қауіпсіздік нормалары топтасып, құқық институтын құрайды, оның ішінде мазмұнына қарай күрделі құқық институтына жатқызамыз, себебі бір ғана құқық саласымен реттелмейді, жоғарыда айтып кеткеніміздей аграрлық, экологиялық, кеден құқық нормаларында фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері қамтылады. Ал, салалық белгісі бойынша фитосанитарлық қауіпсіздік аграрлық құқықтың құқық институты деп тұжырымдаймыз, себебі фитосанитарлық қауіпсіздікпен ауыл шаруашылық объектілері мен өсімдік өнімдерінде зиянды ағзалардың таралуынан ел аумағы құқықтық қорғалады. Аграрлық құқықтың жеке институты ретінде фитосанитарлық қауіпсіздік институты аграрлық құқықтың ерекше бөлімінде қарастырылуы керек. Тиісінше, фитосанитарлық қауіпсіздік құқық институты ретінде субинституттардан құралады: фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктері, фитосанитарлық карантиндік бақылау және қадағалау, фитосанитарлық сараптама, фитосанитарлық сертификаттау және т.б..

Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормалары аграрлық және экологиялық құқық жүйесіндегі өз орны бар, кешенді және салааралық құқықтық институтты құрайды. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде бір жағынан, қоршаған ортаның құрамдас бөлігі болып табылатын өсімдіктер дүниесін қорғау мәселесі мен зиян тигізуі ықтимал зиянкестерден экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың негізі қарастырылса, екінші жағынан, еліміздің азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін және қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған фитосанитарлық шаралардың заңдылығы қарастырылады. Сондай-ақ, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету институты экологиялық құқық және аграрлық құқық нормаларымен қатар, кеден құқығы нормаларын (мысалы, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы карантинге жатқызылған тауарлар мен өнімді алып өтуге, тасымалдауға және Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салу немесе оларды шектеу), әкімшілік құқық нормаларын (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау), қылмыстық құқық нормаларын (өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзу үшін қылмыстық жауаптылық), сонымен қатар, санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға саласындағы нормаларда (мысалға, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету), орман, жер және өзге құқық салаларындағы нормаларды қамтиды.

Білім саласындағы интеграциялық үрдістердің дамуымен, жоғары білім жүйесінде мамандандырылған білім беру бағдарламалары арқылы оқытуға көшумен байланысты фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін арнайы оқу пәні ретінде оқытылуын ұсынамыз.

2 ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

2.1 Қазақстан Республикасында фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі

Фитосанитарлық қауіпсіздік республика халқын азық-түлікпен қамтамасыз ететін экономиканың ауыл шаруашылығы секторымен, оның ішінде басым бағыттардың бірі агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты түрде дамуымен тығыз байланысты. Қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптасқан жағдайда, яғни өсімдік аурулары мен зиянкестерінің енуі мен таралу тәуекелі туындамаған жағдайда ғана ел экономикасы дамуының мүмкіндіктері зор. Себебі, өсімдік аурулары мен зиянкестері егіншаруашылығына, соның ішінде астық, бау-бақша, мақта және т.б., сонымен бірге, мал жайылымдары мен мал азығын дайындайтын шабындықтарға зиян келтіруі экономикаға аса орасан зор залал келтіруі мүмкін. Сондықтан да, фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мемлекеттік-құқықтық реттеу маңызды болып отыр.

Мемлекет басқару теориясы бойынша құқықтық реттеу дегеніміз - бұл қоғамдық пікірдің және мемлекеттік аппараттың мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілетін, орындалуы міндетті, адамдардың мінез-құлқының құқықтық нормаларын (ережелерін) жариялау жөніндегі мемлекеттің қызметі. Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеудің құрылымы мемлекеттік басқарудың әрбір элементтеріне, оның мәні мен мақсатына сәйкес келетін және оның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құқықтық нысаны берілетіндей болуы керек [120, с. 275].

Алексеев С.С. құқықтық реттеуге төмендегіше түсінік береді: «Қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал етудің заңдық құралдарының жиынтығы құқықтық реттеу тетігі болып танылады, ол құқықтық реттеудің екі қырынан түсінуге мүмкіндік береді: біріншіден, құқықтық құралдар жиынтығы арқылы қоғамдық қатынастарға әсер ету тиімділігін арттыру, екіншіден, тетіктің жекелеген элементтерінің ішкі құрылымымен сипатталады» [121, с. 5].

Мемлекеттік реттеу ұғымына тоқталар болсақ, И.П. Кузьмичтің көзқарасы бойынша: «мемлекеттік реттеу - мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылық өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мақсатты бағытталған, заң нормаларымен реттелген ауыл шаруашылық құқықтық қатынас қатысушыларына әсер етуі [122]».

Қазақстандық ғалымдардан Жусупбекова М.К.: «аграрлық саланы құқықтық реттеу - ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісі және қайта өңдеумен айналысатын субъектілерге әкімшілік және экономикалық әсер ету үрдісінде пайда болатын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы» деп тұжырымдайды [98, 11 б.].

С.Т. Культелеевтің тұжырымдауынша, «мемлекеттік басқару мен реттеудің арасында мақсатты байланыстың айтарлықтай айырмашылықтары жоқ, нақты алғанда мемлекеттің экономикалық және басқа процестерге әртүрлі қатысуы туралы айтылады» [123, с. 34].

Агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуды мемлекеттік реттеу дегеніміз - халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуші ауыл шаруашылығы саласындағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің қызметі барысындағы өнімін дайындау, өндіру, өңдеу барысында кәсіпорындардың шаруашылық қызметінде туындайтын құқықтық қатынастарды реттеу үшін құқықтық актілер шығару жолымен реттеу, осы актілердің жүзеге асырылуын қадағалайтын және бақылайтын мемлекеттік билік органдарының басқару қызметі.

Басқару әдістері дегеніміз - атқарушы билік қызметі мен міндеттерін тәжірбиеде жүзеге асыруы, басқаруындағы тұлғаларға әсер ету әдістері мен тәсілдері, әкімшілік құқықтық әдістер басқару объектісі жеке және заңды тұлғалардың тікелей жүріс-тұрысына әсер етуді білдіреді, ал, экономикалық әдістер негізінен алғанда басқарылатын тұлға жүріс-тұрысына экономикалық мүдделер арқылы әсер етуде көрініс табады [124, с. 119].

Фитосанитарлық қауіпсіздік тұрғысынан әкімшілік әдістерге фитосанитарлық іс-шараларды жүргізуде пестицидтерді өндіру мен фумигациялық және аэрозольды әдістермен қолдану қызметіне мемлекеттік лицензия алу, фитосанитарлық және карантиндік сертификат беру, фитосанитарлық қадағалау мен бақылау және т.б. жатады, экономикалық әдістер субъектілерді ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіруден, пестицид айналымы қызметін субсидиялаудан, өсімдік шаруашылығын сақтандырудан, кәсіпкерлік субъектілеріне салық салудан көрініс табады.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік-құқықтық тетік дегеніміз - мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін, қолайлы фитосанитариялық ахуалды, адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдік дүниесін зиян тигізуі ықтимал зиянды ағзалардан қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың кешені. Оған фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы фитосанитарлық бақылау(қадағалау), сертификаттау, фитосанитарлық сараптама, фитосанитарлық мониторинг пен есептілік, фитосанитарлық нормалау саласындағы қызметтер кіреді. Объектісі болып өсімдік қорғау және карантині қызметі, адам өмірі мен денсаулығы, жануарлар, өсімдіктер, өсімдіктерден алынатын өнімдер, экожүйенің және биоәралуантүрліліктің сақталуы танылады. Субъектісіне фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы барлық өсімдік қорғау мен карантині бойынша халықаралық ұйымдар, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар жатқызылады.

Бұл мәселені экологиялық қауіпсіздікке қатысты алғанда С.Д. Бекишева, «экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетігі - ішкі фактор, институт, құралдардың, антропогендік және табиғи әсер салдарынан туындайтын жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтарын қоршаған ортаны қорғалу жағдайын қамтамасыз ететін тетік. Бұл тетік:

1. экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыратын субъектілердің жүйесі,

2. экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін нормалардың жүйесі, материалдық және процесуалдық нормалар мемлекеттік органдар қызметінің тәртібін белгілейді.

3. экологиялық қызметті қамтамасыз ету барысындағы басқару қызметі. Қоршаған ортаның жағдайы мәселелерін айқындау, мәліметтер жинау, ақпаратты талдау, бағалау, заң жобасын дайындау, сараптамадан өткізу, оған заңдық күш беру және орындалуын қадағалау» [44, с. 112].

С.Д. Бекишеваның пікірімен келісе отырып, фитосанитарлық қауіпсіздік жүйесін қарағанда, алдымен фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыратын субъектілердің жүйесін қарастырамыз.

Тұрақты даму жағдайындағы фитосанитарлық қауіпсіздік саласын мемлекеттік реттеу мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатымен, ұлттық қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыратын субъектілердің жүйесін мемлекеттік органдар құрайды. Заңмен арнайы белгіленген тәртіпте құрылатын, билік құзіреттілігіне ие адамдардың ұйымдасқан ұжымы мемлекеттік орган болып табылады [125, с. 67].

Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік-құқықтық реттеу тетігінің жүйесі өсімдік қорғау мен карантині саласындағы мемлекеттік органдардан: ҚР Үкіметінен, уәкілетті органдардан, мемлекеттік мекемелер, оның ішінде уәкілетті ұйымдар мен Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы, республикалық фитосанитарлық зертханалар, сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар, өсімдік қорғау саласындағы мемлекеттік ұйымдар, фитосанитарлық бақылау объектісін пайдаланушылар, жеке және заңды тұлғалар құралады.

Мемлекеттің фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік-құқықтық тетік Өсімдіктерді карантині және оларды қорғау бойынша халықаралық Конвенцияда белгіленген «фитосанитарлық әлеует» терминімен ұғынылады. Фитосанитарлық әлеует фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы тұрақты қызмет ететін жүйенің, ұйымның және жеке тұлғалардың қабілеті [126]». «Фитосанитарлық әлеуеттің» үш деңгейі бар: тұлғалық, жүйелілік, ұйымдастырушылық деңгей, тұлғалық деңгейде фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мамандардың білімі мен біліктілігі, иеленетін дағдылары мен тәжірбиесі ескеріледі; ұйымдастырушылық деңгей фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің саясаты мен оны жүргізу мақсатында қабылдаған құқықтық нормативтік актілер арқылы ұйымдар қызметін ұйымдастыру; жүйелілік деңгейінде осы саладағы ұлттық ұйымның мақсат-міндеттері, бағыт-бағдары, құрылымы, қаржылық, кадрлық, ақпараттық ресурстары қамтылады [126].

2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Халықаралық өсімдіктер карантині және оларды қорғау Конвенциясына мүше болғандықтан еліміздегі «фитосанитарлық әлеуеттің» ұйымдастырылуы маңызды.

Біз фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы органдар жүйесін күзіреттілігіне байланысты - жалпы күзіретті, арнайы күзіретті және функционалды күзіретті, ал аумақтық бағыныстылыққа байланысты республикалық, аумақтық (облыстық) және жергілікті (аудандық) деп топтап қарастыруды жөн көрдік.

Республикалық органдарға ҚР Президенті, ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі (Министрліктер, ведомствалары мен комитеттері), сот жүйесі мен құқық қорғау органдары; аумақтық органдарға министрлік қарамағындағы облыстық аумақтық бөлімшелер; жергілікті органдарға аудандық аумақтық инспекциялар жатқызылады.

Жалпы күзіретті органдарға ҚР Президенті, ҚР Парламенті мен ҚР Үкіметін жатқызамыз. ҚР Президенті мемлекет басшысы ретінде елдің қауіпсіздік бойынша мемлекеттік саясатының басым бағыттарын айқындайды және Конституцияға сәйкес т.б. күзіреттіліктерге ие. ҚР Үкіметіне атқарушы билік органы болып танылатындықтан, осы саладағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерімен, өсімдік карантині саласындағы мемлекеттік мекемелер және республикалық кәсіпорындар құру және заң актілері бойынша өзіне міндеттелген қызметтер жүктелген.

Арнайы күзіретті органдарға уәкілетті органдар, яғни ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі жатады. Министрлік агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен аграрлық саясаттың негізгі бағыттарын айқындау, аграрлық салаға ақпараттық көмек көрсету қызметін ұсыну міндеттеріне сүйене отырып, өсімдіктер карантині мен оларды қорғау саласындағы ұлттық ұйым мәртебесін иеленді.

Ауыл шаруашылығы Министрлігі Орталық аппараттан тұрады. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы Орталық аппараттың міндеттеріне өсімдік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты бағдарлап, бағыттарын айқындау, мемлекеттік инспекторлар қызметінің ережелерін, осы саладағы жергілікті атқарушы органдардың жүйесі мен қызметін ұйымдастыру, аса қауіпті зиянды және карантиндік ағзалар тізілімін даярлау және т.б. міндеттер жатады [127]. Министрлік құрамындағы фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы ведомства Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті болып саналады. Өз кезегінде аталған комитет республика аумағында карантиндік объектілердің табылуы, олардың таралуы туралы мәліметтерді арнайы ресми сайттарда орналастыру мен жеке мүдделі тұлғаларды ақпаратпен қамтамасыз ету, фитосанитарлық сертификат беру, фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді қорын қалыптастыру, тіркеу, импорттауға рұқсатнама беру, әкімшілік жауаптылыққа тарту және т.б. күзіреттіліктерге ие [128].

Министрлікке қарайтын аумақтық бөлімшелер мен ведомствалық бағынысты ұйымдар бар. Комитетке екі республикалық мемлекеттік мекеме «Республикалық өсімдіктер карантині орталығы», «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» және «Фитосанитария» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны бағынысты. Аталған мемлекеттік мекемелер импорттық себу және отырғызу материалдарына және

сараптамалық үлгілердегі өсімдік зиянкесі, аурулары мен арамшөптердің құрамына зертханалық сараптама жасайды; мемлекеттік инспекторларды оқыту және т.б. өкілеттіліктерін иеленеді.

«Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мен «Фитосанитария» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны өсімдіктер карантині және оларды қорғау, фумигация (уытсыздандыру) және фитосанитарлық сараптама, сонымен бірге, республика аумағын басқа елден әкелінетін импорттық, басқа елге шығарылатын экспорттық, ел аумағымен өткізілетін транзиттік карантинге жатқызылған өнімдерге фумигациялау, өсімдік өнімдеріндегі, тамақ өнімдеріндегі, топырақ пен ауыз судағы пестицидтердің, нитраттар, ауыр металдар мен қалдық мөлшерін анықтау, тіркелуге ұсыныс берілген пестицидтерге сынақ жұмыстарын жүргізу, аймақтар мен шекаралық бақылау бөлімшелерінде фумигациялау камерасы мен топтар құру, карантинге жатқызылған өнімді сақтау мен тасымалдау, ауыл шаруашылық алқаптар мен ормандардың фитосанитарлық жағдайын бағалау қызметтерін жүргізеді.

Министрліктің құрылымдық органына Ветеринарлық, фитосанитарлық және тамақ қауіпсіздігі департаменті жатқызылады. Департамент Ветеринарлық қауіпсіздік, Фитосанитарлық қауіпсіздік және Органикалық өнім мен техникалық реттеу басқармаларынан тұрады. Негізгі міндетіне Ветеринарлық қауіпсіздік, Фитосанитарлық қауіпсіздік және Органикалық өнім мен техникалық реттеу салаларындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мен заңнаманы жетілдіру кіреді. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы шетелдердегі озық технологияларды зерделеу, заңнаманы гармонизациялау мен карантиндік өнімдер, зиянды ағзалар тізбесін, оларға қойылатын талаптарды, пестицидтер қорын құру, пестицидтерді аэрозолды, фумигациялық жолмен қолдану, пестицидтерді өндірісіне қойылатын кәсіптік талаптарды әзірлеу, бекіту және т.б. қызметтерді атқару міндеттелген [129].

Елімізде өсімдік карантині бойынша мемлекеттік инспекторлар мемлекеттік карантиндік фитосанитарлық бақылау мен қадағалау күзіреттерін иеленеді. Осы саладағы мемлекетті қызметтер көрсету, әкімшілік құқықбұзушылық істерді қарау, жаза қолдану мен хаттама толтыру, фитосанитарлық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын тексеру, фитосанитарлық сертификат болуын тексеру, карантиндік, аса қауіпті, зиянды ағза анықталса өнімді залалсыздандыру, жою кіреді [23].

Құқықтық мәртебе құқықтар мен міндеттерден тұратындықтардан өсімдік карантині бойынша инспекторлар: карантиндік өнімдерді тексеру, қарап тексеру, жете тексеру, фитосанитарлық сараптамаға жіберу, фитосанитарлық сертификатты тексеру, бұл сертификат талапқа сай келмесе немесе карантиндік ағзалар табылса өнімді жою, залалсыздандыру мен кідірту, карантинге жатқызылған өнімді әкелу, әкетуге, транзиттеуге тыйым салу құқығы; мемлекеттік карантиндік фитосанитарлық бақылау мен қадағалау объектілеріне бару, тексеру, зертханалық сараптама үшін өнімді таңдап алу, анықталған құқықбұзушылықтар болса, оларды жоюға нұсқама беруге, әкімшілік жауапқа

тарту мен іс материалдарын сотқа бере отырып, сол қызметке тыйым салу мен тоқтату құқықтарына ие [23].

Функционалды құзіретті органдарға ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, ҚР Ішкі Істер Министрлігі, Білім және ғылым министрлігін жатқызамыз. Функционалды құзіретті органдардың ішінде ҚР Қаржы Министрлігі Мемлекеттік Кірістер Комитеті кеден шекарасында карантиндік фитосанитарлық бақылау өткізумен айналысу жауапкершілігіне ие [130].

ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі өсімдіктер әлеміндегі биоәруландылықтың сақталуына, ҚР ішкі істер Министрлігі табиғатты қорғау қызметі «Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1096 бұйрығына сәйкес, ішкі істер органдарының экологиялық құқықбұзушылықтармен күрес және карантиндік іс-шараларға қатысуын, сондай-ақ, экологиялық құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу, алдын-алу мен бұлтартпау шараларын қолдануға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру Ішкі Істер Министрлігінің осы саланы реттейтін министрдің орынбасарына жүктелген [131]. Ішкі істер органдары экологиялық құқықбұзушылықтармен күрес және карантиндік іс-шараларды жүргізуге қатысу қызметтеріне: карантинді, санитарлық және табиғатқорғау іс-шараларына өзге органдармен бірлесе отырып қатысуы; экологиялық құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, ашу, алдын-алу мен бұлтартпау шараларын қолдануға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру жатады.

2005 жылы ДСҰ Хатшылығымен техникалық стандарттау мәселелерінде өзарабайланысты дамыту мақсатында Санитарлық, фитосанитарлық шаралар, саудадағы техникалық кедергілер бойынша Ақпараттық орталық құрылған. Орталыққа ДСҰ хатшылығы мен ДСҰ мен ЕАЭО мүше елдерге техникалық, санитарлық, фитосанитарлық шаралардың қабылдануы туралы, бұл құқықтық актілердің талаптарының сақталмауы туралы осы салалардағы мемлекеттік бақылаудың жүзеге асырылуы туралы, адам, жануар, өсімдік саулығы мен өміріне қауіп төндіретін өнімдер туралы, пестицидтер мен тамақ қоспаларының қалдықтарының рұқсат етілетін мөлшері туралы, карантиндік объектілер туралы және т.б. ақпараттарды хабарлау міндеттелген. Орталық өз функцияларын атқаруда халықтың ақпаратқа қолжетімділігі құқығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы басылым Санитарлық, фитосанитарлық шаралар, саудадағы техникалық кедергілер бойынша Ақпараттық орталық Жаршысы шығарылады [132].

ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ Аграрлық Университеті, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық Университеттеріне «Өсімдік қорғау және олардың карантині», «Фитосанитарлық қауіпсіздік», «Фитосанитарлық оптимизациялау» бағыттары бойынша кәсіби білікті мамандар айналысу құқығы берілсе, бұл

саладағы ғылымның дамуына Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақтың Өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині ғылыми-зерттеу институты айналысады.

2019 жылы агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша заңнамаға енгізілген өзгерістерге байланысты, автомобиль пункттеріндегі мемлекеттік фитосанитарлық карантиндік бақылау мен қадағалау қызметін жүргізу міндеті кеден органдарынан алынып тасталынып, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына ауысты [133].

Жоғарыдағы айтылғандарды қортындылай келе, біздің тұжырымдауымызша, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін, қолайлы фитосанитариялық ахуалды, адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдік дүниесін зиян тигізуі ықтимал зиянды ағзалардан қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың кешенін білдіреді.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігін жетілдіру бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі құрылымындағы Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мемлекеттік фитосанитарлық инспекция басқармасы мен Өсімдік карантині бойынша мемлекеттік инспекция басқармасы және Ветеринарлық, фитосанитарлық және тамақ қауіпсіздігі департаментінің Фитосанитарлық қауіпсіздік басқармаларының қызметтері ұқсас және реттелетін сала бір, сондықтан да, бұл органдар қызметі оптимизациялауды қажет етеді деп санаймыз.

Пандемияның таралуы мемлекеттік басқару жүйесінің эпидемия, эпизоотия, эпифитотия сияқты індеттердің жаппай таралауымен күресуге дайын еместігін көрсетті. Елімізде төтенше жағдай бойынша комиссия жұмыс жасап жатыр. 2020 жылы қыркүйекте Төтенше жағдай министрлігі құрылды. Бірақ, біз адам денсаулығын ғана емес, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жануар мен өсімдік өнімдерінің қауіпсіздігінің негізі ветеринарлық пен фитосанитарлық қауіпсіздікті де оқшау қалдырмауымыз заман талабы болып отыр. Жануарлар мен өсімдік ауруларының таралуы тек астықтың түсімін азайтып қана қоймай, Қытай мен Моңғолияда таралып жатқан бубон обасы, Қазақстандағы құс тұмауы сияқты адам денсаулығына да тікелей қатер төндіреді. Сондықтан да, «үш басты басымдық» - адам өмірі мен денсаулығын, жануар, өсімдік саулығын сақтау үшін Санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша тұрақты үйлестіруші орган құрылуы тиіс, яғни, тек төтенше жағдай орын алған сәтте ғана емес, тұрақты түрде министрліктердің (Ауыл шаруашылық, Қорғаныс, Экология, геология және табиғи ресурстар, Денсаулық сақтау министрлігі және т.б.) қызметін, шекара қызметінің, жергілікті басқару органдарының, ғылыми-зерттеу институттарының, зертханалардың, бірлескен қызметін үйлестіріп, фитосанитарлық заңнамалық актілердің тиісінше орындалуын қадағалап отырса, әрбір облыс, аудан, қалаларда, ауылдарда адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің жұқпалы аурулардың таралуының алдын-алу, ауру таралған жағдайда қолданылатын шаралар алгоритмі айқындалып, қажетті преператтар қоры, мамандар

біліктілігін тексеріліп отыру қызметтерін жүзеге асыру жүктелсе, негізінен алғанда, аталған үйлестіруші орган құзіретіне фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша фитосанитарлық мониторингті жүргізу, фитосанитарлық бақылау мен қадағалау, фитосанитарлық сараптаманы жүзеге асыру, фитосанитарлық нормалау, фитосанитарлық лицензиялау мен сертификаттау, өсімдік қорғау құралдарын мемлекеттік тіркеу саласындағы заңнамалық актілердің орындалуын қадағалау құзіреттері берілуі тиіс.

2.2 Фитосанитарлық қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары мен негізгі бағыттары

Қазақстан аумағына зиянды ағзалардың енуін болдырмау мақсатында фитосанитарлық бақылау жүргізіледі. Фитосанитарлық бақылау ұлттық заңнамаға сәйкес:

1) мемлекеттік фитосанитарлық бақылау [24];

2) мемлекеттік карантиндік фитосанитарлық бақылау [23] болып бөлініп көрсетіледі.

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға тоқталатын болсақ, бұл - мемлекеттік инспекторлардың кәсіпкерлік қызмет субъектілерін профилактикалық бақылау қызметі, яғни, кәсіпкерлік нысандарын сырттай бақылай отырып, фитосанитарлық есептілік құжаттамаларын тексеру, ақпараттық жүйелердегі құжаттарды тексеру, ұйымдардан, бұқаралық ақпарат беттеріне түскен мәліметтерді салыстыру арқылы тексеру кіреді. Аталған тексеру барысында анықталған заң талаптарын бұзушылықтарды жою жөнінде ұсынымдар жіберіледі. Егер ұсынымдардың талаптары, белгіленген мерзімдерде орындалмаса, тексерулер бойынша тоқсандық тізімге енгізіледі.

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілеріне фитосанитарлық мониторинг, фитосанитарлық есептілік, пестицидтерді өндіру, сақтау, өткізу, тіркеу сынақтары, олардың техникалық қауіпсіздік және қолдану регламенті талаптарын тексеру, пестицид сақтау орындары жатқызылады. Фитосанитарлық бақылау және фитосанитарлық мониторинг негізі зиянды және аса қауіпті ағзалар кездесетін ауыл шаруашылық объектілерінде, теміржол, автомобиль жолы белдеулерінде, күзет аймақтары мен өсімдіктен алынатын өнімдерде жүргізіледі [24]. Олар белгіленген мерзімділігіне сәйкес, бір жылда үш рет жүргізіледі. Фитосанитарлық мониторинг зиянды, және аса зиянды ағзалардың байқау, зерттеу, таралуын есепке алу арқылы фитосанитарлық болжамдар жасау шарасы болып табылады. Фитосанитарлық мониторингтан бөлек өсімдік қорғау саласында фитосанитарлық есептілік жүргізіледі, фитосанитарлық бақылау объектілері иелері өзіне тиесілі аумақтағы зиянды ағзалар жайлы, оларға қарсы күрес құралдары, өңдеу жұмыстары жайлы есеп беріп отырады, аталған есептілік уақытылы өткізілмесе, әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Фитосанитарлық бақылау (қадағалау) - карантиндік және басқа да түрлік ағзалардан республика аумағын қорғау бойынша қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар кешені, яғни, карантинге жатқызылған өнімді

импорттау, экспорттау, ішкі тасымалдаумен байланысты фитосанитарлық іс-әрекеттер жиынтығынан тұрады.

Мемлекеттік карантиндік фитосанитарлық бақылау мен қадағалау келесі түрлерге бөлінеді:

1) сырттай, кәсіпкерлік объектілеріне тікелей бармай, яғни, жанама түрде, профилактикалық тексеру;

2) нысанға барып тексеру. Бұл бақылау мен қадағалау түріне:

- өнімдерді тұрақты түрде, қарап тексеру, жете тексеру;

- сараптама, оның ішінде: фитосанитарлық сараптама, зертханалық сараптама;

- құжаттарды тексеру;

- заңнамаға сәйкес фитосанитарлық іс-шаралардың атқарылу барысын, ондағы бюджет қаражаты ысырабын болдырмауды қадағалау кіреді [23].

Ақпараттық жүйелерде, мемлекеттік органдар хабарламаларында, ұйымдардан, бұқаралық ақпарат көздерінен, ашық қолжетімділік жағдайындағы интернет көздерден алынған мәліметтерді салыстыру арқылы сырттай профилактикалық бақылау жүргізіледі, заң нормаларын сақтамау, орындамау, тиісінше орындамау, заң талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, қолма-қол, поштамен, немесе электрондық тәсілмен ұсыным жіберіледі. Ұсыным жолданған субъектілерде ұсынымға қарсы наразылық беру құқығы сақталады, егер қарсылықтар болмаған жағдайда, ұсынымда көрсетілген мерзім ішінде талаптар орындалмаса, инспекторлар объектіге баруымен жүргізілетін профилактикалық тексерудің жартыжылдық тізіліміне енгізіледі. Заңнамадағы 2019 жылғы қазан айындағы орын алған өзгерістерге сай, фитосанитарлық бақылау және қадағалау жүргізетін тұлғалар фото-бейне тіркеу құралдарымен бюджет есебінен жабдықталуы тиіс [133]. Біздің ойымызша, бұл норманың енгізілуі бұл саладағы ашықтық қағидасының жүзеге асырылуының, сыбайлас жемқорлық сияқты қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын-алудың, егер тексеру барысымен келіспей, кәсіпкерлер шағым жасаған жағдайдағы сотта болатын дәлелдемелер базасын қалыптастыру аясындағы халықаралық стандарттардың талаптарының сақталуының заңнамада көрініс табуы деп білеміз.

Фитосанитарлық бақылау объектілеріне ауыл шаруашылығы, орман, мәдени өсімдіктер; көлік құралдары; өнім оралған ыдыс; өсімдік материалынан жасалған бұйымдар; топырақ және олардың үлгілері; өсімдік өнімін өсірумен, оны қайта өңдеумен айналысатын және залалсыздандыру ұйымдарының, шаруа немесе фермер, үй, саяжай қожалықтары аумағы мен үй-жайлары; ауыл шаруашылық, орман өсіру, су және басқа мақсатқа арналған жерлер; теміржол; автобекеттер; сауда орындары; өзен порты мен айлағы; пошта және т.б. өндірістік объектілер жатады [23].

Еуразиялық Экономикалық одақ туралы шарттың 59-бабында: «карантиндік фитосанитариялық шаралар Одақтың кедендік шекарасында және Одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын карантинге жатқызылған өнімдердің (карантинге жатқызылған жүктердің, материалдардың, тауарлардың) тізбесіне енгізілген

өнімге, Одақтың карантиндік объектілерінің, сондай-ақ, карантинге жатқызылған объектілердің бірыңғай тізбесіне енгізілген карантиндік объектілерге қатысты қолданылады. Одақтың кедендік аумағында және Одақтың кедендік шекарасында карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесіне енгізілген өнімге, Одақтың карантиндік объектілерінің, сондай-ақ, карантинге жатқызылған объектілердің бірыңғай тізбесіне енгізілген карантиндік объектілерге қатысты жүзеге асырылады» [134] деп көрсетілген.

Бастапқы карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) келесідей бақылау шараларын көздейді:

1) Құжаттық тексеру. Құжаттамалық тексерулер жүргізу үшін уәкілетті органның лауазымды тұлғасы: карантиндік өнімдердің импорттық партиясы бойынша коммерциялық және тасымал құжаттарын, сонымен қатар, импорттауға рұқсатнаманы талап етуге құқығы бар. Уәкілетті органның лауазымды адамы ұсынылған фитосанитариялық сертификатты тексеруді жүзеге асырады. Сондай-ақ, жоғары фитосанитариялық тәуекелдің реттелетін өнімдерінің импортына немесе оны кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастыруға тыйым салу туралы шешім қабылдайды. Бұл шешімді:

- фитосанитариялық сертификаттағы ақпарат коммерциялық және көліктік (тасымалдау) құжаттардағы ақпаратқа сәйкес келмеген;

- регламенттелген өнімдердің лотына жататын реттелетін өнімнің нақты мөлшерін он және одан да көп пайызға фитосанитариялық сертификаттағы көрсетілген мөлшерден асатын нақты ақпарат болған;

- фитосанитариялық сертификат жалған немесе жарамсыз болып табылатын жағдайларында қабылдай алады.

2) Көлік құралдарын тексеру. Көлік құралдарын тексеру кезінде уәкілетті органның лауазымды адамы ораманың және өнімдердің сынамаларын (үлгілерін) ашпай көлік құралдарын және көлік құралдарының бөліктерін (автокөлік құралдарының, салондардың, жүк салғышты және жүк бөлімдерін, контейнерлерді қоса алғанда) визуалды түрде тексеруді жүзеге асырады. Көлік құралдарын инспекциялауға:

- көлік құралдарының фитосанитариялық сертификатта көрсетілген мағлұматтарға сай болуын белгілеу;

- карантиндік объектілердің болуын немесе болмауын немесе көлік құралдары мен көлік құралдарының бетінде ластану белгілерін (қоқыстануды) анықтау;

- астықтың, бұршақ және майлы дақылдардың тұқымдарының, оларды қайта өңдеу өнімдерінің, контейнерлерде, астық вагондарында және автомобиль көлігімен тасымалданатын заттардың болуы немесе болмауын анықтау жатқызылады.

3) Карантинге жатқызылған өнімді қарау және инспекциялау - зиянды ағзалардың тәуекелдерін басқару жүйесін ескере отырып, зиянды ағзаның жоғары қауіпті реттелетін өнімдеріне қатысты тексеру. Реттелетін өнімдерді инспекциялау кезінде уәкілетті органның лауазымды адамы орамаларды және орауыштарды ашпай реттелетін өнімді визуалды тексеруді жүзеге асырады.

4) Карантиндік өнімдерді инспекциялау. Карантиндік өнімдерді инспекциялау мыналарды көздейді: көлік құралдарынан толығымен түсірілетін немесе көлік құралына орналастырылған реттелетін өнімдерді визуалды тексеру, реттелетін өнімнің көптеген бөліктерінің кез-келген бөлігін тексеруге және әртүрлі бөліктерден үлгілерді (үлгілерді) алуға мүмкіндігі бар көптеген реттелетін өнімдер; карантинге жатқызылған өнімнің әртүрлі бөлімдерінен үлгілерді (үлгілерді); іріктелген үлгілерді (үлгілерді) зерттеу; ағаш орамасындағы және бекітетін материалдардағы халықаралық стандарттың арнайы таңбалау белгілерінің болуы тексеріледі [135].

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №157 шешімімен «Кеден шекарасында және Еуразиялық экономикалық аймақтың кедендік аумағында карантиндік өнімдер мен карантиндік объектілерге арналған бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптар» бекітілген болатын. Құжат Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі түрлі өсімдік зиянкестерінің пайда болуын болдырмау үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына өсімдік өнімдерінің (карантиндік өнімдер) кеден аумағына тасымалдануын реттейді. Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесіне енгізілген карантиндік объектілермен ластанған карантиндік өнімдерді кеден аумағына әкелуге тыйым салынады [136]. Одақтың кеден аумағына әкелінетін карантиндік өнімдердің партиялық карантиндік өнімдері өңдеуге, залалсыздандыруға, кері қайтарылуға жатады [137].

Еуразиялық Экономикалық Одақтағы өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің бірыңғай ережелері мен нормалары бекітілген болатын. Аталмыш ережеге сай, «карантиндік объектілер карантиндік фитосанитариялық зерттеулерге жатады. Карантиндік фитосанитариялық тексерулер:

1. карантиндік объектілерді ерте анықтау;
2. карантиндік объектілердің таралу ошағы мен шоғырлану шекараларын белгілеу (нақтылау);
3. карантиндік объектілерге арналған бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарды карантиндік фитосанитариялық талаптар) жаңарту мақсатында жүргізіледі. Бұл аталған фитосанитарлық карантиндік шараларды қамтамасыз ету аясындағы негізгі құжаттар 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап заңды күшіне енгізілген болатын [137].

Бұдан әрі, 2017 жылғы Еуразиялық Экономикалық Одақтың Кеден Кодексі қабылдануына байланысты, «тыйым салулар мен шектеулер тізіміне - Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты қолданылатын, тарифтік емес реттеу, оның ішінде Одақ туралы шартқа сәйкес біржақты тәртіппен енгізілетін тарифтік емес реттеу шаралары, техникалық реттеу шаралары, санитарлық, ветеринарлық-санитарлық және карантиндік фитосанитариялық шаралар, экспорттық бақылау шаралары, оның ішінде әскери мақсаттағы өнімдерге қатысты шаралар және Одақ туралы шартқа және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленген радиациялық талаптар жатқызылды» [138].

Сауда жаһандануына, нарықтағы экзотикалық өсімдік түрлеріне сұраныстың артуына және климаттың өзгеруіне байланысты фитосанитариялық қауіптердің артуына байланысты, карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды үздіксіз жеткізіп отыру қажет. Фитосанитариялық тәуекелдерді азайту барлық елдердің карантиндік қызметтерінің келісілген бірлескен әрекеттерімен ғана мүмкін болады. Осы мақсатта, Өсімдіктер карантині және қорғау туралы халықаралық конвенция Конвенцияда фитосанитарлық сертификат талаптары көрсетілді.

Фитосанитарлық сертификат дегеніміз - өсімдіктер мен өсімдік өнімдерін бір мемлекеттің аумағынан алып шығу үшін қажетті, өсімдіктер мен өсімдік өнімдері өсімдік ауруларынан, ауру тудырушы ағзалардан, зиянкестерден таза екендігін растайтын құжат. Қазақстан Республикасында фитосанитарлық сертификат алу «Электронды үкімет порталы», «Азаматтар үшін Үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Электронды лицензиялау» порталы, Ауыл шаруашылық Министрлігінің агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік комитетінің жергілікті инспекцияларынан алуға болатын мүмкіндіктер берілген.

Сертификаттаудың бұл түрі халықаралық сауда объектісі болып табылатын көптеген өсімдік және карантиндік өнімдерге қатысты қолданылады. Аталған сертификаттаудың мақсаты өсімдіктерді қорғауды жүзеге асырумен қатар, карантиндік объектілердің аумақта таралуына жол бермеу болып табылады. Фитосанитариялық сертификаттау жүктің фитосанитарлық импорт талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қолданылады. Бұл сертификаттау өсімдіктер өнімінің вирустардан, зиянкестерден таза екенін білдіреді. Фитосанитарлық сертификат тек қана өсімдіктерді қорғау жөніндегі, техникалық біліктілігі бар тиісті уәкілетті мемлекеттік ұйыммен берілуі мүмкін.

Өсімдіктерді қорғау туралы халықаралық конвенцияға сәйкес экспорттау және қайта экспорттау мақсаттары үшін фитосанитарлық сертификаттардың екі үлгісі «фитосанитариялық сертификат» және «кері экспорт үшін фитосанитариялық сертификат» көрсетіледі. Экспортқа арналған фитосанитарлық сертификат өсімдік немесе карантиндік өнім өсірілген немесе өндірілген нақты елдің Өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині бойынша Ұлттық Ұйымымен беріледі. Ал қайта экспорттау туралы фитосанитарлық сертификат, егер жүк жүктыру тәуекелімен бүлінбесе, сол өсімдік не болмаса өнім нақты өсірілмеген және өндірілмеген, қайта экспорттауды ғана жүзеге асырған елдің Өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині бойынша Ұлттық Ұйымымен сертификаттың өзі немесе сол сертификаттың куәландырылған көшірмесі берілуі мүмкін [65].

Өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині бойынша ұлттық ұйым өсімдіктерді қорғау және карантинге қарсы халықаралық конвенция бекіткен фитосанитариялық сертификаттар моделін қолдануы қажет. Егер талап етілетін фитосанитариялық ақпарат фитосанитариялық сертификат бланкіне сыймаған жағдайда, ақпарат қосымшада орын алады.

Фитосанитарлық сертификаттар нысаны қағаз түрінде немесе электронды нысанда берілуі мүмкін. Қағаз түрінде берілетін фитосанитарлық сертификаттарға арнайы бланкіде толтырылуы, қорғаныс белгілерінің және арнайы баспа әдісін қолданылуы талап етіледі. Ағымдағы қағаз сертификаттары импорттаушыларға тамақ өнімдерін қоса алғанда, өсімдік өнімдері жергілікті шаруашылыққа, ауыл шаруашылығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін зиянкестердің барлық түрлерінен тексерілгендігіне кепілдік береді. Бұл қажетті шараларды іске асыру уақыт пен ресурстар тұрғысынан қымбатқа түседі.

Фитосанитариялық сертификаттардың қолданылу мерзімі белгілі бір мерзіммен шектелуі мүмкін, өйткені жүктердің фитосанитариялық дәрежесі фитосанитарлық сертификат берілгеннен кейін өзгеруі мүмкін. Тиісті шарттарды экспорттаушы немесе импорттаушы елдің ұлттық өсімдіктер карантині және өсімдіктерді қорғау ұйымы белгілей алады.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін жоғары фитосанитариялық тәуекелдің реттелетін өнімдерінің партиясы үшін фитосанитариялық сертификат, егер мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, мүше мемлекеттердің ресми тілдерінде және (немесе) ағылшын тілінде толтырылады.

Өсімдіктерді қорғау ұлттық ұйымы фитосанитариялық сертификаттарды экспорттаудың бірыңғай фитосанитарлық сертификат нысанын және фитосанитариялық сертификаттарды қайта экспорттаудың бірыңғай фитосанитарлық сертификат үлгісін ұсынады, сонымен қатар, жалған сертификаттардың санының артуын болдырмау үшін Халықаралық фитосанитарлық порталда (<https://www.ippc.int>) орналастырады.

Фитосанитарлық сертификатта фитосанитарлық сертификат нөмірі, мерзімі (айы, күні, жылы), қолы мен мөр барлық парақта көрсетілуі тиіс.

Фитосанитариялық сертификаттар жарамсыз деп табылады:

- толық емес немесе дұрыс емес ақпарат;
- күрделі немесе шатастыратын ақпарат;
- жалған немесе сәйкес емес ақпарат;
- фитосанитарлық сертификаттардың талапқа сәйкес емес модельдері;
- жарамдылық мерзімі өтіп кетсе;
- куәландырылмаған көшірмелері және т.б.

Фитосанитарлық сертификаттар мемлекетаралық тасымалдауға қолданылса, ішкі карантинді қамтамасыз ету мақсатында облыс аралығындағы тасымалданатын өнімдерге карантиндік сертификаттар беріледі. Қазақстан Республикасында фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар беру тәртібі мемлекеттік қызмет мәртебесіне ие, сондықтан бекітілген стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешеніндегі Мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекцияларымен, қалалық, аудандық және аудандық деңгейде көрсетіліп, өтінім провайдердің мекен-жайына (аумақтық инспекция офисіне) немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталына жіберіледі.

1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 1-бабына сәйкес, «зертханалық сараптама дегеніміз – карантинге жатқызылған өнімнің, өсімдіктер зиянкестерінің, өсімдік ауруларын қоздырғыштардың және арамшөптердің түрлік құрамын және олардың карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерге жататынын айқындау мақсатында олардың үлгілерін зерттеу» [23].

Фитосанитарлық сараптама объектілеріне карантинді объектілер, карантинге жатқызылған өнімдер жатқылады. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 25 шешімімен Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің Бірыңғай тізімі белгіленген, яғни фитосанитарлық сараптама объектілеріне: бірінші топта - Еуразиялық экономикалық одақ аумағында кездеспейтін карантиндік зиянды ағзалар - 139 түрлі жәндіктер мен кенелер, 8 түрлі нематодалар, 29 түрлі саңырауқұлақтар, 12 түрлі бактериялар мен фитоплазмалар, 14 түрлі вирустар, 12 түрлі өсімдіктермен қатар, екінші топта - Еуразиялық экономикалық одақ аумағында шектеулі таралған карантиндік зиянкестер, тізімде 30 түрлі жәндік, 1 нематода, саңыраулақтардың 8 түрі, 3 фитоплазма мен бактериялар, 6 вирус пен 8 өсімдік атауы енген [139].

Фитосанитарлық сараптама жүргізудің басты мақсаты – мемлекет аумағына карантиндік өнімдердің өткізілуін болдырмау. Карантиндік объектілердің ел аумағына енуі қауіпті өсімдік ауруларының таралуына, олардың егістік аумақтарына таралуына, өнім түсімінің азаюына немесе ол өнімдерді тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келуі, соның ішінде түрлі ауруларға шалдығуына алып келуі мүмкін. Мысалға, 2019 жылдың 19 ақпанынан бастап фитосанитарлық шаралардың сақталмауына байланысты Қазақстанға Қырғызстаннан және Өзбекстаннан картоп, алма, анар, құрма әкелуге уақытша тыйым салынды, оған басты себеп – соңғы кезде алма, құрма, анарда Комсток құрттарының, ал картопта нематод құрттарының табылуы. Аталған құрттар өсімдік жемістерінің, жапырақтарының сарғаюына, жемістерінің дәмі өзгеруіне, ал картоп өнімділігінің 50-90% жоғалтуына әкеліп соғуы мүмкін [140].

Фитосанитарлық сараптама жасау тәртібіне тоқталар болсақ, мемлекеттік инспектормен арнайы үлгілер алынып, арнайы ыдысқа салынып, мөр қойылады, содан соң оларға зертханалық сараптама жүргізіледі, жүргізілген зертханалық сараптама қорытындысы бойынша куәлік беріледі.

Қазақстан Республикасы Еуразиялық Экономикалық Одақ шешімдері бойынша одақ арасында фитосанитарлық бақылау карантиндік өнімдердің партиясын визуалды тексеруді, өнімдердің партиясының әртүрлі бөліктерінен сынама алу (сынау) мүмкіндігі; таңдалған сынамаларды (сынақтарды) зерттеуді құрайды. Еуразиялық Экономикалық Одақ аясында, тексеруге жіберілген іріктелген сынамалар (сынамалар) олардың үлгілерін (сынамаларын) сараптас бұрын сақталуын және үлгілерді (үлгілерді) жасырын ауыстырудың мүмкін еместігін қамтамасыз ететін тәсілмен оралуға және тығыздалуға тиіс. Карантинге жатқызылған өнімдердің (карантиндік зиянкестердің) карантиндік өнімдері (инфекциясы), (карантиндік) инфекциясы (ластануы) анықталған

карантиндік өнімдердің үлгілерін талдау нәтижелері карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) актісінде көрініс табады. Карантиндік өнімдердің үлгілерін сараптау нәтижелері бойынша сарапшы (сарапшылар) қол қойған сараптамалық қорытынды жасалады. Карантиндік өнімдердің үлгілерін сараптау жүргізілген жағдайларда, уәкілетті орган реттелетін өнімдерді (егер сынамаларды іріктеу (сынамалар) оларды жүргізу кезінде рұқсат етілсе, регламенттелетін өнімдерді тексереді немесе тексереді) тексеретін Тараптың заңнамасымен анықталады [141].

2016 жылғы 10 мамырдағы Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз етуді бекіту туралы Еуразиялық экономикалық комиссия шешіміне сәйкес, карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету мынадай шаралар тізбегін қамтиды:

1. үлгілерін (сынамаларын) алу және фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық және аймақтық стандарттарын пайдалана отырып сәйкес үлгілерге сараптама жүргізу;

2. карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысын уәкілетті органның қызметкеріне ұсыну;

3. зертханаларды ақпараттық, логистикалық және ғылыми-әдістемелік қолдау [141].

Келесі кезекте, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық-ғылыми ұйымдастырушылық нысаны фитосанитарлық сараптама мен оның жүргізілуінің шетелдік құқықтық тәжірибесіне, шет елдік өсімдік карантині саласындағы заңнамаларға талдау жасайтын боламыз.

Хорватия заңнамасына сәйкес, фитосанитариялық сараптама дегеніміз - зиянды ағзалардың болуын белгілеу немесе заңға қайшы келмейтін объектілердің болуын белгілеу мақсатында, сондай-ақ, өсімдік саулығы жайлы заңнамаға сәйкес қабылданған нормативтік актілердің сақталуы мақсатында өсімдіктердің, өсімдік өнімдерінің және басқа да бақыланатын объектілердің құжаттарын тексеру. Сондай-ақ, фитосанитариялық сараптама:

- партияның тағайындалған фитосанитариялық сертификатпен бірге жүруін анықтау үшін құжаттардың тексерілуі;

- тұтас алғанда немесе бір немесе бірнеше үлгідегі үлгілер жүк партиясының немесе өсімдік өнімдерінің және басқа да бақыланатын объектілердің бар екендігін анықтау;

- барлық немесе бір немесе одан да көп үлгілердің негізінде жай-күйін тексеру және орамаға арналған ағаш материалдарды қоса алғанда, жүк партиясында немесе қажет болған жағдайда, көлік құралдарында заңда бекітілген талаптардың сақталғандығын анықтау құралы болып саналады [142].

Белорусь Республикасының «Өсімдіктер карантині және оларды қорғау» заңына сәйкес, карантиндік фитосанитариялық сараптама мынадай зертханалық зерттеулер түрлерін қамтиды: энтомологиялық, фитопатологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, гельминтологиялық және арамшөптерді талдау. Энтомологиялық анализден өткеннен кейін үлгідегі тиісті карантиндік объектілердің табылуына байланысты, зертханалық зерттеу хаттамасымен бірге, микробиологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық және

гельминтологиялық талдау және арамшөп өсімдіктеріне зерттеу жүргізіледі[143].

Экономиканың ауыл шаруашылық саласын, агроөнеркәсіп кешенінің қалыпты жұмысын дамыту мен карантиндік объектілердің ел аумағына енуін болдырмау мақсатында, Италия заңнамасы бойынша барлық шекарадан өткізілетін өсімдіктер мен жемістер міндетті кедендік декларациялауға жатады, ал Америка Құрама штаттарында фитосанитарлық тәуекелдер талдауы жиі жасалынып отырады. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласында АҚШ үкіметі техникалық көмек көрсететін бірнеше бағдарламаны іске қосты, бұл дамушы елдерге осы елдерге өздерінің халықаралық міндеттемелерін құрметтеуге көмектесу, фитосанитарлық-санитарлық шараларына және сол арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін саудаға жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл көмек әртүрлі нысандарда, соның ішінде оқу семинарлары, зертханалық тренингтер, және т.б. түрде іске асты. Сонымен қатар, афлотоксинмен бадам жаңғақ, кептірілген жемістердің ластануы саласында көптеген зертханалық зерттеулер жүргізілді. Өсімдіктерде афлотоксин мөлшерін тексеру жүргізілген соң ғана фитосанитарлық сертификат беру заңы бекітілді. АҚШ-тың «Азық-түлік қауіпсіздігін модернизациялау туралы» заңы бойынша жаһандық азық-түлік жеткізу тізбегінде проблемаларды болдырмау, азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы техникалық көмек пен әлеуетті арттыруды кеңейту үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Осындай мысалдардың бірі - Біріккен азық-түлік қауіпсіздігі және оны қолдану институтымен серіктестік 2011 жылы Азық-түлік қауіпсіздігіне техникалық көмек көрсету үшін тамақтану ұйымы құрылды. Зертханалық әлеуетті арттыру және азық-түлік қауіпсіздігі бойынша халықаралық зертхана:

- тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың сақталуын бақылау үшін қолайлы зертханалық сабақтарды өткізу;

- тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді басқаруды және қауіп-қатерді басқаруды;

- азық-түлік қауіпсіздігіне техникалық көмек көрсету үшін тамақтану ұйымы сондай-ақ, азық-түлік қауіпсіздігін талдау қағидаттары бойынша кешенді оқыту бағдарламасын ұсынады, сонымен бірге, қызметкерлерді тағылымдамадан өткізу, деректерді алмасу қызметін ұйымдастырады [144].

Біздің ойымызша, қазақстандық фитосанитарлық сараптама саласын дамыту бойынша жүйелі іс-қимыл шараларын қабылдау – заман талабымен қатар, бірінші кезектегі шешілуі тиіс мәселелердің бірі, ең алдымен, ғылыми-кәсіби дайындығы жоғары мамандар дайындауға көңіл бөлінуі тиіс, сонымен бірге, халықаралық стандарттарға сай зертханалардың жабдықталуын қамтамасыз ету, импорт пен басқа елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерін, соның ішінде шетелдік тестілеу әдістерін қамтитын ұзақ мерзімді әлеуетті дамыту бағдарламасын қабылдау керек [145, 462 б.].

Сонымен, фитосанитарлық қауіпсіздік саласын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарына тоқтала келе, фитосанитарлық бақылау (қадағалау), сертификаттау, сараптама қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптастыруға бағытталған фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің

ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері болып отыр. Фитосанитарлық лицензиялау мен фитосанитарлық нормалау мәселелерін келесі тарауда баяндайтын боламыз.

2.3 Өсімдік қорғау құралдарының құқықтық режимі

Соңғы жылдары аграрлық секторда өсімдік қорғау құралдарын жаппай қолдану тенденциясы белең алды. Аграрлық секторды үздіксіз қарқынды химияландыру қоршаған ортаға көптеген химиялық заттардың енуіне әкеледі. Пестицидтің қоршаған ортаға ғана емес, сонымен қатар, адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті әсерін ескере отырып, адам өмірі, денсаулығын және биосфераны ластаушы заттардан қорғау мәселесін құқықтық тұрғыда қайта қарауды қажет етеді.

Пестицидтер биосфераға тікелей қолдану арқылы топырақтың құнарлы қабатына және оның биохимиялық белсенділігіне әр түрлі әсер етеді. Тұрақты кумулятивті пестицидтер, мысалы: триазин, симтриазин, хлордан, гептахлор - олар қолданылғаннан кейін он және одан да көп жыл өткен соң топырақта кездеседі. Пестицидтер төмен концентрацияда топырақ пен жер асты суларына түсіп, судың органолептикалық қасиеттерін нашарлатады. Ауыл шаруашылығында зиянкестер мен өсімдік ауруларын бақылау құралы ретінде қолданылатын барлық пестицидтерден жануарлар мен адамдар уланады. Пестицидтерді қолданудың жағымсыз салдарының бірі - жоғары өнім беретін өсімдіктердің заманауи генетикалық тұрақсыз сорттарын жою қаупі. Пестицидтерді қолдану топырақ эрозиясының жоғарылауы және топырақтағы гумус мөлшерінің азаюы тәрізді ұзақ мерзімді салдарға әкеп соқтырады, [146, с. 316].

Пестицидтерді ауыл шаруашылығында жүйелі түрде қолдану олардың макро және микробиоценоздарды өзгертетін және қалыптастыратын экологиялық факторға айналуына әкелуі мүмкін. Ауыл шаруашылығында әр түрлі химиялық заттар ұзақ мерзімде және көп мөлшерде қолданылса, олар сол жердің топырақ қабатында жинақталады. Бұл жағдайда олардың қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттардың сақталуы туралы мәселе туындайды, өйткені көптеген химиялық заттар адам мен жануарларға улы болып табылады және топырақта, өсімдіктерде және әр түрлі тамақ өнімдерінде ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Пестицидтердің адамдар мен жануарлардың ағзасында жинақталуы - ерекше қауіпті. Ауыл шаруашылығын қарқынды химияландыру химиялық-технологиялық төңкерісті қисынды түрде аяқтады, ол адам өмірінің биосфералық негіздеріне көлеңке түсірді. Пестицидтер өндіріс көлемі және олардың агроценоздар мен биосфераға әсер ету сипаттамалары бойынша қоршаған ортаны ластайтын негізгі заттардың біріне айналуға. Өсімдіктерді химиялық қорғау ауыл шаруашылық өнімділігін сақтауда маңызды рөл атқарады, ал екінші жағынан олар тірі ағзалардың тіршілік әрекетіне қауіп төндіреді [147, с. 76]. Көріп отырғанымыздай, өсімдіктерді қорғаудың химиялық әдістерін пайдаланудың салдары жағымсыз зардаптар туғызып отыр. Осы салдардың алдын-алу мақсатында өсімдік қорғау құралдарының айналысы халықаралық және ұлттық заңнамамен реттелінеді.

Өсімдік қорғау құралдары түсінігі «Өсімдік қорғау туралы» ҚР Заңына 2019 жылғы 28 қазанда енгізілді, оған дейін пестицидтер (улы химикаттар) ұғымы пайдаланылды, өсімдік қорғау құралдары терминінің енгізілуі биоагенттер ұғымының заңға енгізілуімен байланысты, «биоагенттер - табиғи жағдайларда көбейетін, зиянды, аса қауіпті зиянды ағзалардың, сондай-ақ, карантинді объектілердің тіршілік әрекетін жоятын және (немесе) басатын, өсімдіктерді қорғау мақсатында қолданылатын ағзалар» [24], өсімдік қорғау мақсатындағы биоагенттер, пестицидтер және өзге де техникалық және басқа да құралдар бірігіп өсімдік қорғау құралдарына жатқызылды. Бұл биоагенттердің құқықтық реттелуі өсімдік қорғау саласындағы экожүйенің тепе-теңдігі мен биоэрауантүрліліктің сақталуы, жаппай химияландыру әдісінен қауіпсіз әдістерге көшуге деген бетбұрыс болып табылады. Биоагенттер (энтомофагтар) биологиялық әдіс түрі ретінде зиянды ағзаларды табиғи ортада жоятын зиянкестерді, яғни зиянкестердің табиғи жауларын пайдалану арқылы зиянды ағзалардың санын азайтады.

Пестицидтердің халықаралық режиміне байланысты Е.С. Аянбаев Пестицидтердің жалпы және арнайы халықаралық режимінің саяси-құқықтық негізі: 1) тарату және қолдану жөніндегі халықаралық тәртіп кодексі; 2) Алиментариус кодексі болып табылады. Бұл актілердің нормалары жалпы және арнайы сипаттағы пестицидтердің халықаралық режимінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл құжаттар қарастырылып отырған аймақтағы саяси және құқықтық режимдердің негізі болып табылады [9, с. 170].

Пестицидтерді қолдануды халықаралық реттеуде 1985 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы (ФАО) қабылдаған Пестицидтерді тарату және қолдану жөніндегі халықаралық тәртіп кодексімен қатар, 2014 жылы Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы пестицидтерді басқару бойынша халықаралық нұсқаулықтың анықтамалық негізі ретінде Әдеп кодексін де қабылдады, онан бөлек Кодекс Алиментариустың да алар орыны ерекше.

ФАО және Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы үкіметтерге пестицидтерді реттеуші бақылауға қатысты министрліктердің бірігіп қызмет етуін ұсынады. Пестицидтерді тарату және қолдану жөніндегі халықаралық тәртіп кодексі пестицидтерді қолдану бойынша атқарушы органдарға, пестицидтерді өндіру өнеркәсіптеріне нұсқаулық ретінде әрекет етеді, пестицидтерді басқару толығымен ел үкіметіне жүктеледі, сонымен бірге, пестицидтерді пайдалану бойынша денсаулық қорғау, білім беру, кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, пестицидтер қолданылатын ауыл шаруашылық жерлерінде балалар еңбегіне тыйым салу, пестицидтерді тіркеу барысында тәуекелдер талдауын жүргізу, пестицидтерді үнемі бақылау үшін қайта тіркеу, пестицидтердің дәрілік құрал ретінде импорты, экспорты, дайындалуы, өндіріс бақылануы, лицензиялау, таңбалау және жарнамалау мәселелері қарастырылған. Жарнамалауда «биопестицид», «қауіпсіз» деген сөздерді пайдалануға тыйым салынған [148].

Пестицидтерді тарату және қолдану жөніндегі халықаралық тәртіп кодексінде көрсетілген ұсынымдар бойынша Еуропалық Одақ тәжірбиесінде

пестицидтерді қолдану 2009/128/ЕС директивасымен реттеледі. Бұл пестицидтерді қолданудың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп мен әсерін азайту және зиянкестермен интеграцияланған басқаруды және пестицидтерге балама тәсілдерді немесе әдістерді қолдануды ынталандыру арқылы пестицидтерді тұрақты пайдалануға қол жеткізуге бағытталған. Еуропалық Одақ елдері Директивада көрсетілген іс-шаралар жиынтығын іске асыру үшін ұлттық іс-қимыл жоспарларын әзірледі. Негізгі әрекеттерге кеңес берушілік, оқыту, ақпараттандыру бағыттарына көңіл бөледі, мысалы, пестицидтерді пайдаланушыларды, кеңес берушілер және пестицидті тасымалдаушыларды, сатушыларды, дистрибьюторларды оқыту, пестицидтерді қолданудағы қорғану құрал-жабдықтарын тексеру, пестицидтерді әуе арқылы шашуға тыйым салу, пестицидтердің қауіп-қатерлері туралы ақпараттандыру және хабардар ету кіреді [149].

Кодекс Алиментариустың Пестицидтер қалдықтары бойынша комитеті тамақ өнімдері мен жануарлар азығындағы пестицид қалдықтарының рұқсат етілген мөлшері бекітеді. Рұқсат етілген ең жоғары деңгей – ауыл шаруашылығы тәжірибесі қағидаттарына сәйкес пестицидтерді дұрыс пайдаланған жағдайда шекті мөлшері рұқсат берілген, тамақ өнімінде кездесетін пестицид қалдықтарының ең жоғары концентрациясы. Кодекс Алиментариус Комиссиясымен жекелеген өнімдер үшін пестицидтер қалдықтарының барынша рұқсат етілген деңгейлері және ықтимал қауіпті химиялық қосылыстар құрамының шекті рұқсат етілген деңгейлері әзірленген. Аталған тамақ өнімдерінде белгіленген пестицидтер қалдықтарының барынша рұқсат етілген деңгейлері және ықтимал қауіпті химиялық қосылыстар құрамының шекті рұқсат етілген деңгейлерінен артық пестицидтердің қалдықтары болмауы тиіс. Рұқсат етілген дозалар кезінде нарықта елге әкелгенде, ел ішіндегі сауда желілеріне түсу кезінде өнімдер үшін көрсетіледі. Кез-келген жағдайда бұл шектерден асып кетуге жол берілмейді [150].

Пестицидтерді басқару саласындағы халықаралық келісімдерге 1989 жылы 22 наурыздағы қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалын реттеуге бағытталған Базель конвенциясын жатқызуымызға болады. Оның мақсаты - адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қауіпті қалдықтардың зиянды салдарынан қорғау. Конвенцияға сай, қауіпті қалдықтарды өндірісі және олардың мемлекетаралық тасымалы барынша шектелуі тиіс. Қауіпті қалдықтарды тасымалдауға арнайы рұқсатты талап етіледі, қауіпті қалдықтардың мемлекетаралық орнын ауыстыру қауіпті қалдықтарды қабылдаушы елдің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидаларына сәйкес осы қалдықтарды қауіпсіз қайта өңдеуге мүмкіндігі болған кезде ғана рұқсат етілуі тиіс. Әрбір тарап конвенцияның мүшесі бола отырып, биоцидтер мен фитотармацевтикалық заттарды өндіру, алу және пайдалану қалдықтары, соның ішінде, жарамдылық мерзімі өткен пестицидтер мен гербицидтердің қалдықтары сияқты құрамында химиялық заттар кездесетін пестицидтерді жою, өндіру және пайдалану үшін қажетті құқықтық және әкімшілік шараларға тыйым салады және/немесе қабылдайды [148].

2003 жылдан бастап Қазақстан Базель конвенциясына қосылып, төмендегі міндеттемелерді алды: конвенцияның хатшылығына қауіпті қалдықтар туралы ақпаратты хабарлау; қауіпті қалдықтардың басқа елдерге тасымалдануын шектеу және/немесе тыйым салу, хатшылыққа жыл сайын қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалдары туралы баяндама ұсыну, онда конвенцияны орындау үшін қабылданған шаралар туралы; экспорт және импорт көлемдері туралы; тасымалдау кезіндегі орын алған апаттар туралы ақпаратты ұсыну; қауіпті және басқа да қалдықтар өндірісін барынша азайтуға көмектесетін шараларды жүзеге асыру [151].

1998 жылы 10 қыркүйекте Роттердамда өткен дипломатиялық конференцияда Халықаралық саудадағы кейбір қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге байланысты алдын-ала хабарланған келісім тәртібі туралы Роттердам конвенциясына қол қойылды. Осы Конвенцияның мақсаты - адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны ықтимал зиянды әсерден қорғау және олардың экологиялық таза пайдаланылуына ықпал ету үшін кейбір қауіпті химиялық заттармен халықаралық саудадағы Тараптардың жалпы жауапкершілігін және бірлескен күш-жігерін насихаттау, олардың қасиеттері туралы ақпарат алмасуды жеңілдету, ұлттық қауіпсіздік шарттарын орындау ережелерін бекіту [152].

Роттердам конвенциясына қосылу барысында Қазақстан адам денсаулығы мен қоршаған ортаға улы химиялық заттардың әсері жайлы ақпаратқа қол жеткізді. Бұл Қазақстанның химиялық заттарды реттеу, басқару, пайдалануға байланысты құқықтық саясатына әсерін тигізеді [153].

2001 жылдың 22-23 мамырында Швецияның Стокгольм қаласында өткен конференцияда Стокгольм конвенциясына қол қойылды. Стокгольм конвенциясының мақсаты - адам денсаулығын және қоршаған ортаны тұрақты органикалық ластаушылардан қорғау. Конвенциямен тұрақты органикалық ластағыштарға жататын химиялық заттарды өндіруге және пайдалануға тыйым салуды реттейді [154]. Тұрақты органикалық ластағыштарға альдрин, хлордан, дильдрин, эндрин, гептахлор, гексахлорбензол, мирекс, токсафен, полихлорланған дифенилдер, сондай-ақ, диоксиндер мен фурандар, хлордекон, гексабромдифенил, линдан, альфа-гексахлорциклогексан және бета-гексахлорциклогексан, тетрабромдифенил эфир және пентабромдифенил эфир, гексабромдифенил эфир және гептабромдифенил эфир, перфтороктансульфон қышқылы және оның тұздары, перфтороктансульфон фториді, пентахлорбензол жатқызылады. Қазақстанда Конвенцияда көрсетілген тұрақты органикалық ластағыштар қолданылатын пестицидтер құрамында кездеседі. Бұл пестицидтерді пайдаланған соң ыдыстарын, қолданбаған бөлшегін залалсыздандыру, арнайы жерлерге көму жүзеге асырылады. 2007 жылы Конвенцияға мүше бола отырып ондағы міндеттемелерді орындау барысында Қазақстан ұлттық жоспар арқылы нормативті базаны қалпына келтіру, пестицид қалдықтарын жою, мониторинг жүргізуді жоспарлаған [153].

Базель, Роттердам, Стокгольм Конвенцияларына мүше бола отырып, Қазақстан өзіне белгіленген міндеттемелерді орындау мақсатында құқықтық актілерге өзгерістер енгізді. 2009 жылы Кеден Одағы аясында қауіпті

қалдықтардың тізімі бекітілді, үшінші елдермен саудада тыйым салынатын және шектелетін тауарлардың тізімі бекітілді, бұл тізімге Стокгольм конвенциясында көрсетілген тұрақты органикалық ластаушылар қатарына өсімдік қорғау құралдары да кірді. «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңда бактерологиялық зақымдану зақымдану, экологиялық қауіпті қалдықтар тасымалына тыйым салынды [37].

Ауыл шаруашылығында пестицидтерді қарқынды қолданудың жағымсыз салдарын азайту мен болдырмауда мемлекет тарапынан бақылауды күшейту маңызды рөл атқарады. Жоғарыда аталған халықаралық конвенциялардың нормалары заңнамалық деңгейде пестицидтердің қолданылуын бақылау мен бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пестицидтерді қолдану ережелерін сақтау қажет.

Өсімдік қорғау құралдары айналысы Қазақстанда бірнеше заң актілермен қамтамасыз етіледі. Өсімдік қорғау туралы заңда көрсетілгендей, адам денсаулығына пестицидтердің зиянды әсерін, қоршаған орта мен ауыл шаруашылық өнімінің ластануын болдырмау - өсімдік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі.

2020 жылғы 8 маусымда өсімдіктерді қорғау құралдары айналымын құқықтық реттеу мақсатында Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламенті бекітілді. Техникалық регламент талаптарына сәйкес, пестицидтердің сатылымы арнайы мамандандырылған, азық-түліктік емес дүкендерде рұқсат етілген, пестицидтерді сақтау мамандандырылған, қауіпсіздік жағдайлары қамтамасыз етілген арнайы қоймаларда, пестицидтермен химиялық өңдеу мамандандырылған, лицензияға ие заңды тұлғалармен жүзеге асырылуы бекітілген [155]. Пестицидтер нарыққа түспес бұрын мемлекеттік тіркеуден өткізіліп, қауіпсіздік паспорты рәсімделеді, мемлекеттік тіркеуден өткізілмеген пестицидтер айналысқа шығарылған жағдайда уәкілетті орган тексеру мен бақылаулар жүргізіп, талапқа сәйкес емес пестицидтер айналымнан алынып тасталынады.

Өсімдік қорғау саласын лицензиялау 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі, заңға сәйкес, қауіптілік деңгейіне қарай рұқсат беру үш санатқа бөлінеді, бірінші санаттағы рұқсаттар – қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты қызмет түрлеріне қатысты енгізілетін лицензиялар болып бөлінеді [156]. Пестицидтермен жұмыс істеу саласындағы қызмет пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге (формуляциялауға), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізуге, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға лицензия алу осы бірінші санатқа жатқызылады [156].

Пестицидтерді тіркеу және буып-түюге байланысты таңбалау талаптары белгіленген, пестицидтерді тіркеу сынақтарының қорытындысында оң нәтиже көрсеткен сәттен жүзеге асырылады, буып-түюге байланысты таңбалауда пестицид құрамы мен оны қолдану туралы, осы тауарды өндіруші туралы, ақпараттарды қамтуы тиіс, буып-түю ыдысының материалдары жану, жылу, тез

тұтанатын, уытты газдар бөлінуі, химиялық белсенді заттар бөлінуін тудыратын реакцияға түсе отырып, олармен өзара әрекеттеспеуі тиіс.

А.К. Джангабулова өз диссертациясында «ауыл шаруашылық тауарлардың (өнімдердің) жоғары сапалы болуын» [157, 12 б.] алға тартады, біз зерттеушінің бұл пікірімен келісеміз, өз тарапымыздан, ауыл шаруашылық өнімдерінің жоғары сапалы болуында өсімдік қорғау құралдарының қолдануының ссалдарынан өнім құрамындағы пестицидтер қалдығының шекті деңгейден асырылмауы маңызды рөл атқаратындығына аса назар аудару керек деп тұжырымдаймыз.

ҚР «Өсімдік қорғау туралы» заңда «пестицидтердің қалдық мөлшері - өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі пестицидтер құрамының мөлшерлік көрсеткіші, олардың адам мен жануарларға қауіпсіздігі осы көрсеткіш арқылы бағаланады» [24] деп көрсетілген. Бұл қалдық мөлшерін анықтау үшін өсімдік қорғау саласындағы мемлекеттік ұйымдар сараптама жасайды. Жеке және заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы өніміндегі пестицид қалдықтарына сынақты өз қаражаты есебінен анықтайды. Пестицидтер қалдық мөлшері сандық деңгейі туралы Кеден Одағының арнайы талаптарында көрсетілген [158].

Біздің ойымызша, ДСҰ СФС келісіміне сәйкес, пестицидтер сияқты ластаушы заттары бар тамақ өнімдерінің ұлттық импортына қойылатын талаптар әлемдік сауда жүйесінің талаптарына сәйкес келуі керек. Ол үшін пестицидтердің қалдық шоғырлануының рұқсат етілген шекті деңгейлері туралы ұлттық стандартты қабылдау қажет [159, р. 1047].

Экологиялық кодекс бойынша қоршаған ортаға шекті әсерді бағалау мен оның сапасын бағалау экологиялық нормалау [31] болып табылады. Осы орайда, Е. Байтанаевтың пікірінше, қоршаған ортаның агрохимикаттармен ластануы дегеніміз агрохимикаттарды тасымалдау, сақтау және қолдану кезінде белгіленген ережелер мен нормативтерді бұзу нәтижесінде оған судың, топырақтың және атмосфералық ауаның табиғи құрамының өзгеруіне әкелетін, адамдарға, жануарларға, өсімдіктер әлеміне, экологиялық жүйелерге және тұтастай биосфераға зиянды әсер ететін қабылдау деп түсініледі [160, с. 150].

Біздің ойымызша, өсімдік қорғау құралдарын қолдану барысында қоршаған ортаға келетін зиянды сандық және сапалық бағалауды фитосанитарлық нормалау деп танып, аталған ұғымды қолданысты заңға енгізуіміз керек. Фитосанитарлық нормалау фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу барысында өсімдік қорғау құралдарын қолдану салдарынан адам өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің саулығына және қоршаған ортаға келген әсерді бағалау болып табылады.

Пестицидтер айналысындағы регламентте: «пестицидтің шекті жол берілетін концентрациясы - ұзақтығы шектелмеген уақытта күн сайын әсер еткен жағдайда ауру немесе адам денсаулығы жай-күйінің ауытқуын тудырмайтын пестицидтің әсер етуші затының көлем (ауа, су), салмақ (тамақ өнімдері, топырақ) немесе сырт (жұмыскерлердің терісі) бірлігіндегі мөлшері» [154] деп көрсетілген.

Сонымен, өсімдік қорғау құралдары айналымы заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын, өсімдіктер дүниесін зиянды ағзалардың кері әсерінен қорғау, енуі мен таралуының алдын-алу, емдеу және залалсыздандыру мақсатында пайдаланылатын құралдар жүйесін білдіреді. Өсімдік қорғау құралдарын қолдану тек қоршаған ортаға ғана емес, бағбандар мен тұтынушылар өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуы тиіс. Оларды қолдану барысындағы техникалық регламенттердің сақталмауы өмір мен денсаулыққа қауіп басты төндіреді.

Сатушыларға өсімдіктерді қорғау бойынша оқыту және пестицидтерді пайдалануға жауапты бөлімнен маркетингтік рұқсат алуды ұсынады. Пайдаланылған пестицидтер орамы мен материалды жақын аралықта жою қоршаған ортаға нақты қауіп төндіреді. Бос орамдарды жою кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау өте маңызды болып табылады. Осыған байланысты, заңнама арқылы пестицидтер өндірушілерін бос орамдарды қайта өңдеу механизмін енгізуге мәжбүр ете алады [161, р. 197-198]. Пестицидтермен жұмыс істеу үшін улы химикаттармен жұмыс істеу саласында арнайы білім (агрономия саласында жоғары білім), арнайы техника мен жабдықтар, арнайы киім және т.б. талап етіледі.

Адамның денсаулығы мен өмірін сақтау, ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану шектеулі сипатта болуы қажет. Өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдануды арнайы мамандандырылған, қауіпсіз қолдану ережелері мен технологияларды игерген, біліктілігі жеткілікті тұлғалар жүзеге асыруы тиіс, осы тұрғыда, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық айналымға «фитосанитарлық кәсіпкерлік» терминін енгізуді ұсынамыз. Ол негізгі қауіпті және зиянды карантиндік ағзамен зақымданған немесе зақымдалу тәуекелі бар өсімдіктерді залалсыздандыру үшін өсімдік қорғау құралдарының айналымы бойынша жұмыстарды атқару және қызметтер көрсету саласындағы лицензияланатын қызметті білдіреді. Бұл пестицидтерді (улы химикаттарды) аса қауіпті және зиянды карантиндік өсімдіктерді зарарсыздандыру үшін қолдану жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды жүргізудің негізгі мақсаты бар жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі қызмет ретінде түсініледі [162, р. 116].

Е.Ш. Дүсіпов: «ауыл шаруашылық жер учаскесін пайдаланумен тығыз байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың тәуекеліне, дербес мүліктік жауапкершілігіне негізделген, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, өңдеу және ұқсатуға бағытталған ынталы қызметті аграрлық кәсіпкерлік деп атайды [163, 10 б.]». Фитосанитарлық кәсіпкерлік аграрлық кәсіпкерліктің бір түрі болып табылады, өсімдік шаруашылығында өсімдік қорғау құралдарын өндіру, пайдалану бойынша пайда табуға бағытталған қызмет. Кәсіпкерлік субъектілері өсімдіктерді қорғау және карантині саласында кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Заңнамалық актілермен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін зиянкестер мен ауруларға қарсы өңдеу, сондай-ақ, меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы жер учаскелерінде (қосалқы

шаруашылықтары) карантинге қарсы іс-шаралар жүргізуді өздері емес, лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарды тарту [155] міндеттелген.

Мемлекет фитосанитарлық кәсіпкерлік саласын реттей келе, фитосанитарлық кәсіпкерлік саласы ретінде дамытуға барынша жағдай жасалуы керек. Фитосанитарлық кәсіпкерлік субъектілері Кәсіпкерлік кодексте белгіленген жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың барлық нысандарын пайдаланып, фитосанитарлық кәсіпкерлік ерекшеліктері ескертіле отырып, мемлекеттік қолдау тұрақты негізде көрсетілуі тиіс.

Өсімдіктерді зиянды ағзалардан қорғау кешенді өсімдік қорғау қағидасымен [99] жүзеге асырылуы ұлттық заңнамада бекітілуі тиіс, кешенді өсімдік қорғау қағидасын, яғни пестицидтерді биоцидтермен алмастырған, ауыспалы егіс әдістерін, сертификатталған тұқымдар қолданған, жетілдірілген нанотехнологияларды қолданған, алынған өнімнің құрамында химиялық ластаушы заттар төмен мөлшерде кездесетін жағдайда өнім өндірушілерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуді көздейтін мемлекеттік саясатының бір бөлігі ретінде ұзақ мерзімді мемлекеттік даму бағдарламаларында көрініс табуы керек. Өсімдіктерді қорғаудың кешенді қағидаларын пайдалану, ауыл шаруашылығын тұрақты басқарудың қажетті өлшемшарты болып табылады [164, p. 350-356].

Биоагенттер су қоймаларына жақын орналасқан жерлерде, балалар тамағы өндірісінде, балалар ойын алаңдары, денсаулық сақтау мекемелері, қоғамдық тамақтандыру орындары, мектептер аумақтарында пестицид қолдануға тыйым салынған жерлерде қолдануға балама болып табылады. Биоагенттер, өсімдік қорғау құралдары ұғымы өсімдік қорғау туралы заңға енгізілгенмен, іске асыру тетігі заңда көрсетілмеген, биоагенттерді қолдану туралы тек мемлекетаралық стандарт бар. Заңнамаға биоагенттерді пайдалану, өндіру, айналысы, тасымалы туралы нормалар енгізілуі керек. Сонымен бірге, өсімдік қорғаудың экологиялық таза әдістері энтомофагтар өндіруге қаржы көп кететіндігі айтылуда, мемлекет биоагенттер өндірісін субсидиялауқолға алытуда, болашақыта қауіпсіз, экологиялық таза өнім алуымыз үшін биоагенттер өндірісін қаржыландыруды көбейту керек.

3 ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

3.1 Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастығы

Халықаралық ынтымақтастық дегеніміз – ортақ мақсат пен міндеттер негізіндегі халықаралық құқық субъектілерінің бірлескен қызметі және халықаралық құқық қағидасы ретінде түсіндіріледі [165].

Халықаралық сауданың дамуы мен мемлекеттердің аумағының өсімдік зиянкестерінің таралуынан қорғалуы мақсатында карантиндік ағзалардың көбеюі мен таралуының алдын-алуда әлем мемлекеттері бірлесе қызмет етуі шартты. Сондықтан да, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен бірлесе іс-қимыл жасау үшін нормативті тұрғыдан бекітілген халықаралық уағдаластықтарға қол жеткізеді. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нормативті түрде іске асыруда Қазақстан Республикасы халықаралық шарттар мен келісімдерге сүйене отырып қызмет атқарады. Бұл жерде біздің ойымызша, «фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастық» пен «фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық» ұғымдарын бөліп қарастыру керек.

Д.Л. Байдельдиновтің пікірінше, «мемлекетаралық ынтымақтастық мемлекетаралық заңнамаға ықпал етеді және мемлекетаралық мәселелерді шешу мақсатындағы қажетті шарт» [166, 126 б.]. Халықаралық ынтымақтастық - ол мемлекеттердің халықаралық ұйымдар құрып, оған мүшелік негізінде ортақ ережелер қабылдауы, ал мемлекетаралық ынтымақтастық – ұйым негізінде емес, екі мемлекеттің белгілі-бір мәселелерді шешу аясында келісімге келіп шартқа қол қоюы.

Халықаралық құқық теориясына сәйкес, ынтымақтастықты екі нысанда шарттық және ұйымдастырушылық нысанда жүзеге асырылады, шарттық нысан халықаралық ортақ мәселелерді шешу бойынша шарт қабылдауды қамтыса, ұйымдастырушылық нысанда сол шарттық нысанды талқылау үшін конференциялар, симпозиумдар өткізу, мемлекетаралық конференциялар және т.б. іс-шаралар ұйымдастыруда көрініс табады [167, с. 429]. Осы орайда, халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық деген ұғымды ұсынамыз. Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың шарттық нысаны фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы халықаралық сауда меен трансшекаралық негізде зиянды ағзалардың таралуының алдын-алу мәселелеріне байланысты мәселелерді шешу мақсатында халықаралық шарттардың қабылдануымен іске асырылса, бұл шарт қабылдануы үшін бірнеше мемлекеттің қатысуымен халықаралық конференциялар, симпозиумдар, жиындар, дөңгелек үстелдер өткізу арқылы шарттық ережелерін, жалпы фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы туындаған мәселелер талқыланып, шешу жолдары көрсетіледі.

Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық шарттық нысанда халықаралық шарттардың алар орыны ерекше. 1969 жылы «Халықаралық

шарттар құқығы туралы» Вена Конвенциясы қабылданып, 1993 жылы Қазақстан бұл конвенцияға қосылған болатын. ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ, Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады» [47], яғни, Ата заңымызда халықаралық шарттардың Қазақстанда қолданылатын құқықтың құрамдас бөлігі екені, олардың республика заңдарынан басымдығы бекітілген. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңында Қазақстан Республикасының қолданыстағы әрбір халықаралық шартын Қазақстан Республикасының міндетті және адал орындауына жататындығына сілтеме жасалған [168].

Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың шарттық нысанын құрайтын халықаралық шарттар халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың қайнар көздері болып табылады, біз бұл қайнар көздерді негізгі және қосымша деп екіге бөліп қарастырамыз.

Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың негізгі қайнар көздеріне халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық саласындағы басты құжат Өсімдіктер карантині мен оларды қорғау бойынша халықаралық Конвенцияны жатқызамыз. Өсімдіктер мен өсімдік өнімдерінде зиянды ағзалардың көбеюі мен таралуымен бірлескен күресте Өсімдіктер карантині мен қорғау бойынша халықаралық Конвенцияға мүше елдердің осы құжатта көрсетілген міндеттемелерге ие болып, оларды заңнамалық, әкімшілік, техникалық шаралар қабылдау арқылы өз аумағында орындауы талап етілген. Конвенцияда мүше елдердің Өсімдіктерді қорғау мен өсімдік карантині бойынша ресми Ұлттық Ұйымның болуы талап етілген. Бұл ұйымның жауаптылығына импорттайтын елдің талаптарына сай өсімдіктерге, өсімдік өнімдеріне сертификат беру, өсімдіктің вегетациялық кезеңінде тексеру, халықаралық қатынаста өсімдік жүктері тасымалын тексеру мен оларды залалсыздандыру, фитосанитарлық тәуекел талдауын жүргізу, экспортқа дейінгі жүктердің фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б.кіреді. Сонымен қатар, Конвенцияның 8-бабында мүше мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық негіздері көрсетілген, ынтымақтастық негізінен ақпарат алмасу саласында: тікелей және басым қауіптілік тудыратын өсімдіктерге зиянды ағзалардың табылуы мен олардың көбеюі туралы ақпарат беру, фитосанитарлық тәуекел талдауы үшін биологиялық және техникалық ақпараттар беру және де мүше елдердің бір-біріне өзара көмектесу саласында ауыл шаруашылығы өндірісіне қауіп тудыратын, төтенше сипаттағы халықаралық әрекетті талап ететін жағдай орын алғанда көмек беретін топтардың қызметіне қатысу [65] болып ұсынылған.

С.Ш. Тюлеубекова халықаралық экологиялық конвенцияларды үш топқа бөліп қарастырады: ортаны қорғаушылық, ресурстар қорғаушылық, құқық қорғаушылық конвенциялар деп, Өсімдік карантині және қорғау бойынша халықаралық конвенцияны С.Ш. Тюлеубекованың жүйелеуіне сүйене

отырып, ресурқорғаушылық конвенцияға жатқызамыз. Ресурқорғаушылық конвенциялар жекелеген табиғат объектілерін қорғауды реттейді [169, с. 11]. Бұл конвенцияға Қазақстан ДСҰ мүшелікке дайындық барысында 2010 жылы ғана қосылған болатын.

Сонымен қатар, халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың екінші бір негізгі қайнар көзіне Санитарлық, фитосанитарлық шаралар бойынша ДСҰ келісімін жатқызамыз. Бұл келісім санитарлық, фитосанитарлық шараларды қабылдау жүйесін бір жүйеге келтіру, халықаралық саудадағы кедергілерді азайтуға арналған, ДСҰ мүше елдердің барлығына қосылуы тиіс халықаралық шарт болып табылады. 2015 жылы Қазақстан ДСҰ-ға мүше болып кіргеннен бастап, осы келісімнің барлық шарттарын қабылдау міндеттемесін алды.

Мемлекеттердің өзара іс-қимылы үрдісінде халықаралық шартқа біріктірілген нормалар оқшауланған әрекет ете алмайды, олар ұлттық құқық нормаларымен өзара байланысуы тиіс [170, 5 б.]. Халықаралық шарттарды имплементациялау саласында «Өсімдік карантині туралы» Заңның 19-бабында «Қазақстан Республикасы өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық ынтымақтастықты карантинді объектілерді әкелу мен тарату жөніндегі өзара қауіпсіздікті сақтау қағидаларын басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады» [23] деп көрсетілген. ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» заңы бойынша халықаралық ынтымақтастық мәселелері қаралмаған.

Жаһандану жағдайында фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық мәселелерінде Қазақстан Түркия Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Вьетнам Социалистік Республикасы, ТМД мемлекеттері, Йордан Хошимит Корольдігімен өзара ықпалдастық мәселелеріне байланысты келісімдерге қол қойылған. Бұл мемлекетаралық келісімдердің барлығы бірігіп халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың негізгі қайнар көздерін құрайды.

2001 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан өсімдіктер карантин саласындағы ынтымақтастық туралы келісімімен, өсімдіктер карантині саласындағы тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында тауар импорты, экспорты және транзиті кезінде карантиндік объектілердің енуін болдырмау жөнінде қажетті шаралар қабылдау; өсімдіктер карантині саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстар туралы өзара ақпарат алмасу; карантиндік бақылауды жүзеге асыру мақсатында өзара тәжірбие алмасу мақсатында мамандармен алмасады [171].

1999 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан мен Румыния арасында карантиндік объектілер табылған жағдайда жедел хабарлау, фитосанитарлық сертификаттар алмасу, фитосанитарлық сертификаты бар өнімдерден карантиндік ағзалар анықталса, экспорттаушы ел импорттаушы елге хабарлауы тиіс, тиісінше өсімдік өнімінің бұл түрінің импортына тыйым салынады [172].

Қазақстан мен Қытайдың ықпалдастығы бүгінгі таңда аса маңызды. Бұл ынтымақтастық өз бастауын Ұлы Жібек жолынан бастау алады. 1992 жылы 10 тамызда мемлекеттік шекара арқылы ҚХР мен ҚР арасында бақылау өткізу бөлімшелерін ашу туралы келісімге келіп, келісімнің 15-бабында тараптардың уәкілетті органдары адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің жұқпалы

ауруларының эпидемияға, эпизоотия мен өсімдік ауруларының таралуына қарсы эпидемияға қарсы, ветеринарлық, фитосанитарлық шаралар қолданады деп көрсетілді. Шекара арқылы адам, жануар, өсімдік пен қоршаған ортаға қауіп төндіретін адамдар мен жануарлардың жұқпалы аурулары, зиянкестер, арамшөптер, өсімдік аурулары пайда болып, санитарлық, эпидемиялық, эпизоотиялық жағдай ахуалы нашарлаған сәттен бір-біріне хабарлау міндеті белгіленген [173].

Ұлы Жібек Жолы Шығыс Еуропадан Қытайға дейінгі сауда қатынастарын байланыстыра отырып, Қазақстан аумағы арқылы өткен болатын. Осы сауда байланыстарын одан ары жандандыру мақсатында 2013 жылы «Бір белбеу, бір жол» («One Belt, One Road») бастамасы қабылданды. Аталған бастама Қазақстанның 2015-2019 жылдарға арналған халықаралық көлік дәліздерімен көлік инфрақұрылымын хабтық қағидамен тауарларды кедергілерсіз тасымалдауға бағытталған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты [174].

2005 жылы Харгос халықаралық орталығы шекара аралық бекетін құру туралы ҚР мен ҚХР арасында келісімге қол қойылды. Бұл бекетте тасымалданатын тауарларға қатысты санитарлық карантиндік, ветеринарлық, фитосанитарлық тексерулер жүзеге асырылады. Бұл тексерулер талаптары сақталмаған жағдайда, жүкті экспорттаушы орталық аумағынан алып кетуге міндетті [175]. Қытай мен ҚР арасында өсімдік өнімдері бойынша бидай, бидай кебегі, соя бойынша хаттамаларға келісілген. Хаттамада Достық (ҚР), Алашаңқоу (ҚХР); Алтынкөл (РК) – Хоргос (ҚХР), Майқапшағай, Бақты, Шэньчжэнь, Гуанчжоу, Шанхай, Тяньцзинь, Циндао, Ляньюньган, Далянь бекеттері арқылы фитосанитарлық талаптар бойынша Қазақстаннан ҚХР-ға экспорттауға егуге арналмаған жаздық бидай тұқымын өңдеуге қабылдау келісілген [176].

2015 жылы 11 желтоқсанда екі ел арасында соя бұршағына байланысты келісімге қол жеткізілсе, 2017 жылы 31 наурызында Қазақстан мен Қытай арасында бидай кебегіне қойылатын фитосанитарлық талаптар бойынша хаттамаларға қол қойылды. Қазақстан Қытай аумағына өсімдікпен, топырақпен бірге зиянды ағзалардың кірмеуі үшін Қытай нарығына бағытталған өнімдерге бақылау жасайды. Өнім жіберілмес бұрын барлық зиянды қалдықтардан тазартылады және фитосанитарлық сертификатпен жіберіледі. Әкелінген тауарға Қытай карантин және инспекциялау, қадағалау бас басқармасы сояны карантиндік объектілерден таза болуын тексереді. Тексеріс барысында карантиндік объектілер анықталса, карантиндік өңдеуге жіберіледі, өңдеу мүмкін болмаса экспорттаушы елге қайтарылады [177].

2018 жылы 17 мамырда ЕАЭО пен ҚХР аралығында сауда экономикалық келісімге келді, онда ЕАЭО мүше елдер мен ҚХР-дың келісім азық-түлік, жануар, өсімдік өнімдері қауіпсіздігі мәселелерімен айналысатын органдарының қызметін үйлестіру қамтылды [178].

2018 жылы 22 қарашада Қытай Халық Республикасының Бас кеден әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы Қазақстаннан Қытайға арпа мен жүгеріні экспорттауға

фитосанитарлық талаптар туралы хаттамаға қол қойды. Соңғы жылдары Қытай мен Қазақстан арасында жан-жақты стратегиялық серіктестік орнағаннан кейін екі тарап сауда және ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықтың үнемі кеңейіп келе жатқандығының куәсі болды.

2019 жылы 25 қыргүйекте Қазақстан мен Қытай арасында ықпалдастық өзіндік бір жаңа деңгейге көтеріліп, өсімдік карантині саласындағы өзаратүсіністік туралы меморандумға қол қойылды, меморандумда БҰҰ Санитарлық және Фитосанитарлық шаралары аясындағы ықпалдастық, өсімдік карантині бойынша құқықтық актілер мен карантиндік зиянкестер тізімі, зиянкестер таралмаған аймақтар бойынша ақпарат алмасу, бірлескен тренинг, семинарлар өткізу арқылы тәжірбие алмасу, ғылыми жұмыстар жүргізу саласында ынтымақтастық белгіленді [179].

Біздің ойымызша, Қазақстан мен Қытай арасындағы фитосанитарлық шаралар бойынша ынтымақтастық мәселесінде өсімдік шаруашылығы өніміне қойылатын фитосанитарлық талаптар туралы екіжақты хаттамаларға қол қою бойынша ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін экспортқа шығаратын басқа өсімдік өнімдері бойынша да келісім шарттарға қол қоюға қолжеткізілуі тиіс және де фитосанитариялық қауіптерді азайту үшін екі елдің карантиндік қызметтердің келісілген әрекеттері қажет.

2012 жылы Қазақстан мен Вьетнам Социалистік республикасы өсімдік қорғау мен олардың карантині саласы бойынша келісімге келді, келісімде мынадай маңызды мәселелер шешімін тапқан: өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы құқықтық ақпарат алмасу, заңнамада болған өзгерістер туралы, ол өзгерістерт ресми жарияланған соң екі айдан кешіктірмей бір-біріне хабарлау, өсімдіктердің зиянды ағзалары табылған күннен бастап екі ай ішінде өзара хабарлама жіберу мен фитосанитарлық ғылым саласындағы ғылыми зерттеу ұйымдарының және т.б. ықпалдастығы [180]. Біз өз тарапымыздан бұл келісімге өзгерістер енгізілуін сұраймыз, Вьетнам мен Қазақстан арасында өсімдік тауар айналымының әлеуеті жоғары, экзотикалық жемістер көптеп әкелінетін болғандықтан олармен бірге зиянды ағзалар ел аумағына таралу қауіпі жоғары, сондықтан, ынтымақтастық аясында зиянды ағзалар туралы және заңнамадағы өзгерістер туралы екі ай ішінде емес электронды құжат алмасу жағдайында тез арада, Вьетнамнан келетін тауар мен жіберілетін тауарларға қойылатын талапты біліп, табылуы мүмкін зиянды ағзаларды тексеру шараларын нығайту үшін тараптар бір-біріне хабарлама жедел жіберуді көздейтін өзгерістер енгізгені дұрыс деп есептейміз.

Қазақстан мен АҚШ арасында 2016 жылы Санитарлық және Фитосанитарлық шараларды қолдану мәселелері бойынша келісім жасалды, келісімде екі ел арасындағы сауда қатынастарында Халықаралық өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині бойынша конвенция стандарттарын пайдаланылады. ЕАЭО стандарты халықаралық стандарттың талабына қарағанда қатал шара көздесе, қатаң шара көзделген өлшемшартқа ғылыми дәлелденген негіздеме берілгенше халықаралық шарттың талаптары орындалатын болады. Бұл құжатта сонымен қатар, ветеринарлық қауіпсіздік мәселелері көрініс тапқан, Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін

бақылаудағы тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізіліміне сай өзгерістер белгіленді, яғни тізілімге мүше елдер өз ұлттық реестріне қатысты шектеулер енгізе алады, ЕАЭО-қа мүше елмен белгіленген шектеуді қабылдамай осы тізілімдегі АҚШ кәсіпорындарын Қазақстанға тауар тасымалдайтын болса, рұқсат берілуі мүмкін [181].

Қазақстан мен Иран мемлекеттері арасында 2016 жылы өсімдіктерді қорғау мен карантині бойынша уағдаластықтарға қол жеткізіліп, тараптар өз аумағында карантиндік ағзалар таралуы, олармен күрес және бақылау туралы ақпарат алмасу, бірлескен ғылыми-зерттеулер жүргізу келісімге келді. Барлық өсімдік өнімдері фитосанитарлық сертификаттаудан өтеді, алайда фитосанитарлық сертификаттың болуы жүкті қарау, зертханада тексеру, фитосанитарлық бақылау жұмыстарын жүргізуге кедергі келтірмейді, фитосанитарлық сертификаты бар өсімдіктер де тексеріледі, сертификат 45 күнтізбелік күнге жарамды. Тараптар өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне қосымша фитосанитарлық шаралар қолдануға, өсімдік партиясының тасымалдауына шектеу қоюына, карантиндік ағзалар таралмау үшін өңдеу жұмыстарын жүргізу құқығына ие [182].

Қазақстан мен Түркия Республикасы арасында да өсімдік карантині саласындағы ынтымақтастықта өсімдік өнімдері фитосанитарлық сертификатпен тасымалданатыны, екі ел арасында карантиндік ағзалар туралы, фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнамалық өзгерістер туралы ақпарат алмасу, ғылыми зерттеу саласындағы ықпалдастық мәселелері бойынша жетілдірілу жұмыстары жүргізіліп жатыр [183]. Бұл жерде де карантиндік ағзалар туралы екі ай ішінде хабарлау мүмкіндігі көрсетілген, біз ақпараттық технология дамыған заманда ақпараттың барынша жылдам жеткізілуін ұсынамыз.

ТМД елдері арасында фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық өз бастауын 2012 жылы Ашхабад қаласындағы ТМД-ға мүше елдердің өсімдік карантині бойынша Үйлестіру Кеңесінің құрылуынан басталады. Әзірбайжан, Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей Федерациясы, Молдова, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина мемлекеттерінің келісімімен Үйлестіру кеңесі карантинді объектілердің енуі мен таралуынан мемлекеттер аумағын қорғау, сауда және шаруашылық қатынастарын нығайту, карантиндік фитосанитарлық талаптар мен шараларды қолдану аясындағы өсімдік карантині бойынша ұйымдардың бірлескен қызметін үйлестірудегі ынтымақтастық мақсатында құрылды. ТМД елдерінің аумағындағы фитосанитарлық ахуал, өсімдік карантині бойынша ұйымдардың жұмыс тәжірбиесі мен олардың карантинді объектілердің таралуының алдын-алудағы қызметі, өсімдік карантині бойынша құқықтық, нормативті, әдістемелік ақпараттар алмасуда бірлескен қызмет атқару негізгі жұмыс бағытына кіреді. Бұдан бөлек Үйлестіру кеңесі нормативті құжаттарды әзірлеу үрдістеріне қатысу, осы салада мамандар дайындау, әдістемелік, ұйымдастырушылық жұмыстарға қатысу қызметтері жүктелген [184].

Карантиндік фитосанитарлық қауіпсіздікті нығайту мен мемлекеттер аумағын қорғау деңгейін күшейту мақсатында 2016 жылы ТМД-ға мүше елдер арасында өсімдік карантині бойынша келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес тараптар ақпараттық (өз аумақтарындағы карантинді объектілердің анықталуы, таралуы, олармен күрес туралы), құқықтық (өсімдік карантині салсындағы заңнама туралы ақпарат) және ғылыми зерттеушілік (ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерімен, биологиялық күресу агенттері мен карантинді объектілер топтамаларымен бөлісу) көмектерін көрсетеді. Фитосанитарлық бақылау барлық мақсаттағы (ғылыми коллекциялық, сыйға тарту, дипломатиялық мақсаттарды қоса алғанда) өсімдіктер үшін жүргізіледі, фитосанитарлық тәуекел жоғары болса, фитосанитарлық сертификаттар болуы қажет. Қазақстан қол қойған бұл халықаралық келісімдер бойынша отырғызу материалы, тұқым, картоптан басқа, кез-келген өсімдіктер мен өсімдік өнімін бес килограмға дейін алып өтуге рұқсат [184], біздің ойымызша, бұл жағдайда ел аумағына зиянкестер мен өсімдік ауруларының таралуы тәуекелі жоғары, сондықтан да заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы ел аумағына тасымалданатын барлық өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне фитосанитарлық сертификат талап етілуі тиіс.

Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың қосымша қайнар көздеріне 1989 ж. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясы, 1992 ж. Биологиялық әралуандылық туралы Конвенция, 1998 жылғы Роттердам конвенциясы, 2001 жылғы Тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы және т.б. жатқызуға болады.

Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың ұйымдастырушылық нысанына фитосанитарлық қауіпсіздікке байланысты халықаралық форматтағы іс-шаралар өткізіледі. Соңғы онжылдықта Жапонияда Зиянкестерден таза аудандар мен эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі Симпозиум, «Бір белбеу, бір жол» Қытай бастамасы елдерінің симпозиумы, Халықаралық өсімдік карантині мен оларды қорғау конвенциясына мүше елдер сарапшылардың кеңесі пікірталастар, дөңгелек үстелдер, жаһандық симпозиумдар өткізілген болатын.

Соңғы кезде әлем елдерінде фитосанитарлық сертификаттау саласын толығымен ғаламдық орталықталындырылған хаб - электрондық «e-Phyto» жүйесіне көшу туралы сөз қозғалынып жатыр. Электрондық «e-Phyto» жүйесі қағаз сертификаттарын толығымен алмастыра алады. Ол орталықтандырылған хабқа негізделеді, олар ерікті түрде Ұлттық Өсімдіктерді Қорғау Ұйымынан экспорттаушы елдерде сертификаттар алады және оларды импорттаушы елдердің Ұлттық Өсімдіктерді Қорғау Ұйымдарына қол жетімді әрекет етеді. Орталық хаб өзара алмасудың жеңіл және қауіпсіз әдісін қамтамасыз етеді, бұл елдердің әрқайсысы сауда әріптестерімен хаттамалармен алмасу үшін екі жақты келіссөздер жүргізу қажеттілігін жоққа шығарады.

2015 жылдың 19 наурызында Римде Халықаралық сауда процесіндегі зиянкестер мен өсімдіктер ауруларының таралуын қауіпсіз және тиімдірек жолмен таратуды бақылауға мүмкіндік беретін жаһандық электронды

сертификаттау жүйесін құру 181 елдің өкілдерімен мақұлданды. 2011-2019 жылдар аралығында Халықаралық Өсімдік қорғау Конвенциясына мүше елдермен Корея, Бразилия, Малайзия және Фиджида халықаралық симпозиумдарда бұл хабқа байланысты мәселелер талқыланған. ЕАЭО өкілдері Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі Еуропалық және Жерорта теңізі ұйымы сарапшыларының жұмыс тобының отырыстарына қатысып, электрондық сертификаттар қолдану басымдықтарын талдаған болатын.

2020 жыл Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен Өсімдіктер саулығы жылы болып жарияланған болатын, өсімдіктер саулығын сақтаудың мәні оларды өсімдік аурулары, зиянкестерінен қорғауда болып отыр, ал олардың таралмауы халықаралық саудада зиянкестерден таза өсімдік айналымы болған жағдайда мүмкін, өсімдіктің зиянкестерден таза екенін айқындайтын құжат фитосанитарлық сертификат болып табылады, сол себепті де пандемия жағдайында әлемнің бірқатар елдері заңнамаларына өзгеріс енгізу арқылы электрондық сертификаттар базасы «e-Phyto» хабына қосылу арқылы фитосанитарлық бақылау жүйесін іске асырды.

Бүгінгі таңда аталған хабқа 90 ел мүше, бұл цифрландыруға бет бұру, электронды құжат айналымының әлемдік деңгейде өскенін байқатады. Мәліметтерге сүйенсек, бүгінгі таңда 46 мемлекет осы хаб арқылы фитосанитарлық электронды сертификаттармен алмасу арқылы сауда экспортын жүргізуде, олардың қатарында, Америка құрлығынан - Америка Құрама штаттары, Бразилия, Аргентина, Еуропалық Одақтан - Германия, Франция, Испания, Чехия, Польша, Румыния, Италия, Болгария, Африка мемлекеттерінен - Гана, Уганда, Марокко, ТМД мемлекеттерінен - Өзбекстан, шығыс Азиядан - Корея мемлекеті бар. Көрсетіліп отырған елдердің көбісі аграрлық елдер, ауыл шаруашылығы тауарларының экспортына цифрландыру жүйесі, осы хабты қолдану ықпал жасап отыр. Ал, Австралия, Кения, Боливия, Колумбияда бұл электронды сертификаттарды алмасу хабы сынақ тесттен өтуде, ірі аграрлық елдер Қытай, Канада және Ұлыбритания бұл хабты қолдануды сынақтан өткізуді бастады, Украина, Норвегия, Оман, Малайзия, Филиппин, Индонезия хабқа тіркелу жұмыстарын аяқтады [185]. Бұл хабқа посткеңестік елдер (Украина, Өзбекстаннан басқасы) тіркелмеді.

«e-Phyto» хабы - бұл Өсімдіктер карантині және қорғау жөніндегі ұлттық ұйымдар арасындағы фитосанитарлық сертификаттармен алмасуды жеңілдететін орталықтандырылған жүйе, белгіленген қосылу ережелері мен белгілі бір құрылымы, кодтары, шарттары бар, өнімнің экспорттаушылары мен импорттаушылары - елдер арасында электрондық сертификаттармен алмасуды қамтамасыз етеді.

Шарттары:

1. хабты пайдалану ерікті негізде болып табылады;
2. хаб - бұл бірыңғай, бірорталықтандырылған көпжақты жүйе;
3. хаб тәулік бойы үздіксіз қол жетімді болады;
4. ондағы ақпараттар қорғалған және бақыланады, ешқандай ақпарат (хабарламалар, транзакциялар) жоғалмай сақталынады;
5. бірыңғай ақпарат алмасу хаттамасы бекітіледі [18,].

Кез-келген мемлекеттің аталмыш хабқа қатысуы үшін ол мемлекет электрондық фитосанитариялық сертификаттарды шығара алуы тиіс. Хабқа өндірісінің өзіндік ұлттық жүйесі бар, бірақ басқа елдермен фитосанитарлық сертификатты арнайы жүйемен алмасуын жүргізіп жатқан ел мүше бола алмайды, хабқа басқа елдермен электрондық сертификаттармен алмаспайтын елдер қатыса алады.

Хабқа қосылу үшін арнайы талаптар бар, мысалы ұлттық жүйенің кем дегенде мынадай функционалдық мүмкіндіктері болуы тиіс:

- Фитосанитариялық сертификат деректерін электрондық түрде енгізу;
- Фитосанитариялық сертификаттарды (электрондық және/немесе қағаз) басып шығару;
- Электрондық фитосанитариялық сертификаттың деректер қоймасы, деректер енгізу мен оларды тексеру функцияларының бар болуы міндетті түрде талап етіледі [186].

Фитосанитарлық сертификаттармен өзара электрондық форматта алмасу халықаралық саудада маңызды, оның ішінде:

- өсімдіктер, өсімдік өнімдері, ауыл шаруашылығы өнімдері экспорты рәсімдерін жеңілдетудің басты құралы болып табылады;
- жалған фитосанитарлық сертификаттар жасауды азайтуға көмектеседі;
- қағазбастылықты төмендетеді, уақыт үнемдейді;
- фитосанитарлық бақылау мен қадағалау жүйесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді;
- карантиндік ағзалардан таза өнімдерді экспортқа ұсынуға бәсекелестік пайда болады;
- пандемия жағдайында физикалық контактілерді азайтады;
- бақылауды қашықтан жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алуының алдын-алады,
- вирус тасымалдағыш болуы мүмкін қағаз түріндегі құжаттар қолданылу легін төмендетеді [187].

Коронавирус пандемиясы таралғаннан бастап шет мемлекеттер фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнамаларына көптеген өзгерістер енгізді. Мәселен, Еуропалық Одақ елдерінде арнайы бақылаулар жүргізу кезінде адам денсаулығын, жануар мен өсімдік саулығын сақтау мақсатында фитосанитарлық сертификаттар электронды форматта, онан бөлек, арнайы тексерістер қашықтан жүргізілуі тиістігі міндеттелді [188]. Пандемия жағдайында Индонезия мемлекеті барлық өсімдік өнімін экспорттаушы елдерден электронды фитосанитарлық сертификат талап ете отырып, ол сертификаттың өзге мемлекеттің деректер базасынан тексеруге қолжетімділік құқығын сұрады. Өз елінен берілген сертификаттарды тексеретін база құрастырып, экспорттаушы елдерге ұсынды Австралияға көптеген елдер өсімдіктерге қағаз түріндегі фитосанитарлық сертификаттар ұсына алмайтынын алға тартты. Оңтүстік Африка елдерінде авиа және курьерлік пошта жөнелтілімдерінде қағаз түріндегі фитосанитарлық сертификаттар қолданылмай, орнына «e-Phyto» электронды жүйедегі сертификаттар қолдану

қолайлы болды. Бразилия мемлекетіне келер болсақ, онда фитосанитарлық сертификаттарға электрондық қол қойылуын талап етті [189].

Біз өз тарапымыздан, еліміздің Еуразиялық экономикалық одақ аясында электронды фитосанитарлық сертификаттардың хабына (e-Phyto) мүше болуын ұсынамыз [190, 85 б.]. Себебі, аталмыш хаб халықаралық сауданың дамуы ғана емес, карантин жағдайында да кез-келген отандық тауардың басқа елге кедергісіз экспортталуын жүзеге асырушы құралдар жүйесі болып есептеледі. Хаб карантиндік өнімдердің, жүктердің, материалдардың фитосанитарлық талаптарға сәйкестігін растау; өсімдік өнімдеріне және халықаралық сауда объектісі болып табылатын басқа реттелетін материалдарға қатысты пайдаланылады. Бірорталықтандырылған жүйе өзара сауда-саттық серіктестерімен хаттамалар алмасудың жеңіл және қауіпсіз әдісін ұсынады.

Халықаралық фитосанитарлық қауіпсіздік бойынша Қазақстан басқа елдермен экспорт-импорт аясында өсімдік өнімдерін тасымалдау мәселелері халықаралық шарттармен, ережелер, нормативтермен реттеледі, халықаралық ынтымақтастық жүйеге асырылуы үшін Қазақстан қосылған шарттар алдындағы міндеттемені орындау, оны орындау үшін ұлттық жоспарлар құру мен оларды орындау, цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалана отырып өсімдіктерге қауіпті карантиндік объектілер туралы жедел, нақты ақпарат алмасу, ақпараттарды арнайы орталықтандырылған жүйелер арқылы алмасу, бірлескен ғылыми-зерттеушілік жұмыстар жүргізу мен тәжірбие алмасу, эпифитотия орын алған жағдайда бір-біріне жылдам хабарлау мен көмектесуден тұрады.

Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық дегеніміз – фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдік дүниесінің саулығын, қоршаған ортаны зиян тигізуі ықтимал зиянды ағзалардан құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттер арасындағы ұйымдастырушылық және шарттық нысанда жүзеге асырылатын, бірлескен қызмет тетігі. Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның өсімдіктер карантині және қорғау жөніндегі Конвенцияға мүше ұлттық ұйымдар елдер арасында электронды фитосанитарлық сертификаттармен алмасуды жеңілдететін, ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортының әлеуетін арттыруға, электронды құжат айналымын халықаралық деңгейде пайдалануға, өсімдік өнімдері сауда үрдістерін жеделдетуге, фитосанитарлық сертификат беру барысында зиянкестерден таза өнім ұсынуға деген сұранысқа әсер ететін орталықтандырылған жүйе e-Phyto хабына қосылуы оң нәтиже береді деп есептейміз. Бұл хаб кеден шекаралары арқылы тасымалданатын карантиндік өнімдерді фитосанитарлық бақылау саласына фитосанитарлық сертификаттардың жалғандығы, өзгертілуі фактілерінің жолын кесу, база арқылы сертификатты тексеру, біздің елге импортталатын өсімдік өнімдеріне берілген басқа елдің фитосанитарлық сертификаттарын тексеруге мүмкіндік береді. Пандемия жағдайындағы басты алдын-алу шарасы адамдармен тікелей байланыс, қағаз түріндегі құжат алмасу орын алмайды. Бұдан бөлек, фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықта көптеген елдермен

келісімдерге қол жеткізілген. Алайда, фитосанитарлық қауіпсіздік жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі үшін экспортқа өнім жіберетін елдер саны мен шекарасын кеңейтіп фитосанитарлық талаптар сақталуы үшін бірорталықтандырылған цифрлық жүйелерді көптеп қолдану керек.

3.2 Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы шет мемлекеттердің тәжірибесі: салыстырмалы талдау

Аграрлы мемлекеттер үшін ел экономикасының дамуы агроөнеркәсіптік кешеннің дамуымен тікелей байланысты болып келеді. Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуында фитосанитарлық қауіпсіздіктің сақталуы азық-түлік сапасы ауыл шаруашылық өнімдері, жануар мен өсімдік өнімдерінің сапалы болуымен, олардың экспорты мен ішкі нарықтағы тұтынушылардың құқықтарының қорғалуы факторларымен тығыз байланыстылығы бар. Өсімдіктердің Жер планетасын көмірқышқыл газын бойына сіңіріп, оттегін бөлу арқылы адамзатты тыныс алатын таза ауамен және өсімдік тектес азықпен қамтамасыз ету, жануарлардың азығы болуымен қатар, халықаралық сауданың дамуы адамның тіршілік етуі мен ауыл шаруашылық аудандардың экономикалық дамуының негізі болып отыр.

Америка Құрама штаттары 2020 жылдың халықаралық Өсімдіктер саулығын қорғау жылы деп жариялануына байланысты инвазивті зиянкестерден (таралуы нақты экожүйеге жат және адам денсаулығына мен мемлекет экономикалық зиян келтіретін, өзге аймақтан немесе басқа елден келген зиянкес түрлерінің) келетін қауіптің алдын-алуға бағытталған іс-шаралар кешенін қабылдады. Инвазивті зиянкестер Америка Құрама штаттар экономикасына 220 млрд. доллар, ал әлемдік экономикаға 40 пайыз шығын әкеледі [191]. Сондықтан да, аталған зиянкестердің таралуының алдын-алу мақсатында Құрама Штаттардың Ауыл шаруашылық Департаменті www.hungrypests.com деп аталатын ақпараттық ресурс әзірлеген. Мақсаты - инвазивті зиянкестер туралы ақпаратқа халықтың қол жеткізілуі мен назарын аударту. Инвазивті ағзалармен күресте фитосанитарлық сауаттылығы мен мәдинетін арттыру мақсатында, мысалға, «Ағашты қай жерден алсаң, сол жерге жақ, себебі зиянкестер ағашпен бірге тасымалдануы мүмкін. Поштамен жемістерді, көкөністерді басқа штаттарға жібермеңіз. Зиянкестермен күресу үшін ауыл шаруашылығы объектілеріне карантиндік қызметкерлерді кедергісіз кіруін қамтамасыз ету. Инвазивті зиянкестер таралмауы үшін балық аулау, табиғат аясында тынығудан кейін машинаның дөңгелегін тазалаңыз. Зиянкестерді кездестірген жағдайда шұғыл Жануарлар мен Өсімдіктер саулығы Инспекциясы қызметіне, жергілікті органдарға хабарласыңыз және т.б.» қарапайым қағидалар жазылған үнпарақтарды әлеуметтік желілер және т.б. арқылы тарату көзделген. Одан бөлек, орта мектепті және жастар клубтарының оқу бағдарламаларына арналған төрт сабақтан құралған бағдарлама әзірленген, онда, инвазивті зиянкестер түсінігі мен түрлері, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығына тудыратын зияны, таралу жолдары мен зиянкестермен күресудегі ауыл шаруашылық департаменті мен жергілікті органдардың қызметі, зиянкестермен күресу жоспарлары талқыланады [192].

Салыстырмалы түрде қарар болсақ, Қазақстандық заңнамада инвазивті ағзалар карантинді және бөтен текті түрлерден қорғау арнайы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаулысымен реттеледі, фитосанитарлық бақылау нәтижесінде бөтен текті түрлерді анықтау үшін мемлекеттік инспекторлар өсімдік өнімдерін зертханалық сараптамаға жібереді [193].

2000 жылғы 20 маусымда қабылданған Америка құрама штаттарының «Өсімдіктерді қорғау заңы» заңдар жинағында № 7 USC 7701 ретімен берілген. Заңға сәйкес, Ауыл шаруашылығы Министріне халықаралық саудада өсімдік зиянкестерінің Америка Құрама штаттары аумағына енуі мен штаттарда таралуының алдын-алу мақсатында кез-келген өсімдік, өсімдік өнімі, бақыланатын биологиялық ағзалардың, арамшөптер мен көлік құралдарының кіруіне, шығуына және тасымалдауына шектеу қою құзіреттілігіне ие. Аталған өсімдіктердің халықаралық саудасына фитосанитарлық сертификаттар мен рұқсатнамалар негізінде жол беріледі. АҚШ-қа тасымалдауға рұқсат берілген арамшөптер мен бақыланатын биологиялық ағзалардың арнайы тізбесін Ауыл шаруашылық министрі бекітеді. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, АҚШ заңнамасында фитосанитарлық сертификаттар саласында қылмыстық жауаптылық қарастырылған, ауыл шаруашылық министрі рұқсатынсыз фитосанитарлық сертификатты қолдану, бүлдіру немесе өзгерту, жалған фитосанитарлық сертификат жасау бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыру немесе 50 000 АҚШ долларында айыппұл салу көзделген. Егер жеке тұлға құқықбұзушылықты бірінші рет және ақшалай пайда табу мақсатында жасалмаған болса, айыппұл 1000 АҚШ долларынан аспау керек, 500 000 АҚШ доллар көлеміндегі айыппұл бір сот процесі барысында шыққан шешіммен салынса, егер ақшалай пайда табу және басқаға материалдық зиян келтіру мақсатында жалған фитосанитарлық сертификат жасау, фитосанитарлық сертификатты бүлдіру, рұқсатсыз пайдаланған тұлғаларға екі еселенген айыппұл салынады [194].

Азаматтық құқықтық жауапкершілік айыппұл салу кезінде Ауыл шаруашылық министрі құқықбұзушылықтың табиғаты, орын алған мән жайлар, құқықбұзушылық ауырлығы мен төлемқабілеттілік, бизнесті жүргізу қабілетіне әсері, бұрынғы жасаған құқықбұзушылықтар тарихы, кінә деңгейі және т.б. факторларды ескереді [194].

2014 жылы қабылданған АҚШ ауыл шаруашылығы Кодексінде 7721-бөліміне сәйкес, ауыл шаруашылығы бойынша әрбір мемлекеттік департаментпен елдің Ауыл шаруашылық министрлігі өсімдік зиянкестерін бастапқы кезеңде анықтау мен бақылау жүргізу туралы ынтымақтастық келісім жасасуға міндетті, бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін Өсімдік бойынша Халықаралық Кеңес және өзге да мүдделі тұлғалардан кеңес алады. Ауыл шаруашылығы бойынша мемлекеттік департаментіне қаржы бөлініп, бұл қаржылар өсімдік зиянкестерінің таралуы мен көбеюінің алдын-алу мақсатында оларды бастапқы кезеңде анықтау мен бақылау жүргізу жұмыстарына жұмсалады. Қаржыларды бөлу кезеңінде өсімдік аурулары мен зиянкестері таралу тәуекелі жоғары, халықаралық айлақтар орналасқан, халықаралық жолаушылар мен жүктер тасымалдау ауқымы жоғары, климаты ауыл

шаруашылық зиянкестерінің көбеюіне бейім келетін штаттарда орналасқан ауыл шаруашылық департаменттеріне басымдық беріліп, жоғарыдағы факторларға назар аударылады [195].

АҚШ фитосанитарлық қауіпсіздік саласында 1900 жылы қабылданған, Лейси Заңының алар орны ерекше, аталмыш заң жабайы өсімдіктер мен жануарлар саласын құқықтық реттеуге бағытталған, өзгертулер 2008 жылғы 22 мамырдан бастап заңды күшіне енген өсімдіктер мен жануарларды және ағаш сүрегін қорғау импорттық декларациядан өтпеген өсімдіктер импортын заңсыз деп тануға бағытталған, бұл заңды бұзу тауарды тәркілеу, айыппұл салу, бас бостандығынан айыру жазалары көзделген. Лейси заңы заңсыз өсімдік өндірісі мен заңсыз өсімдік тасымалының алдын-алуға бағытталған. Импорттаушылар әрбір өсімдік партиясына декларация көрсетуі тиіс [196].

АҚШ-тағы мемлекеттік мектептер мемлекеттік орта мектептің міндетті стандарттарында Citizen Scientist оқу бағдарламасын оқытады. Клемсон Университетінің өсімдік шаруашылығы бөлімі «Инвазивті инспектордың көмекшісі» бағдарламасы арқылы азаматтық ғалымдар желісін құру үшін қаржыландыру жұмыстарын жүргізді. Бұл бастама орта мектеп оқушыларына инвазивті орман зиянкестерін анықтау әдістерін үйретеді. Студенттер ағаштар мен жәндіктердің идентификациясы мен биологиясын, инвазивті биологияның маңыздылығын зерттейді. Азаматтық ғалымдар зиянкестерді зерттеуді жалғастыру және Junior Invasive веб-сайтында хабарлағаны үшін марапатталады. Одан бөлек Аризона, Вашингтон, Флорида, Миннесота, Юта және т.б. т.б. әрбір штатқа арналған арнайы мемлекеттік брошюралар дайындалған, ерекшелігі әр штатта кездесетін зиянкестер туралы кеңінен ақпарат беру, маңыздылығын халыққа жеткізу, экологиялық тәрбие көзделген. АҚШ ауыл шаруашылығы мен табиғи ресурстарын экономикалық, экологиялық зиянды ағзалардың енуі мен таралуын болдырмау мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіз саудасына әсер ету мақсатында Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Жануарлар мен Өсімдіктер саулығы Инспекциясы қызметі 2020-2021 жылдарға арналған Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині бойынша стратегиялық жоспары қабылданып, онда ауыл шаруашылығы АҚШ-тың әрбір он екінші тұрғынын жұмыспен, тұрғын халықтың 80 пайызын тамақпен қамтамасыз етіп отырған экономиканың жетекші саласы болғандықтан өсімдіктер саулығына халықаралық саудадан төніп отырған қауіпті жеңілдету шараларына күш жұмылдыру керек [197].

Бұл қатынастарға қатысты Қазақстанда өсімдік дүниесі мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы заң жобасында мектеп орманшылығын биологиялық, экологиялық қосымша білім беру бағдарламасы аясында енгізуді ұсынады, біз бұл ұсыныспен толықтай келісеміз, мектеп орманшылығы оқушылардың өсімдік зиянкестері туралы білім алуына, олардың түрлерін ажырата білуіне, зиянкестер таралмау үшін сақталуы тиіс негізгі ережелерді білуге көмектесер еді [198].

БҰҰ бекіткен «2020 жыл - Өсімдіктер саулығы» жылына орай АҚШ Өсімдік қорғау және карантині ұйымы арнайы бағдарлама қабылдады, басты мақсаты - зиянды ағзалардың таралуының алдын-алу шараларын күшейту,

міндеттері: зиянкестерді бақылау әдістерін тиімді пайдалануға бағытталған нормативті құқықтық базаны әзірлеу, экономикалық мүмкіндіктерді халықаралық нарықта арттыру мақсатында ауыл шаруашылық өнімдері саудасы қауіпсіздігін жоғарылату мен америкалық өсімдік өнімдері экспортын арттыру мақсатында фитосанитарлық мәселелерді шешуге көмек көрсету, гармонизацияланған мен ғылыми негізделген фитосанитарлық шараларды пайдалануы бойынша ықпалдастықты дамыту және т.б. Аталған міндеттерге жету үшін Өсімдік қорғау мен карантині ұйымы дүниежүзінің барлық елдерімен ынтымақтастық орнатқан. Өсімдік зиянкестерінің таралуын алдын-алу мақсатында Өсімдік қорғау бойынша халықаралық Конвенция, Өсімдік қорғау бойынша Солтүстікамерикалық ұйымымен және өзге де өсімдік қорғау ұйымдарымен бірлесіп қызмет атқарады. Өсімдік қорғау мен карантині Ұйымы Халықаралық сауда қауіпсіздігін жоғарылатумен қатар, америкалық тауар экспорты импорттаушы елдердің талабына сәйкес келуін, стандарттарды бекіту, сертификаттау қызметтерімен айналысады [199].

АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігі, ветеринарлық санитарлық инспекция және Өсімдік карантині мен қорғау қызметі бірлесіп фитосанитарлық сертификаттау мәселелерімен айналысады. АҚШ заңнамасы бойынша, фитосанитарлық сертификат отандық өсімдіктің немесе өсімдік өнімінің фитосанитарлық жағдайын айқындайтын, барлық өсімдік партиясын немесе таңдаулы үлгілерін уәкілетті органдардың тексеруі арқылы инспектормен берілетін сертификат. Экспорттау саласындағы фитосанитарлық сертификат міндетті процедура емес, бірақ өсімдік немесе өсімдік өнімі экспортталатын ел заңнамасымен фитосанитарлық сертификаттың болуы талап етілетін жағдайда өсімдіктер мен өсімдік өнімдерге халықаралық саудада танылатын фитосанитарлық экспорттық және қайтаэкспорттау саласында сертификаттау жүргізіледі. Қайтаэкспорттау үшін фитосанитарлық сертификат АҚШ заңды түрде шет мемлекеттерден әкелінген және қайтаэкспортталуға арналған өсімдіктердің фитосанитарлық жағдайын білдіреді. Бұл сертификат шетелдік түпнұсқалық фитосанитарлық сертификат негізінде және АҚШ-тағы қосымша тексерулер арқылы өсімдік зақымдануға ұшыраған жоқ дегенді білдіреді. Транзит бойынша өтетін өсімдіктерге қайтаэкспорттау сертификаттары берілмейді. Сонымен бірге, өз кезегінде APHIS өсімдік өнімі шет мемлекеттің талап етіп отырған талаптарына сай әдістермен тексеріліп және өңделгеніне кепілдік беретін өндіріс орындарымен жазбаша келісім (салалық сертификат) жасаса алады. Бұдан бөлек, АҚШ-та фитосанитарлық сертификаттардың берілуі мен оларды қадағалау жүйесі арқылы инспекторлар өсімдік импорттаушы елдердің санитарлық нормаларына сәйкестігін куәландырады және ауыл шаруашылық тауарлардың тексерілуін қадағалайды. Бұл жүйе арқылы Ауыл шаруашылық Министрлігі, Өсімдік пен жануарларды қорғау қызметі, Өсімдіктерді қорғау мен карантині қызметі фитосанитарлық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мониторинг мен есептілік қызметтерін жүргізу мүмкіндігі бар [200].

Енді импорт мәселесіне назар аударатын болсақ, АҚШ-қа және АҚШ арқылы тұтынуға немесе халықаралық саудаға арналған өсімдік және өсімдік

өнімін алып өту үшін арнаулы рұқсат талап етіледі, өсімдік өнімдеріне, жемістерге, көкөністерге, ағаш сүрегіне, мақтаға, гүлдерге, жойылып бар жатқан сирек кездесетін өсімдіктерді, тұқымдарды, көшеттерді импорттау мен транзиттеу үшін рұқсат алу міндеттеледі. APHIS топырақты халықаралық тасымалдау импортына рұқсат талап етеді, себебі топырақпен де зиянкестер таралып, суды, ауаны ластауы мүмкін [201].

Бал арасы туралы Заңға сай, Өсімдік қорғау мен карантині ұйымымен бал араларының импорты кезінде бал аралары зиянкестерінің, паразиттерінің, өсімдіктерді тозандандыруға кері әсер ететін микроағзалардың, өсімдік ауруларының, кенелердің, ұлулардың, ауру тудырушы микробтардың, саңырауқұлақтардың, бактериялардың, вирустардың, биологиялық бақылау ағзаларының, арамшөптердің елге кіруін, таралуын болдырмау бақыланады. Зиянды арамшөптер мен паразитті өсімдіктердің тізімі уәкілетті органдармен бекітілген. АҚШ-қа әкелінетін әрбір ара партиясының экспорттаушы мемлекеттің үкіметі бекіткен ұлттық орган берген экспорттық сертификатының болуы талап етіледі [202].

АҚШ жануарлар мен өсімдік саулығы инспекциясы Өсімдік карантині туралы заңға сәйкес, ауыл шаруашылығын қорғау мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіз саудасы саласында ғылыми жобаларды қаржыландырады. Бұл қаржыландыру нарықты ұлғайту мен тауар айналымын арттыру, зиянды ағзалардың таралуын болдырмау мақсатында іске асырылады. Мысалға, Ұлттық ғылыми зерттеулер бал араларының саулығын жақсартуға бағытталған, АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мэриленд Университеті және отыз жеті штаттың омарта саласындағы мамандары бірігіп, бал араларын зиянкестері мен ауруларына Ұлттық Зерттеу жүргізді. Бұлай жан-жақты зерттеу бал ауыл шаруашылығы үшін бал араларының алар орны ерекше екенін, олардың санының жойылуына алаңдаулы, сонымен қатар, экзотикалық зиянкестер түрінің таралуының алдын-алу басты мақсат болып отыр.

АҚШ-та жүргізілген ұқсас зерттеулер ауыл шаруашылығы өнімдеріндегі кездесетін жасырын зиянкестерді 90 пайыздық дәлдікпен иттер иіс сезу арқылы анықтайтыны дәлелденген, АҚШ-қа келетін пошта жөнелтілімдерде байқалмай өтуі мүмкін инвазивті зиянкестері бар өсімдік материалдарын анықтауда Флорида мен Калифорнияда иіссезгіш иттердің көмегіне жүгінеді, бұл арқылы ауыл шаруашылығын зиянкестерден қорғау шаралары іске асырылуда [203].

Сонымен қатар, Құрама штаттардағы Ауыл шаруашылық Департаментіне қатысты Халықаралық детектор иттерді жаттықтыру орталығы U.S. Department of Agriculture National Detector Dog Training Center-ға елдің фитосанитарлық қауіпсіздігінің сақталуына елдің табиғи және ауыл шаруашылығына өсімдіктерін зиянды ағзалар мен аурулардан сақтау міндеті жүктелген, арнайы жаттығулардан соң жолаушылар жүгінде, халықаралық жөнелтілімдерде, көлік құралдарындағы жемістер, көкөністер мен еттердің болуын анықтайды, осы он үш апта бойы арнайы жаттықтырылған, иіс сезгіш иттердің көмегімен Мэрилендте батпақты суды ластайтын инвазивті кеміргіш нутрия, Гавай, Мариан аралдарындағы құстардың түрлерінің жойылуына

себепкер болған ағаш сүрегіндегі қоңыр жыланды және т.б. зиянкестерді анықтады [204].

Пандемия жағдайында АҚШ сертификаттарды электронды түрде қабылдайды, ол түпнұсқадан сканерленген немесе e-Phyto базасына енгізілген болуы тиіс, АҚШ аумағына келуші барлық азаматтар кедендік декларация толтыруы тиіс, барлық ауыл шаруашылық өнімдері декларацияда көрсетілуі тиіс, себебі онда зиянкестер мен аурулар тасымалдауы мүмкін, жаңа піскен, қатырылған көкөністер мен жемістерді АҚШ аумағына әкелуге тыйым салынған, тек кептірілген жемістерді әкелуге рұқсат берілген. Егер жойылып бара жатқан өсімдіктер тобына кірмеген, фитосанитарлық сертификаты бар өсімдікті АҚШ кеден бекеттерінде тексерілгеннен кейін ғана өсімдік зиянкестерінен таза болған кезде ғана алып өтуге рұқсат беріледі [205].

Еуразиялық Экономикалық Одақ аясында бес килограммға дейін өсімдік өнімі мен үш букет гүл алып өтуге рұқсат екеніне жоғарыда тоқталдық, АҚШ тәжірибесіне сүйене отырып, кеден шекарасынан өтуде барлық өсімдіктерден фитосанитарлық сертификат талап етілуін ұсынамыз.

Еуропалық Одақ тәжірибесіне келер болсақ, Еуропалық Одақ елдері заңнамасында өсімдік қорғау құралдарының сатылымы мен пайдалану стандарттарына сай, олардың айналымына мониторинг пен бақылау жасайды. Еуропалық заңнамада, сырттан әкелінетін зиянкестерден келетін зиянды азайтуға бағытталған «фитосанитарлық немесе өсімдік саулығы саясаты» деген термин қалыптасқан. Еуропалық Парламенттің 2000/29/ЕС Директивасы фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық реттеу саласында әрекет етеді, мақсаты - зиянды ағзалардың Еуропалық Одақ аумағында таралуынан өсімдіктер мен өсімдік өнімдерін қорғау. Бұл мақсатқа ету үшін өсімдік пен өсімдік өнімдері саудасын, басқа елден келетін өсімдіктердің Өсімдіктерді қорғау бойынша конвенциямен белгіленген халықаралық стандарттардың талабына сәйкес импортталуын реттейді [206].

2016 жылы Еуропалық Парламент өсімдіктер зиянкестерінен қорғау шаралары туралы Қаулы қабылдады, 2019 жылдың желтоқсанынан бастап бұл ережелер қолданыла бастады. Бұл ережелер бойынша 1977 жылдан келе жатқан өсімдіктер саулығы режимі толығымен қайта қаралды. Сауданың қауіпсіздігі, Еуроодақ аумағын қорғау шаралары, климаттың өзгеруіне байланысты шаралар осы құжатта қарастырылды. 2016 жылы жаңа 2016/2031/ЕС регламент [207] қабылданып, бұл акт күшін жойды. Регламентте өсімдіктің саулығы Одақтағы өсімдік шаруашылығы, ормандар, табиғи аумақтар, екпе аймақтары, табиғи экожүйе, биоалуантүрліліктің сақталуы үшін маңызды көрсеткіш болып есептеледі, климаттың өзгеруі мен сауданың жаһандануы Одақ аумағына өсімдік зиянкестерінің енуі өсімдіктердің саулығына қауіп-қатер туындатып отыр. Бұл қатерге қарсы тұру үшін зиянкестер тудыратын фитосанитарлық тәуекелді айқындап, оны мүмкін деңгейге дейін төмендету міндеті бағдарға алынған. Бұл ережелер бойынша Еуропалық Парламенттің 2016/2031 Директивасында карантиндік зиянды ағзалардың тасымалдануына, сақталуы, көбеюі, Еуроодақ аумағына жіберілуіне тыйым салынады, Одақ үшін қауіпті карантиндік ағзалар тізімі бекітіліп, карантиндік ағза анықталған жағдайда

нарықтан алып тастап, сауда нүктелеріне хабар беріліп, тасымалдағанда қолданылатын шаралар түсіндіріледі, өсімдікті қайтарып алады. Белгіленген аймақ («демаркированная зона») карантиндік зиянды ағза таралған аймақ деп анықталады. Директиваның 40-бабына сай, Одақ аумағына кіргізілуге тыйым салынған өсімдіктер мен өсімдік өнімдері атауы айқындалады. Халықаралық тасымалдаушылар жолаушыларға плакаттар мен брошюралар арқылы тасымалдауға тыйым салынған өсімдіктер туралы мәліметтермен қамтамасыз етуге міндетті. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер фитосанитарлық тәуекелдерді ескере отырып, есеп дайындайды, оқшаулауға арналған карантиндік станциялар туралы ақпарат көрсетіледі, ол станциялар оқшаулау, уәкілетті орган рұқсатынсыз өсімдіктерді алып кетуге жол берілмейді, уытсыздандыру жүйесімен қамтамасыз етілген, арнайы дайындықтан өткен мамандар саны жеткілікті болуы, төтенше жағдай орын алған жағдайдағы іс әрекет жоспары болуы талап етіледі. Уәкілетті орган кәсіби операторлар тізілімін жүргізеді, кәсіби операторлар тек фитосанитарлық сертификат берумен айналыспайды, сонымен бірге өсімдік паспортын береді. Әрбір өсімдік сауда белгісін есебін жүргізіп, жеткізілген кәсіби оператор идентификацияланады. Өсімдік паспортында кәсіби оператор туралы мәліметтер болады. Кәсіби операторлар өсімдіктерге бақылау жүргізу мақсатында өсімдіктің тасымалын қадағалау жүйесі болуы керек, өсімдік қай пунктен тасымалданғаны қадағаланады. Бұл құжаттың мақсаты - өсімдіктердің қалыпты саулығын қамтамасыз ету, сатылатын материалдарды сәйкестендіру және тіркеу жүйесінің қадағалануын қамтамасыз ету. Өсімдік паспорттары өсімдіктерді қорғау жөніндегі ұлттық ұйымдар немесе өндірушілермен немесе сатушылармен беріледі. Зауыттың төлқұжаттарындағы арнайы код аймақтағы өндірушілер мен сатушыларды бақылауға жауапты өсімдіктерді қорғаудың ресми қызметтерін анықтайды. Сонымен қатар, онда өндіруші немесе сатушы үшін бірегей тіркеу нөмірі бар және өсімдіктер үшінші елден әкелінген болса, шыққан елі көрсетіледі. Реттелетін өсімдіктер мен өсімдік тектес өсімдіктердің барлық өсірушілері мен сатушылары жауапты ресми қызметке тіркеліп, үнемі тексеріліп отырылады. Өсімдік паспорты бұл жапсырма түрінде болады, бұл арнайы зерттеулер нәтижесінде анықталған, өсімдікте карантиндік ағзалар кездеспейтінін білдіреді. Бұл жапсырма өсімдіктің қаптамасына, байламына немесе контейнерге жабыстырылуы тиіс. Барлық тасымалданатын өсімдіктер үшін фитосанитарлық сертификаттар болуы талап етіледі. Саяхаттаушылар жүгінде отырғызуға арналған көшеттер тасымалдауға тыйым салынған, ал басқа өсімдіктер үшін коммерциялық мақсатта арналмаған, жеке пайдалану үшін жеке жүктің бір бөлігі ретінде рұқсат беріледі [207].

Канадалық өсімдік қорғау заңнамасы бойынша, карантин зерттеу объектісін бақылау, тексеру мен сынамалар жүргізу арқылы ондағы зиянды немесе жұқпалы ағзаға қатыстылығын анықтау мен жұқпалы ағзаның таралуының алдын-алуды білдіреді [208]. Онан бөлек, Канада заңнамасында фитосанитарлық қауіпсіздік азық-түлік қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде саналып, Тамақ өнімдерінің инспекциясы елге импортталатын және өндірілетін өнімдерге фитосанитарлық және ветеринарлық қадағалауларды жүргізеді. 2018

жылы 1 маусымда енгізілген өзгерістермен өсімдік шикізаттарының сақталуына байланысты қойылатын талап күшейтіліп, тәуекелдер талдауы жүргізілуі мен халықты өсімдік шикізатын дұрыс таңдау туралы ақпараттандыру мен өсімдік материалдарының сапасы мен қауіпсіздігі саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін нарықтағы операторлардың жауапкершілігі белгіленді [209].

Данияның «Тамақ өнімдері туралы Заңында» Қоршаған ортаны қорғау мен азық-түлік министрінің тамақ өнімдерін бақылау нәтижесін жариялауға және оның барлық тұрғындарға қолжетімді болуы бекітілген. Данияның қоршаған орта және азық-түлік министрлігіне Дания Ауыл шаруашылық агенттігі, Ветеринария және азық-түлік басқармасы, Қоршаған ортаны қорғау агенттігі, Данияның балық шаруашылығы агенттігі және Данияның жағалау әкімшілігі кіреді. Данияның ауыл шаруашылық агенттігінің мақсаты - тиімді және кәсіби басқаруды қамтамасыз ету және тиісті салаларда жұмыс істеудің артықшылықтарын арттыру. Данияның ауыл шаруашылық агенттігі Данияның ұлттық өсімдіктерді қорғау ұйымы ретінде белгіленген.

Даттық заңнама бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өсімдік өнімдерінің сапасы, өсімдіктен жасалған тамақ өнімдерінде мысалы, бидай, күріш, сұлы және т.б. зиянкестердің болмауы мақсатында «smiley schemes» смайлдар тізбесі қолданылады. Инспекторлар басты төрт элементті тексереді: бірінші - бұған дейін болған тексерістер есебі (ол «смайлдармен» белгіленеді), екінші - құралдар мен жабдықтарда тазалық сақталуы; үшінші - өзін-өзі бақылау бағдарламасының болуы мен таңбалау, төртінші - азық-түлік құрамы мен қоспалар. Қауіпсіз өнім өндіру саласында Дания мемлекеті тексерістер жүйесі мен халықтың ақпаратқа қолжетімділігі саясатын басты назарға алады [210].

2001 жылдан бері бұл «смайлдер белгісі» арқылы бөлшек саудада көптеп пайдалылуы ақпаратқа қолжетімділік құқығы мен жариялылық қағидасының көрінісі, сонымен қатар, қауіпсіз таза экологиялық өнімге деген азаматтардың құқығын қамтамасыз ету тетігі болды. Арнайы ақпараттық ресурста (мысалы, www.findmiley.dk) сауда орындарын, тамақтану орындарын тексеру нәтижелері көрсетіледі, ол мәліметтер кез-келген тұрғынға қолжетімді [211]. Мысалға, «Смайлдер тізбегі» бойынша 2020 жылы бірінші тоқсанында 7782 сауда орынына тексеріс жүргізіліп, 82,2 пайызы өте жақсы «Happysmile» белгісімен, яғни, соңғы он екі айда ешқандай ескерту алмаған ұйымдар, 13,8 пайыз ұйымдарға талаптар қатаңдатылған, ал 0,6 пайызына шектеу қойылып, айыппұлдар салынған, тіпті, 3,3 пайызының қызметіне карантин жариялап, айыппұлдар салынғанын білуімізге болады. Бұл елде халықтың ақпаратқа қолжетімділігіне аса назар аударылған арнайы сайт арқылы (<https://www.findsmiley.dk>) [211] кез-келген сауда орынының смайлдар тізбегіндегі мәртебесін білуге болады. Бұл ақпараттық ресурс тікелей министрліктің бастамасымен құрылған. «Смайлдар жүйесін» біздің елімізге де оң тәжірибе ретінде трансформациялауымызға болады, ол белгі сауда орнында көрнекі жерде ілінуі тиіс, яғни, тұтынушылар тамақ өнімдері қауіпсіздігі туралы, фитосанитарлық қауіпсіздік тұрғысынан, «өсімдік өнімдерінде

тексерістер нәтижесінде зиянкестердің жоқтығы» туралы ақпаратқа қол жеткізеді, сонымен қатар, ол белгінің шынайылығын арнайы сайттан тексере алуы тиіс. Біздің ойымызша, осы тұста Еуропалық Одақ тәжірибесіндегі өсімдіктер паспортын пайдалану тәжірибесін трансформациялау тиімді деп есептейміз. Қазақстан заңнамасы бойынша өсімдіктер паспорты ұғымы қарастырылмаған, өсімдік паспорты бұл фитосанитарлық қауіпсіздіктің азық-түлік қауіпсіздігімен байланысында әрбір тұтынушы пайдаланатын өсімдік тектес өнім болсын, декоративті өсімдік немесе бау-бақшаға арналған көшет, тұқым болсын карантиндік ағзадан сау екеніне көз жеткізеді, яғни Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңының 7-бабына сай, Тұтынушылардың тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ, сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға құқықтары қамтамасыз етіледі [212]. Бұдан бөлек, өсімдік паспортында штрих код жүйесі болса, сол штрих код арқылы кез-келген тұтынушы Ауыл шаруашылық министрлігі сайтында қажетті ақпаратқа қол жеткізсе, яғни өсімдік қашан, қай жерде өсірілді, дайындалған және жеткізілген күні, егер пестицидтерден таза болса ол туралы анықтама берілсе, егер зиянды ағза табылса, мемлекеттік органдар тез арада таралу аймағын анықтап, төтенше шаралар жүргізу жүзеге асырылуы мен осы партиямен келген өсімдіктер таралу аймағын анықтау шараларын жеделдетуге ықпалдастық болар еді.

Түркия Конституциясында әрбір тұлға тепетеңдік сақталған сау қоршаған ортада тұруға құқылы, мемлекет пен оның азаматтарына қоршаған орта тазалығын жақсарту мен оның ластануын болдырмау міндетті жүктеледі деп көрсетілген [213]. Түркия Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздік заңнамасы Конституциямен қатар, 2010 жылы 6 қарашада қабылданған Түркия Республикасының «Ветеринарлық қызмет, өсімдік саулығы, азық-түлік пен азық қоспалары туралы» №5996 Заңнан және т.б. заңнамалардан тұрады [214]. Көрсетілген Заң қоршаған ортаны қорғай отырып, азық-түлік пен азық қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қорғау, қоғамдық денсаулық сақтау, жануарлар мен өсімдіктер саулығын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылданды. Түркияның Ауыл шаруашылық және ауыл істері бойынша Министрлігі зиянкестердің белгілі-бір аймаққа таралуы туралы күдік туындаған сәтте барлық тиісті іс-шараларды қабылдау мен іске асыруға, зиянды ағзалардың көбеюі мен таралуын болдырмауға бағытталған барлық іс-шараларды қамтамасыз етуге құқығы бар. Мұндай жағдайда белгілі бір жерлерге егін егуге тыйым салу мен шектеу, өсімдік өнімдерін сатуға тыйым салу сияқты әрекеттерге рұқсат етілген. Жоғарыда аталған заңның 17-бабына сәйкес өсімдіктер, өсімдік өнімдері мемлекетке экспортқа шығарылу, импортпен әкеліну және тасымалдау кезінде өсімдік паспорты болуы талап етіледі [214].

Еркін аймақтарды қоса, Түркияның кедендік аймағына кіру, өсімдіктердің, өсімдік өнімдерінің және басқа заттардың транзит режиміне бағыну және олардың Түркияның кедендік аймағынан, оның ішінде еркін аймақтардан шығуы ресми бақылауға алынады. Фитосанитариялық бақылау өсімдіктерді,

өсімдік өнімдерін ресми бақылау жергілікті жерде тексеру, зертханада сынамаларды іріктеу және тексеру арқылы немесе сынамаларды іріктеу арқылы зертханада егжей-тегжейлі зерттеу үшін жасалған сараптама қорытындысында арнайы құжат, декларация, сертификат түрінде инспектормен рәсімделеді.

Ауыл шаруашылығы карантинін басқару бөлімі, ғылыми-зерттеу институттары, Орман шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу институттары және министрлік жанындағы ғылыми-зерттеу институттарының басқа бөлімдері өсімдіктердің, өсімдік өнімдерінің фитосанитарлық жағдайын зертханалық талдауды жүргізеді.

Инспектордың фитосанитарлық бақылау жүргізу барысында кез-келген орынға кедергісіз кіруіне, өсімдіктерді, өсімдік өнімдерін және басқа заттарды ресми бақылау үшін сынамалар алуға құқығы бар. Меншік иесі ресми тексерулер кезінде кез-келген көмек көрсетуге, бақылаудың минималды талаптарын ұсынуға ыңғайлылықты қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндетті.

Түркия Республикасына әкелінетін өсімдік және өсімдік өнімдерін фитосанитарлық бақылау үш кезеңмен жүзеге асырылады:

1. өсімдік партиясын құжаттық тексеру;
2. жүк тасымалдаушының жеке басын тексеру;
3. өсімдіктердің жағдайын тексеру.

Құжаттық тексеру дегеніміз – бұл фитосанитарлық сертификатты, тиісінше рәсімделген тасымалдауға арналған өтініш хатқа қоса тіркелетін құжаттарды тексеру. Декларацияны тексеру өтінішке қосымшаларда ұсынылған құжаттарға сатып алынатын өнімнің сәйкестігін тексеруді білдіреді.

Өсімдіктердің жағдайын тексеру - бұл өсімдіктер, өсімдік өнімдері мен импорттауға арналған басқа заттардың, олардың орамаларының және көлік құралдарының, қажет болған жағдайда карантинге жатқызылатын зиянды ағзалардың жоқтығын анықтау үшін құжаттар мен декларацияларды бақылау аяқталғаннан кейін жүргізілетін ресми бақылау. Өсімдіктер мен өсімдіктер өнімдерінен басқа тауарларды тасымалдауға қолданылатын ағаш орам материалдарына ресми бақылау заңнама аясында кедендік әкімшіліктермен бірлесіп жүзеге асырылады. Жолаушылар жеке тұтыну үшін үш килограмнан аспайтын мөлшерде тасымалданатын жаңа піскен және кептірілген жемістер мен көкөністерге, коммерциялық емес мақсаттар үшін келетін гүл шоқтары және тұтыну мақсаттары үшін шет елдердегі жеке және заңды тұлғалардың ресми департаменттерге немесе органдарға, қайырымдылық мекемелеріне қайырымдылық ретінде жіберу үшін Министрлік бекіткен өсімдіктер мен өсімдік өнімдері үшін фитосанитариялық сертификат талап етілмейді [215].

Түркияда өсімдік карантинін нормативті құқықтық реттеу ережелеріне сай, ел аумағында кездеспейтін немесе тек шектеулі аймақтарда импортталған өсімдік материалдары арқылы кездесетін кез-келген өсімдіктер аурулары мен зиянкестерінің енуіне жол бермеу үшін мұқият тексерулер жүргізу міндеттелген. Сонымен бірге, Түркия аумағында өсетін өсімдіктерде өсімдік аурулары мен зиянкестердің таралуын болдырмауға бағытталған ішкі карантин ережелері де бар. Өсімдіктерді, өсімдік өнімдерін және басқа заттарды

импорттағысы келетін, Түркия аумағына тасымалдаушылар, жеке және заңды тұлғалар немесе олардың заңды өкілдері Бас басқарма белгілейтін импорттық өтінім үлгісімен Дирекцияға жүгінеді. Барлық импорттаушылар немесе олардың заңды өкілдері электрондық ақпараттық жүйеде тіркеледі және оларға тіркеу нөмірлері беріледі. Барлық импорттаушылар немесе олардың заңды өкілдері жақын уақытта тиісті әкімшіліктерге дақылдардың, өсімдік өнімдерінің және басқа заттардың импорты туралы хабарлайды. Бұл хабарлама теңізбен ұшудан кем дегенде 24 сағат бұрын, әуе арқылы келгенге дейін кемінде 4 сағат, автомобиль мен теміржолмен жөнелтілгенде келінен 12 сағат бұрын берілуі керек:

- импорттық тексерістер кезінде құжаттардың дұрыс реттелгендігін және нақты өсімдіктер мен өсімдік өнімдерінің көрсетілген елге кіруге тыйым салынбағандығын тексеру.

- декларацияны бақылау - өтінішке қосымшада көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде өтінім талап етілетін өнімге сәйкестігі тексеріледі.

- өсімдіктердің саулығын бақылау - құжаттарды толтырғаннан кейін өсімдіктер, өсімдік өнімдері және басқа заттар, контейнерлер мен көлік құралдарында зиянкестердің, карантиндік объектімен зақымданған өсімдіктердің кездеспейтіндігін тексеру [215].

Түркиядағы өсімдіктерді қорғау пестицидтерді авторизациялау, өндіру, импорттау, өткізу және бақылау рәсімдері Еуропалық Одақтың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. «Фермадан үстелге дейін» қауіпсіз азық-түлікпен қамтамасыз ету және жаңа піскен жемістер мен көкөністерде кездесетін пестицид қалдықтары мәселесін шешу үшін 2012 жылдан бастап Министрлік бақтар, жүзімдіктер, егістік алқаптар мен жылыжайлар сияқты өндірістік аудандарда пестицидтерді өнімді жинауға дейін бақылау жүргізеді. Бақылау нәтижесінде пестицидтердің қолданылуы мөлшерін сақтамаған өнім иелеріне әкімшілік айыппұл салынады. Жаңа піскен жемістер мен көкөністердегі пестицидтердің қалдықтарын ресми бақылау бүкіл ел бойынша азық-түлік өнімдерін бақылаудың жылдық жоспарының бөлігі ретінде жүзеге асырылады [216, p. 483].

Түркия үшін ауыл шаруашылық секторы ең үлкен жұмыс беруші және елдің ЖІӨ-нің артуының негізгі көзі болып отыр, 2019 жылы ЖІӨ-нің 6,47 пайызын аграрлық сектордан түскен пайда құрады [217]. Түркия аграрлы мемлекет ретінде өсімдіктерді қорғау және карантині мәселесіне азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі және шешуші факторы ретінде қарастырады, сондықтан жыл сайын Еуропалық Одақ стандартына сәйкес фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында заңнамалық базаны жетілдірілуде. Бұл өз кезегінде, оның әлемдік нарықтағы позициясын нығайтуға мүмкіндік береді [218, 333 б.]

Грузия заңнамасының басқа елдерден ерекшелігі өсімдік қорғау, ветеринария, азық-түлік қауіпсіздігін ретейтін құқықтық нормалар топтастырылып кодификациялануында болып отыр. 2012 жылы 8 мамырда Азық-түлік, жануарлар азығы, ветеринария мен өсімдіктерді қорғау қауіпсіздігі туралы Кодекс қабылданып, адам өмірі мен денсаулығын қорғау,

тұтынушылардың құқығын қорғау, жануарлар мен өсімдіктер саулығын қорғау, Азық-түлік, жануарлар азығы, ветеринария мен өсімдіктерді қорғау қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың ұтымды жүйесін қалыптастыру мен мемлекеттік реттеудің бірыңғай қағидаларын анықтауды бұл нормативтік құқықтық акті басты мақсат ретінде бекіткен. Грузияда Ауыл шаруашылық Министрлігімен қатар, Азық-түлік, жануарлар азығы, ветеринария мен өсімдіктерді қорғау қауіпсіздігі бойынша Агенттік құрылған. Аталмыш агенттікке агрохимикаттар мен пестицидтердің адам, жануар, өсімдікке зиянды әсері туралы ақпараттың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті жүктелген [219]. Грузияның өсімдік өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасы бойынша реттеуші қатынастар саласындағы заңнаманы кодификациялауды енгізу оң тәжірибе болып көрінеді [220, р. 545]. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы халықаралық заңнаманы зерттей келе, фитосанитарлық қауіпсіздіктің сақталуы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігімен, азық-түлік өнімдерінде, өсімдік өнімдерінде өсімдік аурулары мен зиянды ағзалардың болмауына, мемлекет аумағында зиянды ағзалардың таралмауына бағытталған. Түркия, Грузия елдерінде фитосанитарлық қауіпсіздікті жеке дара алып қарастырмайды, азық-түлік, ветеринарлық қауіпсіздікпен бірге ортақ кодификацияланған актімен реттеледі.

Канада, АҚШ, Еуропалық Одақ елдерінде халықтың тұтынып отырған азық-түлігінің сапасы және құрамы жайлы ақпаратқа қол жеткізу құқығының жүзеге асырылу тетіктерінің болуымен ерекшеленеді. Тұтынушылардың экологиялық таза өнімге қол жеткізуінің құқықтық тетігі мәселесінде шет ел мемлекеттерінің тәжірибесінен - Түркияның өнім құрамындағы пестицидтерді үнемі қатаң бақылауда ұстауы, Дания тәжірибесіндегі сауда орындарының өсімдік зиянкестерінен таза қауіпсіз екенін «смайликтер тізбесі» арқылы белгілеу мен тұтынушыларға өнім туралы ақпараттың қолжетімділігі, АҚШ-тың мектеп деңгейінен бастап оқушыларды фитосанитарлық сауаттылыққа міндетті мемлекеттік стандартпен оқытуы, Еуропалық Одақ заңнамасындағы өсімдіктер паспортын енгізу тәжірибесін ұлттық фитосанитарлық заңнамада трансформациялауды ұсынамыз.

3.3 Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру және Еуразиялық Экономикалық Одақ аясындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері

Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастық негіздері халықаралық шарттармен қатар, халықаралық келісімдерде де бекітілген, олардың қатарына 1994 жылғы БҰҰ құру туралы Марракеш Келісімі, 1994 жылғы Көпжақты сауда келісімдері туралы Уругвай раунды, Санитарлық және Фитосанитарлық шараларды қолдану бойынша келісімдер және т.б. кіреді.

1994 жылғы БҰҰ-ын құру туралы Марракеш Келісінде БҰҰ-ның құрылу мақсаттары болып экономикалық, сауда қатынастарын реттеу, қоршаған ортаны қорғау мен сақтауға көмек көрсету танылған. Бұл мақсаттарға жету

саудадағы кедергілерді азайту бойынша өзара келісімдерге қол жеткізу арқылы мүмкін болады [221].

1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық сауда саласындағы реттеуші орган Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуымен Уругвай раундында фитосанитарлық қауіпсіздік саласында Санитарлық және Фитосанитарлық шаралар бойынша келісім (СФС) қабылданды. Халықаралық саудада импортталатын тауардың қауіпсіздігі адам мен жануарлар үшін тамақта, жануарлар азығы құрамында зиянды заттардың кездеспеуімен, ал жануарлар мен өсімдіктерде зиянкестердің, аурутудырғыш ағзалардың кездеспеуімен сипатталады. Тауар қауіпсіздігі үшін онда зиянды ағзалардың болмауын нарыққа тауар түспес бұрын тексеру мен бақылау санитарлық және фитосанитарлық шаралар деп танылады. Бұл шаралар жүкпен, көлік құралымен, азық-түлікпен зиянды ағзалар, арамшөптер, ауру тудыратын ағзалардың таралуын болдырмау мақсатында қолданылатын іс-шаралардан тұрады [222].

СФС келісімінің мақсаты халықаралық саудада адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің саулығын қорғау болып табылады. Бұл келісімнің мәні күнделікті халық тұтынатын азық-түлік құрамында тағамдық қоспалардың, ластаушы заттардың, пестицид пен ветеринарлық препараттардың қалдығының мөлшерін бақылау мен тамақ өнімдерінің сапасына жоғары талаптар қою арқылы адам өмірі мен денсаулығына келтіретін зиянды, жануарлар мен өсімдіктер үшін аурулардың салдарынан туындайтын экономикалық және биологиялық шығынды азайту, сонымен қатар, ДСҰ адам, жануар және өсімдіктер саулығын сақтауда

1. Адам өміріне қауіпті аурулардың таралу тәуекелінің алдын-алуға бағытталған санитарлық-шаралар;

2. адам мен жануар өмірі мен денсаулығына қатысты: тұтынатын азық құрамындағы токсиндер, ауру тудырушы ағзалар, қоспалардан адам мен жануар өмірін сақтау үшін қолданылатын шаралар, мысалы: өсімдік қорғау мақсатында пайдаланылған пестицид қалдықтары тамақ, жануарлар азығы құрамында болуы түрлі ауруларға әкелуі мүмкін;

3. өсімдіктер мен жануарларға қатысты: зиянкестер мен аурулардан, ауру тудырушы ағзалардан қорғау үшін қолданылатын шаралар; мысалы: зиянды ағзаның ел аумағына енуі жаппай эпифитотия мен эпизотия тудырады;

4. басқа да мүмкін зияндардың алдын-алу үшін қолданылатын шаралар: зиянкестердің таралуынан өзге де мүмкін зияндар, мәселен фауна мен флораның сақталуын қорғау. Мысалы, бір ғана шегірткенің жаппай таралуы шабындық жерлердің бүлінуіне әкеледі. Бұдан өзге санитарлық, фитосанитарлық шараларға осы саланы құқықтық реттейтін барлық заңнамалық актілер, ережелер, қаулылар жатқызылады [222].

ДСҰ СФС келісіндегі басты қағидалар:

- заңнаманы халықаралық стандарттарға үндестіру;
- мүше елдер арасында кемсітушілікке пен саудадағы жасырын шектеудің орын алуына жол бермеу;
- тәуекелді бағалау (ғылыми дәйектілік);

- эквиваленттілік;
- транспаренттілік;
- зиянкестерден немесе аурулардан таза аймақтар және зиянкестер мен аурулардың аз таралатын аймақтары жағдайларына бейімделу [222].

СФС келісінде заңнаманы халықаралық стандарттарға үндестіру мәселесіне баса назар аударылған, бұл жергілікті, яғни ДСҰ мүше елдер қабылдаған санитарлық, фитосанитарлық шаралар ДСҰ СФС келісіміне қайшы келмеуі тиіс. Мүше елдер өздерінің санитарлық, фитосанитарлық шараларын халықаралық стандарттарға негіздеуі тиіс. Бұл келісімде тамақ өнімдеріне белгіленетін стандарттар жиыны - Кодекс Алиментариус Комиссиясымен, ветеринарлық шаралар саласында - Эпизотия бойынша халықаралық бюромен, фитосанитарлық шаралар бойынша - Өсімдіктерді қорғау бойынша халықаралық конвенция Хатшылығымен қабылданған халықаралық стандарттарға сүйене отырып қолданылады. ДСҰ-ға мүше елдердің жергілікті санитарлық, фитосанитарлық шараларын ДСҰ стандарттарына үндестірудің мақсаты - санитарлық фитосанитарлық шараларда мүше елдер арасында кемсітушілікке пен саудадағы жасырын шектеудің орын алуына жол бермеу.

СФС келісімді қолданудағы басты қағидалардың бірі ғылыми дәйектілік болып табылады. Келісімге мүше мемлекеттер санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдануда адамның, жануардың, өсімдіктің өмірі мен денсаулығына ықтимал зиянды бағалау мен импорттаушы мүшенің аумағында зиянкестердің немесе аурудың ену, пайда болу немесе таралу ықтималдығын бағалауға негізделген тәуекелді бағалау әдістерін пайдаланады. Ғылыми дәйектілік мүше елдердің өз заңнамаларындағы СФС шараларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруде ғылыми дәйектелген негізде қатаңдатылған шаралар енгізуіне болады. Ғылыми дәйектіліктің болуымен басқа қауіпсіз, сапалы тауар тасымалына жол ашылып қана қоймай, «үш басты басымдық» адам, жануар, өсімдік саулығына назар аударылады, бұл үш басымдылықтың сақталуы азық-түлік қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі, экологиялық таза, қауіпсіз өнімге құқықты, әртүрлі аурулардың таралуынан флора мен фаунаны сақтауына тікелей әсер етеді.

Эквивалентік қағидасы бойынша мүше елдер басқа мүшелердің санитарлық және фитосанитарлық шараларын баламалы деп таниды, мүше елдер балалмалықты тану үшін бір-біріне кеңес бере алады және сынақтан өткізуге қолжетімділік береді.

Транспаренттілік қағидасының негізі СФС келісіміне мүше мемлекеттер және олардың санитарлық немесе фитосанитарлық шаралары туралы бір-біріне ақпараттар беруімен сипатталады, әрбір жаңадан қабылданған санитарлық немесе фитосанитарлық ережелер дереу жариялануы тиіс, басқа мүшелерге қолжетімді болуы керек, оларға байланысты сұрақтар туындағанда дереу жауап беретін ақпараттық орталықтар құруы тиісті.

Е.С. Аянбаевтың көзқарасы бойынша: «Зиянкестерден немесе аурулардан таза аймақтар және зиянкестер мен аурулардың аз таралатын аймақтары жағдайларына бейімделуде санитарлық, фитосанитарлық шараларды қолдануда әр аймақтың ерекшеліктері, сипаттамасы, климаты, зиянкестердің таралу

деңгейі ескерілуі тиіс, зиянкестерден таза аймақ, зиянкестер аз таралған аймақ екендігін экспорттаушы елдер дәлелдеп қана қоймайды, импорттаушыға бұл мәліметті тексеруіне, сынақ жүргізуіне қолжетімділік беріледі» [9, с. 88].

Өсімдіктер карантині және оларды қорғау бойынша халықаралық конвенциясы ДСҰ-ның СФС келісімінің қабылдануына байланысты қайта қаралып, ДСҰ-ның СФС келісіміне сәйкестендірілді. СФС Келісіміне сай БҰҰ Санитарлық, фитосанитарлық шаралар бойынша Комитеті, басқа елден әкелінетін өсімдіктер мен өсімдік өнімдерінен таралатын зиянды ағзалардың көбеюімен бірлесіп күресу аясында фитосанитарлық шаралардың халықаралық стандарттарын дайындайды, сонымен бірге, осы стандарттардың мүше елдерде үндестірілуі мәселесіне мониторинг жасап отырады, егер мүше елдер халықаралық стандарттар нормаларын ұстанбайтын болса, оған себеп негізделінуі тиіс.

СФС-шаралар барлық тиісті заңдарды, жарлықтарды, ережелерді, талаптар мен рәсімдерді: дайын өнім өлшемдерін; өндіріс процестері мен әдістерін; өнімді сынау, инспекциялау, сертификаттау және бекіту рәсімдерін; тасымалдау кезінде жануарларды немесе өсімдіктерді немесе олардың тіршілік етуі үшін қажетті материалдарды тасымалдауға байланысты тиісті талаптарды қоса алғанда, карантиндік талаптарды; тиісті статистикалық әдістер, сынамаларды іріктеу рәсімдері және тәуекелді бағалау әдістері туралы ережелерді және азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей байланысты буып-түю және таңбалау талаптарын қамтиды [223]

2015 жылы қараша айында Қазақстан 19 жылға созылған келіссөздер нәтижесінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымының мүше мемлекеті болды. ДСҰ-ға мүше болумен Қазақстан Республикасы санитарлық фитосанитарлық шаралар келісіміне қосылды. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу кеңістігіндегі кедергілерді жою мақсатында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мен Қазақстан Республикасының санитарлық және фитосанитарлық шараларды реттеу саласындағы заңнаманы Дүниежүзілік сауда ұйымының нормаларына сәйкес келтіру жұмыстарын жалғастыруда. Негізінен халықаралық стандарттарға сәйкес үндестіру мәселелері Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүшелік шеңберінде іске асырылуда.

Еуразиялық интеграция алғышарттары 1995 жылы Беларусь, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан мен Тәжікстан Кеден одағын құру туралы алғашқы келісімдерден бастау алады. 1995, 1999, 2007 жылдардағы келіссөздер бойынша Еуразиялық Кеден одағын құрылды. Тауарлар, қызметтер, капитал және еңбек қозғалысы еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылғы 29 мамырында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы мүшелікте Еуразиялық экономикалық одақ құрылған болатын. Одаққа кейіннен Армения және Қырғызстан кірді. Мүше мемлекеттердің аумақтары арасындағы тауарлардың еркін қозғалысы кедендік декларацияны қолданусыз және донорлық (көлік, санитарлық, ветеринарлық-санитарлық және карантиндік фитосанитариялық) бақылау арқылы жүзеге асырылады [224, с. 27].

Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы шартпен және Еуразиялық Экономикалық Одақ Комиссиясының қабылданған актілерімен және мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен карантиндік фитосанитариялық шаралар талаптары анықталады. Санитарлық, ветеринарлық-санитарлық және карантиндік фитосанитариялық шараларға Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы шарттың XI тарауы арналған, онда нормалар бекітілді. Сәйкесінше, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығын және ветеринарлық-санитарлық, карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздіктерді қамтамасыз ету мақсатында санитарлық, ветеринарлық-санитарлық және карантиндік фитосанитариялық шаралар саласында Одақ бірлескен келісілген саясат жүргізеді.

Еуразиялық экономикалық Одақ экономикалық интеграция аясындағы тауар, қызмет, капитал және жұмыс күшінің кедергісіз еркін қозғалысын қамтамасыз етуді мақсаты етіп алатын халықаралық ұйым болып табылады. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер фитосанитариялық шаралар саласындағы саясат пен құқықтық реттеу жүйесін үйлестіруде келісілген саясатты жүзеге асырып қана қоймай, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде осы саладағы ынтымақтастықты жандандыруға ұмтылысын білдіреді. Үйлестіру Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы регламенттері арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тауарлардың айналысы үшін бірыңғай талаптарды қамтамасыз етуге тиіс. Осы регламенттер жекелеген ұлттық заңнаманы қолдану қажеттілігінсіз тікелей Қазақстан аумағында қолданылады.

Интеграциялық бірлестік аумағында тауарлардың еркін қозғалысы азық-түлік қауіпсіздігін бақылау мен бағалау жүйесі дұрыс қызмет етуімен байланысты. Санитарлық және фитосанитарлық шаралар - одақ ішіндегі тауарлардың еркіндігі үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің бір бөлігі. Азық-түлік қауіпсіздігі елімізде жүргізіліп отырған саясаттың бір бөлігі ретінде тауарлардың еркін қозғалысының негізі болып табылады.

Еуразиялық экономикалық Одақ туралы шарттың XI бөліміне сәйкес, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық талаптар мен рәсімдер адам мен жануарлардың өмірі мен денсаулығын тамақ өнімдеріндегі, сусындардағы, азықтардағы және басқа да өнімдердегі ластаушы заттарды, уыттарды немесе ауру тудыратын ағзаларды қоспалардан туындайтын қатерлерден қорғау және мүше мемлекеттер үшін карантиндік маңызы бар объектілердің жануарлар және (немесе) өсімдіктер өніммен, жүктермен, материалдармен, көлік құралдарымен тасымалданып немесе таралған жағдайда олардың енуінен, тамыр жаюынан (бекіп бекітілуінен) немесе таралуынан келтірілген басқа да залалды болғызбау немесе шектеу қағидаттарына негізделеді [225].

Еуразиялық экономикалық комиссияға карантиндік фитосанитарлық шаралар саласындағы мынадай міндеттері Кеден аумағының карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мүше мемлекеттер аумағына

карантиндік зиянды ағзалардың тауармен енуін және таралуын болдырмау, нормативті құқықтық базаны халықаралық құқық нормаларымен үйлестіру, сонымен қатар, әкімшілік кедергілерді азайту жүктелген.

2017 жылдың 1 шілдесінен бастап:

- Еуразиялық экономикалық Одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізімі (182 объект: жәндіктер, кенелер, нематодтар, саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустар) [138] бекітілді.

- Еуразиялық экономикалық Одақтың бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптары (карантиндік өнімдерге және карантиндік объектілерге қойылатын талаптар) [135];

- Еуразиялық экономикалық одақта карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету тәртібі [140].

2017 жылдың 1 шілдесінен бастап Еуразиялық Экономикалық Одақта карантинге жатқызылған өнімді және нысандарына қолданылатын бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптар күшіне енді. Бұл талаптар Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №157 шешімімен мақұлданған болатын [226].

ДСҰ-ға мүше барлық елдерде азық-түлікті ресми бақылауды жүргізуді реттейтін халықаралық деңгейде ортақ ережелердің үйлестірілген жүйесін енгізді. ДСҰ СФС Келісіміне ЕАЭО заңнамасын үндестіру мақсатындам, Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері ДСҰ-ның СФС жөніндегі келісімінің 5-бабына сәйкес адам денсаулығы, жануарлар немесе өсімдіктер үшін тәуекелдерді бағалау негізінде (мән-жайларға қарай) және халықаралық стандарттарға сәйкес санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шаралар жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс [67]. ДСҰ-ның СФС Келісімін талдай келе, көптеген зерттеушілер бұл келісімнің жүзеге асырылуындағы кемшіліктерді атап өтеді, мысалы, Н.А. Чуйко «бұл келісім ережелері жүзеге асыруы үшін көптеген елдердің техникалық жарақтандыру, ресурстар мен инфрақұрылымы сәйкес емес, биотехнологиялар, гармондарды пайдалануға байланысты дауларды шешу бойынша органның шешімі қоғамдағы жағымсыз пікірге әкелді, СФС келісінде ғылыми белгісіздік жағдайындағы гендік түрлендірілген өнімдер саудасын реттеу мәселелері қарастырылмаған, сондықтан да бұл келісімнің орынына жаңа келісім қабылдау керек [227, с. 11-12]. Е.С. Аянбаев СФС келісімі тағам қауіпсіздігін сақтаудағы жағымсыз әсер етеді, бұл саладағы мәселелерді шешуге сәйкес құқықтық құрал болып танылмайды [9, с. 95]. Оксфордтық профессор J. Scott, СФС келісім туралы арнайы еңбегінде бұл келісім орындалуы үшін техникалық талаптар өте жоғары, олар дамушы елдер үшін қиындық тудыратындығын айтады [228, р. 465].

Амеркалық зерттеуші В.А. Silverglade, халықаралық азық-түлік саудасының өсуі жаңа қауіп-қатер туғызып отыр, тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін СФС келісіміне жасалған қарапайым реформалар жеткіліксіз болуы мүмкін, қазіргі кездегі азық-түлік қауіпсіздігі туралы халықаралық келісімнің реформасы ғана емес, мүлдем жаңа халықаралық қауіпсіздік туралы келісім қажеттігін айтады [229, р. 517-524.].

Кейбір зерттеушілер, СФС Келісімінің талаптарын орындау дамушы елдердің инфрақұрылымына сәйкес келмеуі мүмкін, оларға техникалық көмек көрсетілуі тиіс, дамушы елдердің өздері ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен тамақ өңдеушілеріне дамыған елдердің нарықтарында кездесетін СФС талаптарын орындауға мүмкіндік беретін институционалдық құрылымдар мен процедураларды енгізуі керектігіне тоқталады [230].

Қорытындылай келе, ЕАЭО заңнаманы ДСҰ-ның СФС келісіміне сәйкестендіру мәселелерін шешуде ДСҰ СФС келісімінің басты қағидаларын құқықтық актілерге енгізді. Бірақ, ветеринария және өсімдіктер карантині саласындағы құқық қолдану практикасының санитариялық және фитосанитариялық шараларын қолдану жөніндегі келісімнің ережелеріне сәйкес келтіру мәселелері неғұрлым проблемалы аспект болып қала береді. Атап айтқанда, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісімнің талаптарын орындау мақсатында зертханалардың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға байланысты, санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық және карантиндік қағидалар мен нормаларды халықаралық стандарттармен үйлестіру жүргізілуде.

3.4 Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру жолдары

Қазақстан ЕАЭО мүшесі болғандықтан осы бірлестік аясындағы фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері ЕАЭО қабылдаған заң актілерімен реттелуде, фитосанитарлық шаралар бойынша Еуразиялық Экономикалық Комиссия актілерімен реттеледі. Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамаларды жетілдіру мақсатында ЕАЭО-ға мүше елдердің фитосанитарлық қатынастарды реттейтін заңнамаларына ғылыми теориялық талдау жасау қажеттілігі туындайды. Заңгер-ғалымдар С.Ж. Айдарбаев, Ж.Т. Сайрамбаева, Е.С. Аянбаев Кеден Одағындағы, Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі, жекелей алғанда, Қазақстан Республикасындағы тамақ өнімдері мен тауар топтарының адам денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер саулығына қауіпсіздігі, тәуекелдерді бағалаудың ғылыми негізделген және теңгерімделген болуы, шектеу шараларының арақатынасын сақтау мәселелерін шешуге күш салу керектігін, Еуразиялық Экономикалық Одақтың құрылуымен халықаралық тәжірибенің барлық талаптарына жауап беретін санитарлық, ветеринарлық-санитарлық және фитосанитарлық шаралар бойынша бірыңғай кодификацияланған құқықтық база қалыптастырылатын көрсетеді [231, р. 40].

Қазақстанда аталған қатынастар өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдік ауруларынан қорғау саласындағы қызметтің құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық принциптерін айқындайды және егінді, оның сапасын сақтауға әрі Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асыруда адамдардың денсаулығы мен қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерін болдырмауға бағытталған «Өсімдік қорғау туралы» және Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің

құрамдас бөлігі болып табылатын өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудың құқықтық негізін, мақсаттарын, міндеттері мен принциптерін белгілейтін «Өсімдік карантині туралы» заң актілерімен реттеледі. Өсімдік қорғау туралы заң өсімдікті қорғау заңнамасымен зиянды және аса зиянды ағзалар реттелсе, ал өсімдік карантині туралы заңмен карантиндік объектілер реттеліп отыр. Белоруссияда бұл қатынастар бір ғана актімен «Өсімдіктер карантині және өсімдіктерді қорғау» Заңымен реттеледі және «өсімдік қорғау - аса қауіпті зиянды ағзалармен күресу бойынша және өсімдік қорғау құралдарымен айналыс тәртібін көздейтін құқықтық режим, өсімдік карантині өсімдіктер мен өсімдік өнімдерін карантиндік объектілерден қорғауға бағытталған шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим» деп өсімдік қорғау мен өсімдік карантині құқықтық режим ретінде көрсетілген [142].

Арменияда реттелетін карантиндік емес зиянды ағзалар мен реттелетін карантиндік объектілерді анықтау, олардың енуі мен таралуын болдырмау өсімдіктер мен өсімдік өнімдерінің өсіру, өндіру, сақтау, тасымалдау және нарыққа шығару барлық үрдісі бір ғана «Фитосанитария туралы» заңмен реттеледі. Заңда фитосанитария саласындағы мемлекеттік реттеу, пестицидтер мен агрохимикаттарды тіркеу мен қойылатын талаптар, ауыл шаруашылығымен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың міндеттері, өсімдік карантинін анықтау мен жоюға арналған іс-шаралар, өсімдіктерді, өсімдік өнімін және реттелетін заттарды уытсыздандыру мәселелері қарастырылған [232]. Ресей мен Қырғызстанда карантинді объектілерге қатысты өсімдік карантині туралы заңдар бар, өсімдік қорғау саласында жекелеген заң актісі жоқ. Көріп отырғанымыздай, ЕАЭО мүше елдердің фитосанитарлық заңмалары әртүрлі. Бірыңғай кедендік аумақ пен экономикалық кеңістік факторларын ескере отырып, Еуразиялық Экономикалық Одақтың және ұлттық заңнаманы, оның ішінде санитариялық және фитосанитариялық нормаларды одан әрі біріздендіру және үйлестіруді талап етіледі. Біз өз тарапымыздан, «Еуразиялық Экономикалық Одақтағы фитосанитарлық қауіпсіздік бойынша заңнама негіздері» қабылдануын ұсынамыз, бұл акті одаққа мүше елдердің фитосанитарлық заңнамаларды қабылдауда бірізділікті сақтауына әсер етеді, сонымен қатар, бұл актіде ЕАЭО кеден шекарасындағы фитосанитарлық карантиндік бақылауды жүргізу тәртібі мен фитосанитарлық талаптар, фитосанитарлық бақылау жүргізілетін карантиндік өнімдерінің тізбесі, ЕАЭО-карантиндік объектілердің бірыңғай тізбесі, фитосанитарлық лабораторияларға қойылатын талаптар, фитосанитарлық бақылау жүргізуге қажетті материалдық қамтамасыз ету, одаққа мүше елдердің бірлескен іс-қимылы алгоритмдері көрсетілуі тиіс. Бұл қатынастар қазіргі таңда ЕЭК шешімдері түрінде қабылданған, барлығын бір актіге жүйелеу дұрыс деп санаймыз.

Фитосанитарлық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес үндестіру мәселелері бойынша Қазақстанның «Өсімдік қорғау туралы» және «Өсімдік карантині туралы» заң актілерін жүйелеу арқылы бір ғана заңнамаға біріктірілуін ұсынамыз (Қосымша А), себебі, фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық стандарттармен зиянды ағзаларды санаттауда зиянды

ағзалар карантинді зиянды ағза және реттелетін карантиндік емес зиянды ағза болып бөлінеді. Климаттың өзгеруі мәселелесі фитосанитарлық қауіпсіздікпен тығыз байланысты болып отыр, ғаламдық жылыну салдарынан өсімдік аурулары мен зиянкестерінің жаңа түрлерінің пайда болуы мен таралуы туралы деректер көптеп кездеседі. Өсімдік аурулары мен зиянкестерінің бұрын кездеспеген түрінің табылуы карантинге жатқызылған және аса қауіпті, зиянды ағзалардың тізімін жаңартуды, онымен күресу тәсілдерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Еліміздің заңнамасына соңғы жылдары енгізілген фитосанитарлық тәуекелді талдаудың бұл ретте алар орны ерекше. Қоршаған ортаға қатысты фитосанитарлық тәуекелді талдау Фитосанитарлық іс-шаралар бойынша халықаралық стандарттармен (МСФМ 2, 11) реттеледі. Стандарттарда фитосанитарлық тәуекелді талдауды жүргізудің кезеңдері белгіленген:

1) дайындық кезеңі, ағза мен оның таралу аймағы мен жолдарын анықтаудан, қоршаған ортаға әсері мен экономикаға әсері туралы мәліметтер жинау кезеңі;

2) фитосанитарлық тәуекелді бағалау кезеңі;

3) фитосанитарлық тәуекелді басқару кезеңі.

Бұл талдау түрінің жүргізілу мақсаты – бұдан бұрын зиянды ағза болып танылмаған ағзаны карантиндік зиянды ағзаға немесе карантиндік емес реттелетін ағзаға жатқызуды ғылыми тұрғыдан анықтау, егер қауіпті ағза екені анықталса оның таралу, экономикаға келетін шығын мөлшерін биологиялық, ғылыми және экономикалық мәліметтерді қолдана отырып анықтайды, фитосанитарлық тәуекел жабайы флора мен қолдан өсірілген өсімдіктерге қатысты қолданылады.

«Реттелетін» деген терминнің қолданылуы ол ағзаға қарсы ресми күрес жүргізіледі дегенді ұғындырады. Халықаралық стандартпен карантиндік зиянды ағзалар (МСФМ 11) [233], реттелетін карантиндік емес ағзалар (МСФМ 21) [234] реттеледі. Бұлай бөлу оларға қолданылатын әдістерді таңдауға көмектеседі.

Фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық стандарттарда келесідей анықтамалар берілген: «Зиянды ағза дегеніміз - өсімдіктерге немесе өсімдік өнімдеріне зиянды өсімдіктердің, жануарлардың немесе патогенді агенттердің кез-келген түрі, әртүрлілігі немесе биотипі» [14]; «карантинді зиянды ағза - дегеніміз қауіп төнген аумаққа басым экономикалық мәнге ие, ресми күрес объектісі болып табылатын зиянды ағзалар» [14], «Реттелетін карантиндік емес зиянды ағзалар - тұқым және отырғызу материалында кездесетін, осы өсімдіктерді қолдануда экономикалық жол беруге болмайтын әсерге алып келуі мүмкін, импортталатын елдің аумағында реттелетін ағзалар» [14].

Зиянкестерді осылай бөлу классификациясын заңға енгізе отырып, фитосанитарлық қауіпсіздік саласында бір ғана жүйеленген заң актісін қабылдауымызға себеп болады. Себебі, фитосанитарлық заңнамаға ДСҰ СФС келісіміне, халықаралық фитосанитарлық шаралар бойынша стандарттарға талдау жасалғанда, қазақстандық заңнаманың халықаралық стандарттарға сай келуіне СФС ережелерін қолдану үшін өсімдік қорғау мен өсімдік карантині екі салаға бөліп қарастыру кедергі келтіреді.

Фитосанитарлық сертификаттау саласына келер болсақ, Еуразиялық экономикалық Одақтың кеден аумағына жалпы салмағы 5 килограммнан аспайтын жоғары фитосанитариялық тәуекелге жатқызылған карантиндік өнімді және де су, әуе, теміржол көлігінің пойыз вагондарының, автокөлік құралдарының, кеме, ұшақ, поезд бригадаларының мүшелері және авто көлік құралдарының жүргізушілеріне қол жүгімен Еуразиялық экономикалық Одақтың кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын үш букеттен аспайтын гүлдерді фитосанитариялық сертификатсыз әкелуге рұқсат етіледі [136]. Бұл мәселеге қатысты Еуропалық Одақ тәжірбиесіне сүйенер болсақ, 2019 жылдан бастап фитосанитарлық сертификат талап ету тәртібі күшейтіліп, ананас, какос, дуриан, банан және құрманы қоспағанда, басқа барлық өсімдіктерге: ағаш сүрегі, соя, бұршақ, картоп, жүгері, бидай, рапс тұқымдары, орхидея гүлі, кесілген гүл сабақтары, анар, қызанақ, тамыр көкеністер, түйнек өсімдіктер үшін фитосанитарлық сертификат болуы талап етіледі [235]. Біздің ойымызша, зиянды ағзалардың енуі мен таралуын болдырмау үшін ЕАЭО кеден шекарасы арқылы өткізілетін барлық өсімдіктерден қол жүгімен, багажбен әкелінгеніне, санына, салмағына қарамастан фитосанитарлық сертификат талап етілуі тиіс, бұл зиянкестердің ел шекарасына енбеуіне ықпал етеді.

ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінде Қоғамдық тамақтандыру орындарының реестрі, сәйкес келмейтін өнімдер тізілімі бар, алайда фитосанитарлық қауіпсіздік тұрғысынан да өсімдік өнімдерін өсіретін, тасымалдайтын, сататын ұйымдардың фитосанитарлық мәртебесі тексерілетін реестр жоқ, осындай ақпараттық жүйе жасалса деген ұсынысымыз бар, яғни бұл реестр мәліметтері фитосанитарлық сертификаттар беру, фитосанитарлық бақылау жасау кезінде тексерілсе, егер бұдан бұрын фитосанитарлық талаптарды бұзып, карантиндік өнімдер тасымалдаған ұйымдар болса, олардың өсімдік өнімдері жете тексерістен өтсе, өнім тасымалдануына белгілі бір мерзімге шектеу қойылса, таза өнім әкелуге деген талап күшейетін еді. Одан бөлек, зиянкестер таралған аумақтардың реестрі жасалса, онда зиянкестердің таралу шекарасы мен түрлері көрсетілетін болады.

2010 жылғы 18 маусымдағы «ЕАЭО-да өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы» [134], «ЕАЭО-ның кедендік шекарасы мен кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ереже туралы» № 318 Кеден одағы Комитеті шешімі [134] және «Өсімдіктер карантині туралы» ҚР Заңына [23] сәйкес, экспорттаушы елдің фитосанитариялық сертификатынсыз республика аумағына фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді әкелуге қатаң тыйым салынады.

Соңғы жылдары фитосанитарлық заңнаманы бұзу деректері көп тіркелген. 2020 жылдың қаңтар-тамыз айлары ішінде өсімдік карантині саласында 2,7 мың құқықбұзушылық тіркелген, ең көп кездесетін құқықбұзушылықтар жүктерді фитосанитарлық сертификатсыз, жалған сертификаттармен тасымалдау, фитосанитарлық сертификат берілген өсімдіктерге фитосанитарлық сараптама жүргізу барысында карантиндік объектілер табылуы орын алған. Экспорттаушы болып танылатын Өзбекстан, Ресей, Иран мемлекеттеріне жалпы саны 477

нотификация жолданған. ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі өсімдік өнімдерін фитосанитарлық сертификатсыз тасымалдауға ұмтылған елдердің «қара тізімін» жасаған [236].

Өсімдік карантині туралы және өсімдіктерді қорғау заңдарында өсімдік карантині мен қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылық ҚР заңдарында көздеген жауаптылықты көздейтін бланкеттік норма бар. Әдетте, бланкеттік нормалар басқа нормативті актілерге нақты бапты нұсқамай, жалпы сілтеме жасайды.

Әкімшілік Кодексте өсімдік карантині саласындағы заңнаманы бұзу туралы 400-бапта 1-бөлігінде: ҚР аумағына әкелінетін өнімнен талап етілетін фитосанитарлық талаптарды бұзу, фитосанитарлық қауіп жоғары өнімді фитосанитарлық сертификатсыз тасымалдау, импортталған өнімді фитосанитарлық талаптарды бұза отырып тасымалдау, карантиндік өнімді қарап тексеру мен екінші мәрте қарап тексеруге ұсынбау, зертханалық сараптама жасамас бұрын тұқымдар мен отырғызу материалдарын пайдалану мен сақтау талаптарын орындамау, арамшөптермен ластанған тұқым мен отырғызу материалдарын қолдану, облыс арасында карантиндік сертификатсыз тасымалдағаны үшін, 2-бөлігінде карантинді объектілермен зақымдалған өнімді ҚР аумағы әкелу мен мемлекетаралық тасымалдау, карантиндік өнімге шектеулерді сақтамау мен сату, ғылыми мақсаттардағы кенелер, нематодтар, тірі ағзаларды астық, техникалық, майлы дақылдармен тасымалдау және т.б. құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық белгіленген [237].

Өсімдіктер қорғау саласындағы әкімшілік жауаптылық фитосанитарлық есептілікті ұсынбау, пестицидтерді уытсыздандыру ережелерін бұзу және орындамау, оларды көметін арнайы орындар құрылысын жүргізу бойынша шаралар қолданбағаны үшін белгіленген (ҚР ӘҚТК403-бабы) [237].

Бұл құқықбұзушылық құрамына келер болсақ, объектісі фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастар. Объективті жағы - әрекет түрінде: карантиндік өнімді тасымалдау, әкелу, сату, жалған сертификаттар жасау түрінде [237, 400-бап], ал әрекетсіздік: карантиндік, фитосанитарлық сертификат және фитосанитарлық есептілік ұсынбау, фитосанитарлық мониторинг жүргізбеу, пестицидтерді уытсыздандыру жұмыстарын жүргізбеу [237, 403-бап] түрінде көрініс табады.

Субъектісі – жеке және заңды тұлғалар, арнайы фитосанитарлық іс-шаралар жүргізу жүктелген құзіретті органдар мен лауазымды тұлғалар болып саналады [236, 28-бап], жеке тұлғалар үшін 16 жасқа болу мен есі дұрыстық [236, 28-бап], заңды тұлғалар үшін құқықабілеттілігінің болуы маңызды, бұл жерде арнайы субъектке лауазымды тұлғалар мен заңды тұлғаларды жатқызуға, себебі лауазымды тұлғалар фитосанитарлық бақылау нысандарында фитосанитарлық мониторинг [237, 403-бап] жүргізуге міндетті, ал заңды тұлғалар фитосанитарлық есептілік тапсыруға міндетті.

Субъективтік жағы қасақаналық және абайсыздық, кінәнің болуымен түсіндіріледі. ӘҚТБ 400-бабының бірінші, үшінші бөлігі бойынша [237] істерді өсімдік карантині бойынша уәкілетті орган, екінші бөлігі бойынша істерді аудандық және оларға теңестірілген мамандандырылған соттар қарайды.

Өсімдік карантині бойынша уәкілетті орган [237, 705-бап] және өсімдік карантині бойынша уәкілетті органның [237, 707-бап] бұл әкімшілік істерді қарау нәтижесінде әкімшілік айыппұл салу құқығына ие.

Фитосанитарлық қауіпсіздікке байланысты әкімшілік жауаптылық белгіленетін даулар бойынша сот тәжірибесіне сүйенер болсақ, тәжірибеде көп істер әкімшілік құқықбұзушылықтың құрамы жеткіліксіз деп тоқталуы фактілері көп кездеседі, мысалы, 2016 жылы Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Ж.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты іс қаралған. Онда Астана қаласының аумағына Нидерландыдан әкелінген өнімде карантиндік ағза анықталған. Астана қаласы бойынша аумақтық инспекциясы ҚР ӘҚБтК 400-бабы 2-бөлігінің 1) тармақшасында көзделген құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне кінәлі [237] екенін көрсетіп хаттама толтырған. Залалды карантиндік тауарлар жойылған, қалған таза бөлігі қайтарылған. «Ж.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сот отырысында өсімдіктерді карантиндік ағзаны жұқтырмағанын, әуежайда жүк фитосанитарлық сараптамаға жіберілгенін, Нидерланды тарапынан жүк жөнелтуші тарап берген өнім өсімдік зиянкестерінен, ауруларынан таза екендігін дәлелдейтін фитосанитарлық сертификаттың бар екенін алға тартады. Сот істің мән-жайын зерттеп, «Ж.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сұраған прокурордың қорытындысын тыңдап, оның әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатты. Себебі, бұл жерде құқықбұзушылық құрамында кінә элементі жоқ, барлық әрекет заңға сәйкес іске асқан, өнімнің фитосанитарлық сертификаты бар, жүк кеден шекарасында әуежай қоймасында сақталды, кедендік рәсімдеу соңына дейін аяқталмады, жүк республика аумағына кіргізіліп, тасымалданып, сатылмады. Кеден органдары ЕЭК-ке хабарлап, ЕЭК тауар жіберілген мемлекетке нотификация жолдайды [238].

Тұрғын халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мен ауыл шаруашылығы өнімдері экспортында астықтың алар орыны ерекше. Экспортталатын астықта фитосанитарлық сертификат, өнімнің сапасына байланысты сәйкестендіру құжаттары болуы талап етіледі, бұл құжаттарда астықтың зиянды ағзалардан таза екендігі, ал астық паспортында оның қауіпсіздігі және сапасы міндетті түрде көрсетіледі. ҚР Әкімшілік кодексімен, «экспортқа арналған тиісті сапа сертификаты болмаған жағдайда жеке тұлғаларға - бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» [237, 401-бап]. Біздің ойымызша, бұл әкімшілік құқықбұзушылыққа тағайындалатын санкцияны қайта қарастырып, қатаңдату керек. ҚР «Астық туралы» және ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексіне астықты жинау мен сақтау, тасымалдау кезіндегі зиянды ағзалардың астық құрамына енуі мен таралуын болдырмауға байланысты фитосанитарлық талаптардың сақталуын қатаңдатуға байланысты толықтырулар енгізілу талап етіледі.

Қылмыстық заңда қылмыстық өсімдік аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзу үшін құқықтық жауаптылық белгіленген. ҚР Қылмыстық Кодексінің 327-бабы 2-тармағымен қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қылмыстық құқықбұзушылықтың құрамы: объектісі, субъектісі, объективті жақ, субъективті жақ, келтірілген зиян мен әрекет (әрекетсіздік) арасындағы себепті байланыс бар болуы тиіс [239].

Объектісі - өсімдік аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелер. Бұл ережелер өсімдік қорғау туралы заңнамада белгіленген.

Субъектісі - он алты асқа толған, есі дұрыс адам. Қазақстандық қылмыстық заңнамаға сәйкес заңды тұлғалар қылмыстық құқықбұзушылық субъектісі болып танылмайды.

Объективті жаққа осы қағидаларды орындауға міндетті тұлғаларды жатқызамыз. Объективті жағынан, диспозицияда көрсетілген ережелерді бұзу ережелерімен тыйым салынған әрекеттерді жасауда да, әрекетсіздікте де көрінеді (мысалы, табылған өсімдік зиянкестерін жою жөніндегі іс-шараларды жүргізбеу және т.б.). Диспозицияда көрсетілген ауыр зардаптардың басталуы қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты болып табылады, оған жеміс ағаштарының, жидек бұталарының, жүзімдік плантацияларының көп мөлшерде кесілуіне, егістіктердің жойылуына немесе едәуір алқаптардағы өнімділіктің төмендеуіне, жануарлардың улануы мен қырылуына және т.б. әкеп соққан зиянкестер мен аурулардың жаппай таралуы жатады [240]. Осы жерде өсімдік аурулары мен зиянкестерінің жаппай таралуын эпифитотия терминімен анықтап, ҚР Өсімдік қорғау туралы заңның 1-бабындағы заңда пайдаланылатын ұғымдар тізіміне мынадай редакцияда енгізілуі тиіс, «эпифитотия – өсімдіктің жұқпалы ауруларының жаппай таралуы мен өсімдік зиянкестерінің белсенділігінің жоғарылауы». Эпифитотия ауыр зардап болып табылады, себебі өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының таралуынан өсімдіктер ысырабы (өсімдіктердің мүлдем шықпай және өспей қалуы, өсімдік түрлерінің жойылуы, солып қалуы, өнімділігінің төмендеуі) болуы мүмкін, эпифитотия бір ғана мемлекет аумағына таралмай өсімдік аурулары мен зиянкестері бірнеше мемлекет аумағына қауіп төндіруі мүмкін, мұндай жағдайда панфитотия тудыруы белгіленеді. ҚР Қылмыстық Кодексінің 327-бабы 2-тармағына өзгерістер енгізіліп мынадай редакцияда баяндалуын ұсынамыз: «өсімдік аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды эпифитотия мен басқа да ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзу». Қылмыстық Кодекстің 3-бабында ауыр зардап ұғымы берілген, «ауыр зардаптар – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің

болуы; техногендік немесе экологиялық зілзаланың, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар» [239]. Осы зардаптар тізіміне эпифитотияға алып келуді қосу керек.

Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы құқықтық жауаптылық мәселелерінде, өсімдік өнімінде шекті мөлшерден асқан пестицид қалдықтары табылған жағдайда ауылшаруашылық кооперативін ғана емес, кооперацияны да құқықтық жауапкершілікке тарту қажет. (мысалы, айыппұл төлету, зиянды өтету, лицензиясын тартып алу, заңды тұлғаны тарату) [241, 106 б.].

ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңның 4-бабындағы көрсетілген ұлттық қауіпсіздік түрлеріне фитосанитарлық қауіпсіздік жатқызылып, «фитосанитарлық қауіпсіздік дегеніміз - қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған, адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдік дүниесін зиян тигізуі ықтимал зиянды ағзалардан (өсімдіктер зиянкестері, өсімдік аурулары мен арамшөптерден) қорғалуының жай-күйі» деген анықтамамен берілуі тиіс. Себебі, ҚР «Өсімдік карантині туралы» Заңда фитосанитарлық қауіпсіздікті ҚР Ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуінің құрамдас бөлігі [23] болып табылатындығы көрсетілген.

Эпифитотияның таралуы ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіретін болғандықтан, ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңға 6-баптың 1-бөлігінде ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлер тізіміне 18-тармаққа «экологиялық жағдайдың, оның ішінде ауыз су сапасының күрт нашарлауы, дүлей зілзалалар мен табиғи және техногендік сипаттағы өзге де төтенше жағдайлар, эпидемиялар, эпизоотиялар және эпифитотиялар» [37] деп толықтырылуы тиіс.

Қазақстанда әзірленіп жатқан Экологиялық Кодекстің жобасы [242] фитосанитарлық қауіпсіздік тұрғысынан өзгерістерді талап етеді. Экологиялық нормалау антропогендік қызметтен туындаған зиянды әсерлерді бағалауда экожүйенің тұрақтылығын сақтау, өсімдіктер биоәралуандылығының сақталуы басты назарда болуы тиіс. Цифрландыру үрдісінде фитосанитарлық мониторинг онлайн түрде жүргізілу тетіктері құқықтық бекітіліп, жаңа технологиялар жетістіктері арқылы мәліметтер базасы жасақталып, бейнекамера, геолокациялармен зиянкестердің таралу аймағы мен түрлері туралы бейне, фото ақпараттар компьютерлік желелерге тікелей, еш өзгерістулерсіз жүктеліп, ол ақпараттар автоматтандырылған жүйеге келіп түссе, тауарөндірушілер тарапынан зиянкестер мен оларға қолданған шараны жасырып қалу фактісі орын алуының алдын-алуға, сонымен бірге, уәкілетті органдар тиісті шешім қабылдауына ықпал етер еді. Жаңа Экологиялық Кодекс жобасында «жасыл экономикаға» көшу мен жаңа технологияларды өндірісте пайдаланған тұлғаларға ынталандыру шаралары онлайн фитосанитарлық мониторинг жүйесінің бағдарламасы мен техникалық құрал жабдықтары

енгізілген мекемелер мемлекеттік гранттар, салықтық жеңілдіктерді көздейтін нормалармен толықтырылуды қажет етеді.

Елімізде фитосанитарлық жағдай туралы орталықтандырылған жүйе тек уәкілетті органдар үшін ғана емес, өсімдік, бағбандық шаруашылықпен айналысатын, жалпы барлық өсімдік өнімін тұтынушыларға қолжетімді болса, яғни арнайы сайтқа кіріп, өсімдік өнімін өндірген тауар өндірушінің атауын енгізгенде оның фитосанитарлық есептілігі шығып тұрса, мысалы, пестицид, биоагенттер қолданған уақыты, мөлшері, таралған зиянкестер атауы. Бұл Орхус Конвенциясында [243] бекітілген экологиялық ақпаратқа құқықты қамтамасыз етер еді. Сонымен қатар, тауарөндірушілердің экологиялық таза өнім шығаруға деген ынталандыру шарасының бір түрі болып саналар еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері осы саладағы ұлттық және шет елдік заңнаманы талдай отырып, кешенді түрде зерттелді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде келесідей негізгі қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Фитосанитарлық қауіпсіздік дегеніміз - қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған, адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған ортаның, жануарлар мен өсімдік дүниесінің зиянды ағзалардан (өсімдіктер зиянкестері, өсімдік аурулары мен арамшөптерден) қорғалуының жай-күйі. Фитосанитарлық қауіпсіздік мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі және экологиялық, санитарлық, азық-түлік, ветеринарлық қауіпсіздік түрлерімен байланысы анықталды.

2. Фитосанитарлық қауіпсіздіктің құқықтық қамтамасыз етудің қалыптасуы мен даму кезеңдерін зерттей келе, фитосанитарлық заңнаманың халықаралық деңгейде қалыптасуы мен дамуын мынадай кезеңдерге бөліп қарастырылды:

- бірінші кезең, тұңғыш рет халықаралық деңгейде 1878 жылы 1 қыркүйекте Берн қаласында Филлоксераға қарсы қажетті шаралар мәселелері бойынша халықаралық конвенцияның қабылдануымен, 1905 жылы 7 маусымда Халықаралық ауыл шаруашылық институты құрылуымен, өсімдік карантині мәселелерінің халықаралық деңгейде алаңдатушылық туғызып, ортақ келісілген конвенциялардың (1881 жылы Бернде, 1910, 1929 жылдары Римде, 1914 жылы Францияда, 1923 жылы Нидерланды) ұйымдастырылуымен байланыстырылады;

- екінші кезең, 1951 жылы 6 желтоқсанда Римде БҰҰ Азық-түлік және Ауыл шаруашылық ұйымында Өсімдіктерді қорғау бойынша Халықаралық Конвенция қабылданып, оған сай аймақтық және ұлттық өсімдік карантині мен қорғау ұйымдарының қызметтері ұйымдастырыла бастады;

- үшінші кезең, 1995 жылдың 1 қаңтарындағы Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылып, онда Санитарлық және Фитосанитарлық шаралар бойынша келісімнің қабылдануымен Өсімдік карантині мен қорғау бойынша Халықаралық Конвенция мәтіні 1997 жылы қайта қаралуы, конвенцияға мүше елдердің фитосанитарлық заңнамасын халықаралық стандарттарға сай сәйкестендірілуімен ерекшелінеді.

3. Қазақстандағы фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың қалыптасу кезеңдерін төмендегіше жіктеу ұсынылады:

- Кеңестік кезеңге дейінгі фитосанитарлық заңнаманың пайда болуы және қалыптасуы кезеңі; патшалық Ресей заңнамасында филлоксераның таралуымен байланысты өсімдіктерде зиянды ағзалардың таралуын шектеуге бағытталған құқықтық актілер қабылдануы, бұл ережелердің Ресей империясы құрамындағы Қазақстан үшін міндетті болды;

- Кеңестік кезеңдегі фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың дамуы кезеңі; 1931 жылы ауыл шаруашылық зиянкестері, аурулары мен

арамшөптермен күресу үшін елімізде Бірыңғай карантиндік қызмет құрылды, арамшөптермен, зиянкестермен және ауыл шаруашылық өсімдіктердің ауруларымен күрес саласында бірқатар құқықтық актілер қабылданды;

- Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретінде фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының қалыптасуы мен дамуы кезеңі. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясымен өсімдіктер құқықтық реттеу объектісі болып танылды, арнайы актілер 1999 жылы 11 ақпанда қабылданған «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, 2002 жылы 3 шілдеде «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңында фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымы анықталды, бірнеше агроөнеркәсіпті дамыту саласында бағдарламалар қабылданды.

4. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қағидалары дегеніміз - республика аумағын зиянды ағзалардың (өсімдік зиянкестері, аурулары және т.б.) енуі мен таралуынан қорғау саласындағы құқықтық түрде бекітілген жетекші бастамалар жүйесі.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қағидалары:

- фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысындағы адам өмірі мен денсаулығының басымдығы;

- фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы экономикалық және экологиялық мүдделердің үйлесімділігі;

- өсімдіктерді қорғауда қоршаған ортадағы экожүйенің тепе-теңдігі сақталуын қамтамасыз ету;

- фитосанитарлық тәуекелді талдау кезінде биоәралуандылықтың сақталуының басымдығы;

- мемлекеттік билік органдары мен заңды, жеке тұлғалардың қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптастыруға жауаптылығы.

5. Халықаралық сауданың қарқынды дамуымен зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің көбеюі, оның ішінде, карантиндік ағзалардың таралуы ауқымы мен түрлерінің көбеюіне байланысты халықаралық және ұлттық заңнамада көптеген өзгерістер мен жаңа нормативті құқықтық актілердің көптеп қабылдануымен фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қатынастары тек аграрлық, экологиялық заңнама ғана емес, сонымен қатар, кеден, санитарлық, әкімшілік, қылмыстық, орман, жер және т.б. заңнамалардың нормаларын қамтып, фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормалары аграрлық және экологиялық құқық жүйесіндегі өз орны бар, кешенді және салааралық құқық институты ретінде дәлелденді.

6. Мемлекет Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу саласында қолайлы фитосанитарлық ахуал қалыптастыру үшін, ел аумағына карантиндік объектілердің енуі мен таралуының тәуекелінің алдын-алу мақсатында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын органдардың қызметін үйлестіреді. Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы органдар жүйесі құзіреттілігіне байланысты - жалпы құзіретті,

арнайы күзiреттi және функционалды күзiреттi, ал аумақтық бағыныстылыққа байланысты республикалық, аумақтық (облыстық) және жергiлiктi (аудандық) деп топтап қарастырылды.

7. Фитосанитарлық қауiпсiздiктiң ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары - фитосанитарлық мониторинг, фитосанитарлық сараптама, фитосанитарлық сертификаттау, фитосанитарлық бақылау (қадағалау), өсiмдiк қорғау құралдарының айналысын реттеу. Осы нысандарды жүзеге асыру жүзеге асыру мәселелерi мен оларды жетiлдiру туралы ұсыныстар жасалды.

8. Өсiмдiк қорғау құралдары ұғымына авторлық түсiнiк берiлдi: өсiмдiк қорғау құралдары айналымы заңмен белгiленген тәртiпте жүзеге асырылатын өсiмдiктер дүниесiн зиянды ағзалардың керi әсерiнен қорғау, енуi мен таралуының алдын-алу, емдеу және залалсыздандыру мақсатында пайдаланылатын құралдар жүйесi.

9. Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық анықтамасы берiлiп, халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың нысандары бөлiп көрсетiлдi: шарттық нысанда Өсiмдiк карантинi мен қорғау бойынша Конвенциясы, Дүниежүзiлiк Сауда Ұйымының Санитарлық және фитосанитарлық шаралар бойынша келiсiмi және т.б. шарттардың қабылдануы, оған мемлекеттердiң мүше болуы, мүшелiк негiзiнде мiндеттемелер алуы және т.б. жүзеге асырылады; ұйымдастырушылық нысаны фитосанитарлық қауiпсiздiк мәселелерiне байланысты Халықаралық Өсiмдiк карантинi мен оларды қорғау бойынша Конвенция қауымдастығымен өткiзiлген халықаралық iс-шараларды, мысалы соңғы онжылдықта Жапонияда Зиянкестерден таза аудандар мен эпидемиологиялық қадағалау жөнiндегi Симпозиум, «Бiр белбеу, бiр жол» Қытай бастамасы елдерiнiң симпозиумы, Халықаралық өсiмдiк карантинi мен қорғау конвенциясына мүше елдер сарапшылардың кеңесi пiкiрталастар, дөңгелек үстелдер, жаһандық симпозиумдарды өткiзу арқылы ұйымдастырылады.

11. Фитосанитарлық қауiпсiздiк саласындағы халықаралық шарттар мен халықаралық ұйымдардың актiлерi халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың қайнар көздерiн құрайды, бұл қайнар көздердi негiзгi және қосымша деп екiге бөлiп қарастырылады. Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықтың негiзгi қайнар көздерiне Өсiмдiк карантинi және қорғау бойынша халықаралық конвенция, Санитарлық, фитосанитарлық шаралар бойынша ДСҰ келiсiмi және Қазақстанның басқа елдермен жасасқан өсiмдiк карантинi бойынша мемлекетаралық шарттары, ал қосымша қайнар көздер түрлерiне 1989 ж. Қауiптi қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясы, 1992 ж. Биологиялық әртүрлiлiк туралы Конвенция, 1998 жылғы Халықаралық саудадағы жекелеген қауiптi химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын-ала негiзделген келiсiм рәсiмiн қолдану жөнiндегi Роттердам конвенциясы, 2001 жылғы Тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы және т.б. халықаралық конвенциялар жатқызылатындығы ерекшеленiп көрсетiлдi.

Зерттеу жұмысының нәтижелерiн қолдану туралы ұсыныстар:

1. Фитосанитарлық қауіпсіздікті мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, өсімдік зиянкестері мен ауруларының, арамшөптердің ел аумағына таралуы ұлттық қауіпсіздігімізге, сонымен бірге, «үш басты басымдық» адам өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер саулығына зиян келтірілуі, өсімдік өнімдерінің шықпай қалуынан, экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігіне келетін қатерлер ескеріле келе, «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңында фитосанитарлық қауіпсіздік жеке өз алдына қауіпсіздік түрі ретінде енгізілуі қажеттігі туындады.

2. «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңда ұлттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қауіп-қатерлер санатында экологиялық жағдайдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, эпидемиялар мен эпизоотиялар көрсетілген, осы тізімге өсімдік ауруларының жаппай таралуын білдіретін эпифитотияны да қосу қажеттілігін анықтады.

3. Пандемияның таралуы мемлекеттік басқару жүйесінің эпидемия, эпизоотия, эпифитотия сияқты індеттермен күресуге дайын еместігін көрсетті. «Үш басты басымдық» адам, жануар, өсімдік саулығын сақтау үшін Санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша тұрақты үйлестіруші орган құрылуы тиіс, яғни, тек төтенше жағдай орын алған сәтте ғана емес, тұрақты түрде министрліктердің (Ауыл шаруашылық, Қорғаныс, энергетика және табиғи ресурстар, Денсаулық сақтау министрлігі және т.б.) қызметін, шекара қызметінің, жергілікті басқару органдарының, ғылыми зерттеу институттарының, зертханалардың, бірлескен қызметін үйлестіріп, әрбір облыс, аудан, қалаларда адам, жануар және өсімдіктердің жұқпалы ауруларының таралуының алдын-алу, ауру таралған жағдайда қолданылатын шаралар алгоритмін айқындап, қажетті преператтар қоры, мамандар біліктілігін тексеріп отырылатын күзінет берілуі, бұл органға фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша фитосанитарлық мониторингті жүргізу, фитосанитарлық бақылау мен қадағалау, фитосанитарлық сараптаманы жүзеге асыру, фитосанитарлық нормалау, фитосанитарлық лицензиялау мен сертификаттау, өсімдік қорғау құралдарын мемлекеттік тіркеу саласындағы заңнамалық актілердің орындалуын қадағалау күзінеттері берілуі ұсынылған.

5. Қазақстандық фитосанитарлық сараптама саласын дамыту бойынша жүйелі іс-қимыл шаралар легін қабылдауды талап етеді: ғылыми-кәсіби дайындығы жоғары мамандар дайындау, халықаралық стандарттарға сай зертханалардың жабдықталуын қамтамасыз ету, сонымен бірге, осы саланы ұзақ мерзімді әлеуетті дамыту бағдарламасын қабылдау маңызды болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының фитосанитарлық заңнамасы бойынша пестицидтер, биоагенттер және техникалық құралдар өсімдік қорғау құралдарына жатқызылады, пестицидтер айналымын реттеуге арналған регламенттер, заң нормалары жеткілікті, ал, биоагенттер айналымы бойынша ұлттық заңнамада арнайы регламенттер кездеспейді, біз өз тарапымыздан, биоагенттер айналымын құқықтық реттейтін арнайы ұлттық регламент қабылдауды ұсынамыз.

7. Қоршаған ортаға, адам өміріне, денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер саулығына химиялық өсімдік қорғау құралдарынан келетін зиянды азайту мақсатында «фитосанитарлық нормалау» терминін заңнамаға енгізуді ұсынылған. Фитосанитарлық нормалау фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу барысында өсімдік қорғау құралдарын қолдану салдарынан адам өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің саулығына және қоршаған ортаға келген әсерді бағалауды білдіреді.

9. Адамның денсаулығы мен өмірін сақтау, ауыл шаруашылығындағы қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану шектеулі сипатта болуы қажет, яғни, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдануды арнайы мамандандырылған, қауіпсіз қолдану ережелері мен технологияларды игерген, біліктілігі жеткілікті тұлғалар жүзеге асыруы тиіс. Осы тұрғыда, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық айналымға «фитосанитарлық кәсіпкерлік» терминін енгізу ұсынылады. Фитосанитарлық кәсіпкерлік дегеніміз - негізгі қауіпті және зиянды карантиндік ағзамен зақымданған немесе зақымдалу тәуекелі бар өсімдіктерді залалсыздандыру үшін өсімдік қорғау құралдарының айналымы бойынша жұмыстарды атқару және қызметтер көрсету саласындағы лицензиялатын қызмет.

10. Тұрғын халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мен ауыл шаруашылығы өнімдері экспортында астықтың алар орыны ерекше. Астықтың құрамында зиянды ағзалар табылмаған жағдайда ғана экспорттауға рұқсат беріледі. Алайда, ҚР «Астық туралы» және ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексіне астықты жинау мен сақтау, тасымалдау кезіндегі зиянды ағзалардың астық құрамына енуі мен таралуын болдырмауға байланысты фитосанитарлық талаптардың сақталуын қатаңдатуға байланысты толықтырулар енгізілу талап етіледі.

11. Цифрландыру жағдайында халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі Конвенцияға мүше ұлттық ұйымдар елдер арасында электронды фитосанитарлық сертификаттармен алмасуды жеңілдететін, ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортының әлеуетін арттыруға, электронды құжат айналымын халықаралық деңгейде пайдалануға, өсімдік өнімдері сауда үрдістерін жеделдетуге, фитосанитарлық сертификат беру барысында зиянкестерден таза өнім ұсынуға деген сұранысқа әсер ететін орталықтандырылған жүйе «e-Phyto» хабына қосылуын ұсынылады. Бұл хабқа қосылу кеден шекаралары арқылы тасымалданатын карантиндік өнімдерді фитосанитарлық бақылау саласына фитосанитарлық сертификаттардың жалғандығы, өзгертілуі фактілерінің жолын кесу, база арқылы сертификатты тексеру, біздің елге импортталатын өсімдік өнімдеріне берілген басқа елдің фитосанитарлық сертификаттарын тексеруге мүмкіндік береді, пандемия жағдайындағы басты алдын-алу шарасы адамдармен тікелей байланыс, қағаз түріндегі құжат алмасу орын алмайды.

12. Тұтынушылардың экологиялық таза өнімге қол жеткізуінің құқықтық тетігін жетілдіру мәселесінде, Түркия Республикасының өнім құрамындағы

пестицидтерді үнемі қатаң бақылауда ұстауды заңнамалық бекіту, Дания мемлекетінің сауда орындарының өсімдік зиянкестерінен таза және қауіпсіз екенін «смайликтер тізбесі» арқылы белгілеуі мен тұтынушыларға өнім туралы ақпараттың қолжетімділігі бойынша тәжірибесін, АҚШ-тың мектеп деңгейінен бастап оқушыларды фитосанитарлық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында міндетті мемлекеттік стандартпен оқытуы, Еуропалық Одақ елдері заңнамасындағы өсімдіктер паспортын енгізу және т.б. оң нәтиже көрсеткен тәжірибелерін елімізге трансформациялау қажет.

13. Еуразиялық Экономикалық Одақ аясында, бірыңғай кедендік аумақ пен экономикалық кеңістік факторларын ескере отырып, Еуразиялық және ұлттық заңнаманы, оның ішінде санитариялық және фитосанитариялық нормаларды одан әрі біріздендіру және үйлестіру бойынша «ЕАЭО фитосанитарлық қауіпсіздік бойынша заңнама негіздері» қабылдануы қажеттілігі туындап отыр, бұл акті ЕОЭО-қа мүше елдердің фитосанитарлық заңнамаларды қабылдауда бірізділікті сақтауына әсер етеді, сонымен қатар, бұл актіде ЕАЭО кеден шекарасындағы фитосанитарлық карантиндік бақылауды жүргізу тәртібі мен фитосанитарлық талаптар, фитосанитарлық бақылау жүргізілетін карантиндік өнімдерінің тізбесі, ЕАЭО-карантиндік объектілердің бірыңғай тізбесі, фитосанитарлық лабораторияларға қойылатын талаптар, фитосанитарлық бақылау жүргізуге қажетті материалдық қамтамасыз ету, одаққа мүше елдердің бірлескен іс-қимылы алгортимдерікөрсетілсе, бұл қатынастар қазіргі таңда ЕЭК шешімдері түрінде қабылданған, барлығын бір актіге жүйелеуді қажет етеді.

14. Фитосанитарлық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес үйлестіру мәселелері бойынша Қазақстанның «Өсімдік қорғау туралы» және «Өсімдік карантині туралы» заң актілерін жүйелеу арқылы бір ғана заңнамаға біріктірілуі тиімді, себебі, зиянды ағзаларды санаттауда халықаралық стандарттар нормаларына сәйкес, зиянды ағзалар карантинді зиянды ағзаларға және реттелетін карантиндік емес зиянды ағзаларға бөлініп қарастырылады, осы санаттауға сәйкес оларға қолданылатын фитосанитарлық шаралардың түрі анықталып, зиянкестерді санаттау заңға енгізіле отырып, фитосанитарлық қауіпсіздік саласында бір ғана жүйеленген заң актісін қабылдау ұсынылады.

15. Өсімдік аурулары мен зиянкестерінің жаппай таралуын эпифитотия терминімен анықталады, ҚР Өсімдік қорғау туралы заңның 1-бабындағы заңда пайдаланылатын ұғымдар тізіміне мынадай редакцияда енгізілуі туарлы ұсыныс жасалған: «Эпифитотия – өсімдіктің жұқпалы ауруларының жаппай таралуы мен өсімдік зиянкестерінің белсенділігінің жоғарылауы».

16. Эпифитотияның таралуы ауыр зардап болып табылады, себебі өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының таралуынан өсімдіктер ысырабы (өсімдіктердің мүлдем шықпай және өспей қалуы, өсімдік түрлерінің жойылуы, солып қалуы, өнімділігінің төмендеуі) болуы мүмкін, эпифитотия бір ғана мемлекет аумағына таралмай өсімдік аурулары мен зиянкестері бірнеше мемлекет аумағына қауіп төндіруі мүмкін, мұндай жағдайда панфитотия тудыруы белгіленеді. Осы тұста, эпифитотияның таралуы қауіптілігіне байланысты, ҚР Қылмыстық Кодексінің 327-бабы 2-тармағына өзгерістер енгізіліп мынадай редакцияда баяндалуын ұсынылады: «өсімдік аурулары мен

зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды эпифитотия мен басқа да ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзу». Қылмыстық Кодекстің 3-бабында ауыр зардап ұғымы берілген, «ауыр зардаптар – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзаланың, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар». Бұл жерде көрсетілген зардаптар тізімі «эпифитотияға алып келу» сөзімен толықтырылуы қажет.

17. Фитосанитарлық қауіпсіздік тұрғысынан да өсімдік өнімдерін өсіретін, тасымалдайтын, сататын ұйымдардың фитосанитарлық мәртебесі тексерілетін реестр жоқ, осындай ақпараттық жүйе жасалса деген ұсыныс берілген, яғни бұл реестр мәліметтері фитосанитарлық сертификаттар беру, фитосанитарлық бақылау жасау кезінде тексеріліп, егер бұдан бұрын фитосанитарлық талаптарды бұзып карантиндік өнімдер тасымалдаған ұйымдар болса, олардың өсімдік өнімдері жете тексерістен өтіп, өнім тасымалдануына белгілі бір мерзімге шектеу қойылып, таза өнім әкелуге деген талап күшейтілуі тиіс. Одан бөлек, зиянкестердің таралу шекарасы мен түрлері туралы мәліметтер жинақталған зиянкестер таралған аумақтардың реестрін енгізу керек.

18. Қазақстанда әзірленіп жатқан Экологиялық Кодекстің жобасына фитосанитарлық қауіпсіздік тұрғысынан, онлайн фитосанитарлық мониторинг жүргізу туралы, «жасыл экономикаға» көшу мен жаңа технологияларды өндірісте пайдаланған тұлғаларға ынталандыру шаралары онлайн фитосанитарлық мониторинг жүйесінің бағдарламасы мен техникалық құрал жабдықтары енгізілген мекемелерге мемлекеттік гранттар, салықтық жеңілдіктерді көздейтін нормалармен толықтырылуды, фитосанитарлық жағдай туралы орталықтандырылған жүйе, яғни арнайы сайтқа кіріп, өсімдік өнімін өндірген тауар өндірушінің атауын енгізіп, ол ұйымның фитосанитарлық есептілігіне қолжетімділік беру ұсынылады.

Зерттеу жұмысының қорытындыларын тәжірибеге енгізудің тиімділігі. Диссертациялық зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықшығармашылық қызметте нормативтік құқықтық актілер шығару мен осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметі барысында қолданылуы, осы саланы құқықтық реттеуде өз тиімділігін көрсетеді. Жоғары және арнайы заң оқу орындарында зерттеу нәтижесінде қол жеткізген ғылыми қорытындыларын

экологиялық, аграрлық, кеден құқығы пәндерінде, сондай-ақ, атты арнайы пән ретінде оқыту өзінің оң нәтижесін береді.

Қойылған мақсаттардың шешілуінің толықтығын бағалау. Нақты диссертациялық жұмыста қойылған міндеттер фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы теориялық тұрғыдан, ғылыми еңбектерді, нормативті тұрғыдан, ұлттық және халықаралық заңнамаларды талдай отырып, толықтай шешілді. Зерттеу жұмысында фитосанитарлық қауіпсізді қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері кешенді зерттелді. Осы саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

